Аннотация. В статье рассматриваются жанровая природа и структурные особенности прозаических текстов демонологического содержания в устной традиции тюркоязычных народов. Цель исследования – охарактеризовать тексты, основанные на традиционных верованиях, исторической памяти и мифологических представлениях народа, как самостоятельную жанровую систему и уточнить смысловые границы понятия «хикая». Материалом послужили произведения, вошедшие в сборник «Хикая тюркских народов», а также фольклорные тексты, собранные автором. В работе применены этнолингвистический, сравнительно-типологический и описательный методы. Жанровые признаки демонологических повествований сопоставлены с понятиями «демонологический рассказ», «быличка» и «меморат», используемыми в русском и западноевропейском фольклороведении. Установлено, что этим текстам свойственны система персонажей, связанных с традиционными верованиями, сюжеты о контакте человека с потусторонним миром, сакральные или опасные пространства – вода, дорога, гора, кладбище, безлюдная степь, мотивы соблюдения и нарушения запрета, а также повествование о событии как о действительно произошедшем. Существенным жанровым признаком является и свидетельская позиция рассказчика. Устойчивая связь между персонажем, местом и действием организует внутреннюю структуру хикая. Жын, пери, шайтан, албасты, жезтырнак, уббе, бичура и шурале формируют образную и поэтическую систему жанра. Результаты исследования позволяют уточнить место хикая в жанровой системе тюркского фольклора и определить его границы.

Благодарность: Работа выполнена в рамках проекта BR27101897 «Цифровая трансформация экосистемы литературоведения, фольклористики и искусствоведения Казахстана: междисциплинарные исследования».

Ключевые слова: демонологический рассказ, хикая, тюркский фольклор, жанровая самостоятельность, типология.

1. Кіріспе

Түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиетінде бұрын миф, аңыз, әпсана, хикая атауымен зерттеліп келген фольклорлық әңгімелер жанрлық тұрғыдан бірдей емес. Хикая жанрында өткен шақ пен бүгінгі шақты біріктірген синкреттілік сипатқа ие. Хикаяның өзегінде мифтік бастау байқалып, ескілікті заманның наным-сеніміне негізделген атам заманғы оқиға елес берсе, екінші жағынан бүгінгі күнге тиесілі тірі адамға қатысты әрекет көрініс табады. Мұндай мәтіндерде бірінші жақтан әңгімелеуші кейіпкер оқиғаның өмірде шын болғандығына, ақиқаттығына тыңдаушысын сендіре отырып баяндайды.

Көнеден жеткен прозалық әңгімелердің түп-төркінін анықтауда біршама кедергілерге тап боламыз. Кейбір мәтіндерде ертегі, миф, аңыз, хикая бір-бірімен астасып жатады. Хикая жанрына жатқызылып жүрген елді емдеген бақсы, желеп-жебеп жүретін аруақ туралы мәтіндер мен адамның үрей-қорқынышын тудыратын, наным-сенімге негізделген мәтіндердің құрылымы, негізгі өзегі бір басқа. Сондықтан да хикая деп топтаптастырылған фольклорлық мәтіндердің ішінен демонологиялық әңгімелерді жеке қарастыру, жанрлық ерекшеліктерін айқындау қажеттілігі туындайды. Жын, шайтан, пері, албасты, жезтырнақ, үббе секілді персонаждар туралы мәтіндер – демонологиялық әңгімелердің топтамасына енеді. Түркі фольклорындағы демонологиялық әңгімелерді жанрлық тұрғыдан жаңаша жіктеу – өзекті ғылыми мәселелердің бірі болып отыр.

Шындық пен қиял астасып келіп, адам санасының түп төркінінде қорқыныш туғызатын мұндай мәтіндер орыс фольклортануында «демонологический рассказ», «быличка» деп тақырыпталады, жанр ретінде қарастырылады. Өмірде болуы мүмкін емес оқиғаны сендіре отырып баяндау – демонологиялық әңгіменің басты жанрлық ерекшеліктерінің бірі. Баяндаушының өзі куәгер сипатында көрінеді. Батыс фольклортануында «меморат», «наным-сенімдік нарратив» (belief narrative) ұғымдары қалыптасқан термин ретінде қолданылады. Демонологиялық әңгімелерді «хикая» деп жалпылай беру халықаралық ғылыми дискурспен сәйкес келмейді әрі жанрлық жүйелеудің дәлдігін әлсіретеді. Қолдап, қорғау функциясын атқаратын персонаждар әрекеті байқалатын әрі қорқыныш туғызатын оқиғалардың өне бойында жүретін персонаждары бар әңгімелер – бір жанрға жатуы мүмкін емес. Тыңдаушының бойында үрей оятатын мұндай мәтіндерді «демонологиялық әңгіме» ұғымы аясында қарастыру – әлемдік фольклортануда орныққан ғылыми жүйемен сабақтастыра зерттеуге мүмкіндік береді. Зерттеу пәні – осы мәтіндердегі демонологиялық кейіпкерлерге құрылған жанрлық құрылым мен олардың функциялық сипаты.

Мақалада демонологиялық әңгімелердің мазмұндық құрылымы, кейіпкерлер болмысы, баяндалу сипаты, жанрлық қызметі қарастырылады. Осы бағытта түркі халықтарының ауыз әдебиетіндегі демонологиялық мәтіндер орыс пен батыс фольклортануындағы «быличка», «меморат», «наным-сенімдік нарратив» ұғымдарымен салыстырыла талданады. Қорқыныш туғызатын кейіпкерлердің ортасы, оқиға орны, үрей туғызатын сипаты, тыйым сала отырып, тыңдаушыны сақтандыруды көздейтіндігі жанрлық ерекшеліктерді айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижесінде халықтық наным-сенімге негізделген прозаның дербес жанрлық қабатының ғылыми негіздемесі ұсынылды.

2. Материалдар мен әдістер

2.1. Зерттеу әдістері

Зертеу дереккөздерін түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиетіндегі демонологиялық сипаттағы прозалық мәтіндер құрайды. Әдістнамалық бағыт осы наным-сенімнен туған әңгімелерді талдауға негізделді. Нақты дереккөз ретінде Ш.И. Ибраев, А.К. Ахметбекова, П.Т. Әуесбаеваның «Түркі халықтарының хикаялары» атты жинағы алынды. Бұл еңбекте қазақ, қырғыз, татар, башқұрт, өзбек, әзербайжан және басқа да түркі халықтарының демонологиялық әңгімелері жинақталған. Материалдар кейіпкерлер жүйесі, оқиа өтетін мекен және баяндау сипаты бойынша салыстырылды.

Зерттеу барысында албасты, жезтырнақ, үббе, шайтан, пері, шүрәле, жын, дәу, мекір мен бичура, күлдіргіш сынды персонаждары бар демонологиялық мазмұндағы әңгімелер жанрлық белгілер бойынша іріктеліп алынды. Әулие, көріпкел, бақсы секілді сакральды бейнелер – қауіп туғызушы емес, қорғаушы тұлғалар ретінде бағаланды.

Зерттеуде демонологиялық әңгімелерді этнолингвистикалық, жанрлық-типологиялық тұрғыдан талдай отырып, салыстырмалы фольклортану әдістері қолданылды. Зерттеу әдіснамасы негізінде кейіпкерлер әрекетінің нәтижесінде пайда болатын сақтандыру-тыйымдық функциялары мен кеңістік моделін көрсету арқылы демонологиялық мәтіндердің жанрлық табиғаты айқындалды. Этнолинвистикалық тұрғыдан демонологиялық әңгімелерді талдау барысында кеңістік моделін негіздеу, сақтандыра отырып тыйым салу, қауіптен аулау болуға шақыру әрекетінің наным-сенімді, адам баласының дүниетанымдық болмысын қалыптастыратындығы анықталды. Салыстырмалы әдіс негізінде теориялық тұрғыдан орыс және батыс фольклортануында орныққан ұғымдармен сабақтастыра зерттелді. Түркі халықтарының наным-сенімінде орныққан демонологиялық әңгімелерге салыстырмалы талдау жасалып, типологиялық тұрғыдан жүйеленді. Нәтижесінде көптеген іргелі зерттеулерде жалпы «хикая» атауымен топтастырылып жүрген мәтіндердің елеулі бөлігі демонологиялық әңгімелер деп тақырыптауға, жанрлық шекарасын нақтылауға болатындығы дәлелденді.

2.2. Материалдарға сипаттама

Түркі фольклорындағы хикаяны зерттеу, демонологиялық мазмұндағы әңгімелерді жанрлық тұрғыдан межелеу мәселесі отандық және шетелдік фольклортану ғылымында әртүрлі қырынан қарастырылған. А. Ахметбекова, П. Әуесбаева, Ш. Ибраевтің «Turkic “Hikaya” Genre and Its Characters» атты мақаласында хикая жанры халықтық наным-сенімге негізделген, шынайы оқиға ретінде ұсынылатын (true story – «шын болған оқиға») баяндау үлгісі ретінде сипатталады. Көрнекті фольклортанушы ғалымдар хикая жанрының нақты белгілерін атай отырып, демонологиялық әңгімелерге тән ерекшеліктерді де жоққа шығармайды. Ертегі мен аңыз, мифте тыңдаушы – нарратордың баяндауын ақиқат, шындық деп қабылдамауы да мүмкін. Ал хикаяда өмірдегі шынайы тірлік пен үрей, қорқыныш туғызатын әрекет астасып, қатар жүріп, баяндауышы «куәгер ретінде сипаттап отырған шындығына» өзгенің көзін жеткізеді. Нәтижесінде үрей туғызатын сюжет пайда болып, сақтандыру, тыйым салу әрекеттері адам санасына еріксіз құйылады. Мақала

авторлары хикаяның атауы мен жанрлық ерекшеліктері түркі халықтарында әлі де болса біріздендірілмегені туралы ескертеді (Ахметбекова және т.б., 2018: 87).

Батыс фольклортануында демонологиялық мазмұндағы ауызша мәтіндерді жанрлық межелеуде кейіпкер бейнесі негізгі өлшем ретінде танылады. V. Chervaneva мұндай мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін түсіну үшін демонологиялық кейіпкерді талдауддың маңзды екенін атап көрсетеді (Chervaneva, 2016: 57). Түркі деректеріндегі демонологиялық мәтіндерді де «хикая» атауымен шектемей, кейіпкердің сипаты мен мәтіндегі орны арқылы да қарастыруға болады.

Р.Н. Безертинов түркі халықтарында асқар тау, ну орман, өзен-көл, жол, қоныс – киелі мекен, кеңістік ретінде қабылданғанын атап өтеді. Осы орындардың тыныштығы бұзылған жағдайда елге кесір тиеді, ауру тарайды, бақытсыздық орнайды деген сенім орныққанын көрсетеді (Безертинов, 2006: 78). Бұл модель демонологиялық әңгімелердегі тыйым мен ескертудің дәстүрлі наным-сеніммен байланыста екенін танытады. Демонологиялық әңгімелерді этнолинвистикалық тұрғыдан талдауда Н.И. Толстойдың ғылыми мектебінің ықпалы зор. Автор наным-сенімнен туған қорқынышты әңгімелерді дүниетанымдық тұрғыдан қарастыру қажеттігін атайды. Шынайы оқиға мен ойдан шығарылған әңгіменің нәтижесінде пайда болған, тыңдаушысын үрейлендіре отырып, сақтандыру қызметін қоса атқаратын демонологиялық мәтіндерде көркем қиял болмайды, негізінен тілдік сананы қалыптастырушы күш басым дейді (Толстой, 1984: 8).

Демонологиялық әңгімелердегі негізгі түйін – адам баласына қорқынышты кеңістіктің бар екенін көрсету, өмір мен өзге дүниенің бар екендігін жоққа шығармау, тыйым салу, сақтандыру межесін белгілеп, әлеуметтік қарым-қатынастарды реттейді, тыйымдық ережелерді туғызады. Қорқыныш арқылы адам дүниетанымын қалыптастыратын әңгімелерді тұрмыстық және тарихи сипаты бар хикаялармен бір қатарға қою – жанрлық ерекшеліктерді көрсете алмайды. Мұндай тұжырым бастыс фольклортануындағы материалдармен де сабақтасады. Зерттеуші И. Головаха-Хикс украиндарда демонологиялық нанымдардың қазіргі кезде де сақталып отырғанын айтады (Головаха-Хикс, 2008: 37). Демонологиялық мазмұндағы әңгімелерді жанрлық тұрғыдан межелеу мәселесі тек түркі материалымен шектелмейтіндігін байқаймыз.

Орыс фольклортануында «демонологиялық әңгіменің» термин ретінде қалыптасқанын Л.Н. Виноградова (Виноградова, 2000: 118), С.М. Толстая (Толстая, 2000: 52-53), Е.Е. Левкиевская (Левкиевская, 2000: 99) еңбектерінен көруге болады. Бүгінде батыс фольклортануында memorate (меморат), belief narrative (наным-сенімдік нарратив), supernatural legend (тылсым күш туралы аңыздық әңгіме) ұғымдары ғылыми қолданысқа енген. Түркі халықтарының фольклорындағы демонологияық әңгімелерді тұтасымен хикая жанрының аясында қарастыру ғылыми дискурсқа сай емес. Наным-сенімге негізделіп, үрей-қорқыныш тудыратын мәтіндерді «демонологиялық әңгіме» атауымен зерттеу әлемдік фольклортану жүйесімен әдістнамалық тұрғыдан сабақтастықта қарауға мүмкіндік береді. Біздің мақаламызда демонологиялық әңгімелердегі кейіпкерлер болмысы, оқиға мен оның өткен орны, қорқыныштың туындау себептері мен шешілуі жанрлық тұрғыдан жүйеленді.

Хикая жанрын демонологиялық мазмұндағы әңгімелермен сабақтастыра қарастырудың алғышарттары XX ғасырдың басында-ақ қалыптаса бастағандығын дәлелдейтін деректер бар. Н.Е. Онучков 1909 жылы «Северные сказки» жинағын жариялады (Онучков, 1909: 2-115). Бұл жинаққа Солтүстік Ресей халқының ертегілері мен демонологиялық мазмұндағы әңгімелері енген. Әрине, Н.Е. Онучковтың басты мақсаты – фольклорлық прозаны зерттеу емес, ел аузындағы айтылып келген ауыз әдебиетінің үлгілерін түпнұсқа қалпында жариялау еді.

Демонологиялық әңгімелердің халықтың салт-дәстүрінде алатын орны мен қызметін талдауда Т.А. Агапкинаның еңбегі ерекше. Автор демонологиялық әңгімелерді қауіп-қатер күшейетін мезгілдерді маусымдық ғұрып фольклорымен, ырым-тыйымдармен байланыста қарастырады (Агапкина, 2000: 212-243). Зерттеуші демонологиялық кейіпкер халықтың дүниетанымда уақыт пен кеңістікті байланыстырушы есепті бейне деп біледі. Автордың тұжырымдары демонологиялық кейіпкерді типологиялық және семантикалық тұрғыдан талдауға негіз болады. Башқұрт фольклортанушысы Ф.А. Надршина демонологиялық кейіпкерлерді хикая жанрының аясында қарастырған (Надршина, 1998: 21-23). Э.Э. Померанцева демонологиялық әңгімелердегі баяндаушының рөлін айрықша атап көрсеткен (Померанцева, 2023, 25-26).

Қазақ фольклортануында XX ғасыр басында демонологиялық әңгімелерге қатысты алғашқы сөз қозғағандардың бірі Халел Досмұхамедұлы. Ол хикая жанрының мазмұндық өзегін албасты, жын, пері, жезтырнақ, жалмауыз кемпір тәрізді кейіпкерлерге қатысты наным-сенімге негізделген мәтіндер құрайтынын көрсетіп, оларды «Перілік хикаялар (демонологические рассказы)» деп атайды (Досмұхамедұлы, 1991: 25-26). Автор мұндай әңгімелердің негізгі қызметі – адамға қауіп төндіруші кейіпкерлерді таныту, олардың әрекетінен сақтандыру және қауіпті кеңістік туралы тыйымдық түсініктерді орнықтыру екенін айқындайды. Демек, Х. Досмұхамедұлы еңбектерін қазақ ғылымындағы демонологиялық мазмұндағы прозаны жанрлық тұрғыдан алғаш жүйелеген ғылыми бастама ретінде бағалауға негіз бар.

Академик С.А. Қасқабасов зерттеулерінде демонологиялық әңгімелер – хикая жанрымен сабақтастықта қарастырылады. Ертегіден тыс аңыздық прозаның барлық түрін зерттеген ғалым, халықтың наным-сенімінен туған хикая – мифтік жүйеден бастау алады деді. Адам баласының үббе, жын, шайтан, пері, жезтырнақ тәрізді демонологиялық кейіпкерлермен кездесуі шын оқиға тәрізді баяндалады. Адам мен өзге әлемнің арасындағы межелі кеңістіктің бар екендігін танытады деп білді (Қасқабасов, 2014: 99-101). Ол хикая жанрын зерттеу арқылы демонологиялық мазмұндағы әңгімелердің жанрлық ерекшеліктерін жүйелеп береді. Автордың айтуынша көріпкел, бақсы-балгер, әулие тәрізді сакралды бейнелер үрей туғызбайды. Ал демонологиялық әңгімелерде тыңдарман санасында қорқыныш туғызу сипаты басым. Сондықтан хикая мәтіндері теориялық тұрғыдан жаңаша пайымдауды қажет етеді демекпіз.

Біздің зерттеуімізге әдістнамалық тұрғыдан басты бағыт болатын іргелі еңбектердің қатарына Ш.И. Ибраев, А.К. Ахметбекова, П.Т. Әуесбаева құрастырған

«Түркі халықтарының хикаялары» жинағы жатады. Зерттеушілер хикаяның синкерттілік сипатын тұжырымдай келе, демонолологиялық мазмұндағы мәтіндерді талдауды. «Бұрынғы кеңес кеңістігіне енген түркі халықтарының фольклортану ғылымында «хикая» жанры орыс ауыз әдебиетіндегі демонологиялық әңгімелердің аналогы ретінде қарастырылып, басты белгілері «быличка» жанрымен салғастыру барысында анықталды (Ибраев және т.б., 2014: 4), – дейді. Теориялық пайымдаулар жасалып, түркі халықтарының хикаялары жинақталған бұл еңбекті біздің зерттеуіміз үшін деректік корпус деп бағалаймыз.

Профессор С. Ақатай адам мен өзге әлем арасындағы байланысты түсіндіру үшін демонологиялық әңгімелерді қазақ дүниетанымымен байланыста қарастырады (Ақатай, 2011: 214). Сонымен қатар түркі мифологиясындағы демонологиялық кейіпкердің бірі ретінде албасты (al karisi) бейнесін арнайы талдаған Өзкүл Чобаноғлының зерттеуі де ерекше назар аударуға тұрарлық (Чобаноғлы, 2018: 106).

Түркі халықтарының демонологиялық әңгімелері талданған Ш. Ибраев, С. Бахадырова, Б. Рахымовтың «Түркі халықтарының фольклоры» атты ұжымдық еңбекті атап өтпеске болмайды. Зерттеуде түркі халықтарының аңыздық прозасы жүйеленіп, хикая мәтіндері мазмұнына қарай сараланады. Жинақтағы «Долған фольклоры» атты бөлімде «Ертегіден тыс аңыздық прозаға» жататын хикая: 1) ескі наным; 2) демонологиялық әңгімелер» деп жіктеледі делінген. Авторлар хикаяларда адам мен демонологиялық кейіпкерлердің кездесуі жиі ұшырасатынын, мұнда жын, албасты, жат рухтар туралы наным-сенімдер басым екенін атап өтеді (Ибраев және т.б., 2005: 29).

Қазақ әдебиеттану ғылымында демонологиялық әңгімелер туралы талдаулар Ш. Елеукеновтің «От фольклора до романа-эпопеи»» атты монографиясында кездеседі. «Демонологические сказки» бөлімінде автор этнограф М. Миропиев жинақтаған мәтіндерге тоқталады: «М. Миропиевтің айтуынша ескілікті наным-сенімге байланысты өмірге келген демонологиялық ертегілер біртіндеп халық жадынан шығады дегенімен де, күні бүгінге дейін демонологиялық ертегілер (былички) әлі күнге дейін айтылуда» (Елеукенов, 1987: 31-32). Автор табиғаттың тылсым сиқырлы күштерін иеленген жын, пері, албасты, жезтырнақ, жерасты патшалығының иесі Үббе, жалмауыз кемпір, Күлдіргіштер адам баласын алдап-арбап, адастырып, қорқытып, жоқ қылуға тырысқан. Әйтсе де бұндай образдардың барлығын тек құр қиялдан туған деуге болмайды. Әр образдың аржағында халықтың исламға дейінгі наным-сенімі жатыр деген тұжырым жасайды.

Аталған еңбекте демонологиялық мәтіндердің жанрлық белгілері жүйеленген: адам мен оны қорқытып-үркітуші күш – кейіпкерлер жүйесін құрайды; Адам – беймәлім, тылсым күштің алдында қарсы әрекет жасауға әлсіз; Оқиға барысындағы тұрақты мотивтерге кездесу, үрей, қысым көрсету, зияндық жасау, құтылу, сақтану жатады; Адам сырқаттанған кезде аурудың иесі – демонологиялық кейіпкер сипатында көрінеді; Демонологиялық мәтіндерде оқиға «болған жағдай» сияқты көрінгенімен, ертегі секілді күрделі сюжетке құрылмайды (Елеукенов, 1987: 31-32). Автор демонологиялық оқиғаларды фольклорық құбылыс ретінде бағалайды.

Ф.ғ.д., професор Ж.Ә. Аймұхамбеттің «...Алайда, біз пері, эльф, нимфа, фея, сида сияқты тіршілік иелері мен адам баласы арасындағы қызықты да ғажайып

оқиғаларға құрылған мифтік баяндарды толығымен хикаяларға жатқызбаймыз. Бұл баяндар өзіндік ерекшелігімен тұтастай бір жүйе түзетін, мифтік танымға негізделген құрылымымен дара тұрады» (Аймұхамбет, 2018: 129) деген тұжырымынан демонологиялық мәтіндерді миф пен хикаядан бөлек қарастыруға негіз бар екенін түсінеміз. Ж.Ә. Аймұхамбет мифтік кейіпкерлердің өтпелі сипатына назар аударып, пері секілді демонологиялық бейнелердің адаммен тікелей қарым-қатынасқа түсетін кейіпкер ретінде көрінетінін, мұндай әңгімелердің хикаялық және әпсаналық формада орныққанын көрсетеді. Мифтік-демонологиялық кейіпкерлер қатысатын мәтіндерді «хикая» атауымен жалпыламай, жанрлық тұрғыдан даралау ғылыми тұрғыдан негізді деп білеміз.

Соңғы жылдары түркі мифологиясы мен фольклорындағы демонологиялық кейіпкерлерді арнайы қарастырған еңбектер жарық көре бастады (Нұрбаева және т.б., 2025: 135-142). Демонологиялық бейне туралы еңбекте түркі танымындағы жалмауыз кейіпкердің адам баласына төндіретін қауіпі мен іс-әрекеті талданған (Оразхан және т.б., 2024: 233-245). Мұндай зерттеулер демонологиялық мәтіндерді жеке жанр ретінде қарастыруға мүмкіндік береді (Кішкенаева, Ибраева, 2020: 313).

Фольклортанушылар П.Т. Әуесбаева, А.К. Ахметбекова түркі халықтарындағы албасты, жалмауыз кемпір бейнелерінің демонологиялық сипатына талдау жасайды (Әуесбаева, Ахметбекова, 2016: 58-60). Қазақ қана емес, татар, башқұрт, өзбек, ұйғыр, алтай, түрік, азербайжан, қырғыз, қарқалпақ, ноғай, тыва халықтарындағы «албасты» атауының этимологиялық негізін талдай отырып, албасты бейнесінің «деградациясын» түсіндіреді. Ежелгі заманда босанған әйелдерді қорғайтын құдай қалпында қабылданғанын, кейіннен адамнан бастап жан-жануарларға, түрлі кейіпке ауысып кете алатын түрі ұсқынсыз, аса қорқынышты құбыжыққа айналғандығын албастыға қатысты сюжеттерге кеңінен тоқталған. Түп негізі көнеден келе жатқан «жалмауыз кемпір» құбылып, өзгерістерге ұшырау арқылы сан ғасырлық сатыдан өткен. Алдымен құбыжық сипатында, одан соң жеті басты жалмауыз, ең соңында мыстан кемпір бейнесіне келген демонологиялық кейіпкердің өкпе болып суда қалқып кететіндігі, енді бірде үйде жалғыз қалған қыздың қанын соруы, бала ұрлап кетуі, батырларды ұйықтатып тастауы сықылды сюжеттер аз емес (Әуесбаева және т.б., 2016: 384-387). Демонологиялық әңгімелердің тілдік ерекшеліктері мен баяндаушының стилі көркемдік қызмет атқарып қана қоймайтындығын, кейіпкердің қауіппен бетпе-бет келген тұстағы ширыққан сәттерін психологиялық талдауға өзек болатындығын байқаймыз (Әуесбаева және т.б., 2025: 135).

Ғылыми еңбектерде демонологиялық әңгіменің жанрлық дербестігі – құрылымдық-семантикалық тұтастықпен негізделеді. М.Л. Лурье мен И.А. Разумова демонологиялық мәтіндердің құрылымын «адам – демон» қарым-қатынас жағдаяты айқындайтынын көрсетіп, мұндай әңгімелерді мифологиялық прозадан дербес жанр ретінде ажыратудың қажеттігін дәлелдейді (Лурье, Разумова, 2002: 11–12). С.И. Грахова демонологиялық әңгімелер поэтикасын «екі дүниелілік» принципі арқылы түсіндіреді. Автор адам мен тылсым күш, өзге әлем арасындағы меженің құбылмалы сипатта көрінуінің өзі, қорқышын пен үрейді еселеп көрсетіп, сақтанудың маңызы арта түседі дейді (Грахова, 2014: 65-66).

3. Талқылау

Түркі халықтарының демонологиялық әңгімелерін салыстыра қарайтын болсақ, тылсым күш иелері – оқиғаның қосалқы кейіпкер емес, олар хаосты ұйымдастырушы. Олар қарапайым адамның тіршілігіне сыйқырлы, үрейлі, қорқынышты, тылсым күш ретінде араласады. Екі әлемнің ортасындағы қалың жыныс орман, өзен-көл, бұлақ басы, жотаның үсті, тау етегі, адам жүрмес жол, тақыр жердегі мола, шыңырау құдық, сексеуіл, ауыл іші, күрке, қамыс қасы, ел қоныстанбаған қу дала, бетпақ шөл дала, Жетіқоңыр құмы секілді межелік мекендерде оқиғалар өтеді. Тылсым күш иелері «өзге әлемнің» өкілдері болса да, олардың іс-әрекеттері осы дүниеде өтеді. Кері әлемнің кейіпкерлері – кәдуілгі адамдарға қарағанда өзгеше болып суреттеледі. Адам – екі көзді, ал демонологиялық кейіпкер жалғыз көзді, адамның өкшесі табанының артында, теріс әлем өкілінің өкшесі алдында орналасады. Олар адам етін жеуге әуес. «... Адам екі дүниені ажыратушы да, біріктіруші де. Мифтік сананың негізінде адам бұл дүниедегі шынайылық о дүниедегі фантастика деген шекті белгілеуші болды. Бұл адам дүниетанымын қалыптастырған мифтік сананың жаратылысы тіршілікпен байланысты дүние мен оған кері дүниенің қатар өмір сүруін тану формасы іспеттес» (Ибраев және т.б., 2014: 6). Адамдар әлемі мен теріс әлем заңдылық бойынша бір-бірімен жанасапауы керек. Бірақ заңдылыққа қайшы болса да, демонологиялық мәтіндерде жат дүние мен бұл дүниенің арасында өткен оқиға баяндалады. Демонологиялық мәтіндердің басты ерекшелінің бірі де осы. Мұндай мәтіндерде екі әлем өкілінің кездесуі арқылы адам баласының бойында сақтану, аман қалу функциясы алдыңғы орынға шығады.

Демонологиялық әңгімелерде тылсым күш иелерімен адамның күресі сюжетке негіз болады. Үрей туғызатын кейіпкерге қарсы шығатын адам үздіксіз қозғалыста көрінеді. Бірде аңға шығады, аулаған аңын пісіріп жеу үшін от жағады, не ну тоғайда адасып, шығар жолын іздейді, не орман аралайды, жылқы бағады, сауық құрады, жорыққа аттанады, жалпы үнемі жол үстінде жүргені сипатталады. Осы белгілердің өзі демонологиялық әңгіме кейіпкерлерін жеке-жеке саралауды қажет етеді. Өйткені кейіпкерлердің жүретін мекені әртүрлі, мезгіл бірдей емес, мың сан оқиғаға тап болады. Бірі қу мекиен далада, бірі қалың орманда, бірі бейіт басында тылсым күш иесімен кездеседі. Демонологиялық мәтіндердегі кейіпкерлер жүйесі, кеңістік, мезгіл, атқаратын қызметі, жанрлық ерекшеліктері төмендегі кестеде (Кесте 1) жүйелеп көрсеттік.

1-кесте. Түркі халықтарының демонологиялық әңгімелеріндегі кейіпкерлер типологиясы

№	Кейіпкер атауы	Бейне типі	Негізгі функциясы	Көріну кеңістігі	Жанрлық орта
1	Албасты	Антропоморфты	Адамға зиян келтіру (әсіресе босанған әйелге), үрей туғызу, адастыру, дерт шақыру	Үй іші, түнгі кеңістік, су маңы, елсіз мекен	Демонологиялық әңгіме; наным-сенімге негізделген мәтіндер

2	Адам жегіш	Аралас	Адамды құрбан ету, қорқыту, сынаққа салу	Елсіз жер, орман, шет аймақ	Демонологиялық баяндау сипатындағы мәтіндер
3	Айдаһар	Жануар/ аралас	Қауіп төндіру; су, жауын-шашынмен байланыс	Су, өзен, межелік (өтпелі) кеңістіктер	Мифологиялық-аңыздық мәтіндер; кей тұста демонологиялық әңгіме
4	Дию / дәу	Аралас, антропоморфты	Қауіп төндіру, күш сынау	Тау, үңгір, елсіз кеңістік	Ертегілік бейнеден демонологиялық баяндауға ауысқан мәтіндер
5	Жалмауыз (жалмауыз кемпір)	Аралас	Адамды тұтқындау, жеу, үрей туғызу	Орман, елсіз дала, шалғай мекен	Демонологиялық әңгімеге жақын баяндаулар
6	Жезтырнақ	Антропоморфты	Адастыру, арбау, құрбанын жою	Түнгі кеңістік, иесіз мекен	Демонологиялық әңгіме
7	Жын	Рухани, бейнесі құбылмалы	Иелену, үркіту, адастыру	Үй іші, түз, түнгі уақыт	Демонологиялық әңгіме; діни-мифологиялық түсінік
8	Ие (үй иесі, су иесі, жер-су иесі)	Рухани	Қорғау немесе жаза беру, тәртіп нормасын бекіту	Үй, су, жер-су, нақты мекен	Хикая типіндегі әңгімелер; нанымдық баяндаулар
9	Күлдіргіш	Антропоморфты	Күлкі арқылы қорқыту, адастыру	Елсіз жер, түнгі кеңістік	Демонологиялық әңгіме
10	Мекір (хайуан кейпіне енетін жын)	Аралас	Адастыру, зиян келтіру	Елсіз жер, түнгі кеңістік	Демонологиялық әңгіме
11	Мыстан кемпір	Антропоморфты	Алдау, зиян келтіру, кейіп ауыстыру	Мәтіндік контекске тәуелді	Ертегілік бейнеден демонологиялық баяндауға ауысқан мәтіндер
12	Пері (кәпір пері, мұсылман пері)	Рухани/ Антропоморфты	Арбау, көмек көрсету немесе зиян келтіру	Тау, су маңы, межелік (өтпелі) кеңістік	Демонологиялық әңгіме
13	Сөрел	Антропоморфты	Қорқыту, адастыру	Орман	Аймақтық демонологиялық әңгімелер
14	Шайтан	Рухани, діни бейне	Азғыру, адастыру, үркіту	Кеңістік мәтінге тәуелді	Демонологиялық әңгіме; наным-сенімге негізделген мәтіндер
15	Шүрәле (татар)	Антропоморфты	Адастыру, қорқыту	Орман	Демонологиялық әңгіме

16	Убыр	Антропоморфты/ рухани	Зиян келтіру, түнгі үрей туғызу	Елсіз жер, түнгі кеңістік	Демонологиялық әңгіме
17	Үббе	Рухани	Су маңында үркіту, адастыру	Су, өзен, межелік (өтпелі) кеңістік	Демонологиялық әңгіме
18	Бичура	Рухани (үй иесі), кейде құбылмалы	Үй ішін мазалау, үркіту, ұсақ «кесір» келтіру (зат жасыру, ұрлау, ыдыс сындыру), берекені қашыру.	Үй іші, ошақ-қоныс, шаруашылық кеңістік	Демонологиялық әңгіме; наным-сенімге негізделген мәтіндер
19	Дөнәгәр	Аралас (адамнан жануарға айналатын бейне)	Адамды алдау, үркіту; түнгі қауіп; кейіп ауыстыру арқылы зиян келтіру (қасқыр/жануар бейнесі т.б.)	Түнгі кеңістік, елсіз жер, жол/ сырт кеңістік	Демонологиялық әңгіме

1-кестеде көрсетілгендей, демонологиялық мәтіндердегі иен дала, қалың қамыс арасы, адам бойлап өте алмас ну жыныс, орман іші тәрізді межелі кеңістік – қауіптің қайнаған ортасы. Мұнда шайқасқа түсетін хас батырды емес, тылсым күштен қорғану үшін дұғасын оқып, үрейленген персонажды көреміз, яғни сақтану арқылы аман қалу моделі қалыптасады.

Баяндаудың ерекшелігі де адамның басынан өткен қызықты оқиғасын өзгеге жеткізу емес, қауіпті кеңістіктің бар екендігін жеткізе отырып, тыңдаушысын сақтандырумен байланысты. Н.И. Толстой мифологиялық бейнелерді кеңістік, тыйым, сенім және дүниетаным категорияларымен сабақтастыра талдауды ұсынады. Бұл тәсіл демонологиялық кейіпкерлерді тілдік әрі нарративтік тұрғыдан пайымдауға мүмкіндік береді.

Орыс фольклортанушылары Э.В. Померанцева, Т.А. Агапкина, Т.В. Гусаровалар да демонологиялық әңгімелердің жанрлық ерекшеліктері ретінде оқиғаның куәгер сөзімен баяндалуы, тыңдаушыны сендіру мақсат етілетіндігі, үрей туғызатын нақты мекеннің бар екендігін атап көрсеткен. Бұл белгілер демонологиялық әңгімелерді дербес жанр ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Фольклортанушы П.Т. Әуебаеваның еңбектерінде демонологиялық кейіпкерлердің адам баласымен кездесу сәтіндегі қорқыныш туғызатын сипаты, оқиға өтетін мекен – жанрлық белгілер ретінде қарастырылған (Әуесбаева, Ахметбекова, 2016: 58-60; Әуесбаева және т.б., 2025: 135).

Демонологиялық әңгімелерді типологиялық тұрғыдан 3 топқа жіктеуге болады. Бірінші топта оқиға өзен-көл, қамыс іші, су жағасында өтеді. Үббе, албасты туралы әңгімелерде су – демонологиялық қатердің негізгі ортасы ретінде беріледі. Үббе, албасты адамның атын атап шақырады, еліктіреді, өзінің қақпанына түсіруге әрекет жасайды. Баяндау сипатына келсек: «Бір қазақ дария жағалап келе жатса...», «су

ішінен бір кісінің атын атаған дауысты естиді» деген нақты деректер – оқиғаның өмірде шын болғандығына тыңдаушының көзін жеткізеді. Албасты туралы мәтіндерде өкпенің суда қалқып жүргендігімен, түнгі уақытта өтетін оқиға сюжетінің қоюланып, тыңдарманның үрейін ұшыратындығымен ерекшеленеді. Бірінші топтағы демонологиялық әңгімелерде «Су маңы – тыйым – сақтандыру» функциясы жүзеге асады.

Екінші топтағы мәтіндерде оқиға орман жол үстінде, иен далада, қалың жыныс орман ішінде, далада өтеді. Шүрәле, дөнәгәр секілді кейпі өзгеріп тұратын бейнелер адамдарға тікелей шабуыл жасамайды, бірақ алдау, арбау, адастыру әрекеттерімен көрінеді. Қауіптің тікелей дөнәгердің тарапынан жасалмайды. Ол мысық, қасқыр секілді көпке таныс бейнелерге айналып кетіп, адамға қауіп туғызады. Бұл арада «Далада жалғыз жүрмеу», «Қараңғы түнде жолға жалғыз шықпау» деген секілді қауіптен сақтандыру функциясы күшейеді.

Үшінші топқа енетін бичура, шайтан секілді демонологиялық кейіпкерлердің әрекеттері үй ішінде орындалады. Үй ішінде тылсым тыныштық бұзылып, ыдыс-аяқ тарсылы, түсініксіз дыбыстар естіледі. Жалпы үй кеңістігі де демонологиялық әңгімелердегі қауіп тудыратын тұрақты мекендердің бірі. Осы үш топқа енетін кеңістік түрлері, нақты кейіпкер, қауіп тудыратын кеңістік, тылсым күштің адам баласына шабуылы, баяндаушының оқиғаны көзімен көргендей айтуы – жанрлық ерекшеліктерді танытады.

Демонологиялық мазмұндағы мәтіндерді «хикая» атауымен бір бағытта қарастыру – оның жанрлық табиғатын толықтай қамти алмайды. Түркі халықтарының фольклорындағы мазмұндық-құрылымдық, семантикалық-функциялық белгілеріне қарай демонологиялық әңгімелерді өз алдына жанр ретінде зерттеуге болады деген тұжырымға келеміз.

4. Зерттеу нәтижесі

Түркі халықтарының демонологиялық әңгімелерін салыстырмалы талдау нәтижесінде олардың кейіпкерлер жүйесі, оқиға өтетін кеңістік, баяндау тәсілі мен атқаратын қызметі жағынан ортақ жанрлық белгілері айқындалды. Зерттеу материалдары бойынша албасты, жезтырнақ, жын, ие, пері, шүрәле, үббе, бичура, дөнәгер және өзге де бейнелер антропоморфты, рухани және аралас сипаттағы үш негізгі типке топтастырылады. Бұл кейіпкерлердің әрекеті адамға зиян келтіру, адастыру, үркіту, тыйымды бұзғаны үшін жазалау, ал кей жағдайда қорғау қызметтерімен сабақтасады. Адам мен тылсым күштің кездесуі көбіне екі әлем арасындағы шекараның уақытша бұзылуы ретінде беріледі. Мұндай жағдайда басты кейіпкердің мақсаты қарсыласын жеңу емес, қауіптен сақтанып, аман қалу болып табылады.

Мәтіндердегі кеңістік те жанр құраушы тұрақты белгі ретінде көрінеді. Оқиға өтетін мекендер үш топқа жіктеледі: су аңы мен өзен-көл кеңістігі; орман, иен дала және жол үсті; үй іші мен шаруашылық ортасы. Су кеңістігіне қатысты мәтіндерде үббе мен албасты адамның атын атап шақыру, еліктіру арқылы қауіп төндіреді. Орман мен дала оқиғаларында шүрәле, дөнәгер тәрізді кейіпкерлер адастыру және кейіп ауыстыру әрекеттерімен көрінсе, үй ішінде өткен оқиғаларда бичура мен

тылсым дыбыстар, заттардың орын ауыстыруы, тыныштықтың бұзылуы арқылы танылады.

Демонологиялық әңгімелердің баяндау құрылымында оқиғаны шын болғандай жеткізу, куәгер сөзінесүйенужәненақтымекендіатаубасым. Мұндайтәсілтыңдаушыны сендірумен қатар, қауіпті орыннан, түнгі жолдан, су маңынан сақтандыру қызметін атқарады. Кейіпкер, кеңістік, мезгіл және тыйым өзара байланысып, мәтіннің ішкі тұтастығын қалыптастырады. Сондықтан демоноогиялық мазмұндағы барлық мәтінді «хикая» атауына біріктіру олардың жанрлық табиғатын толық ашпайды. Оларды мазмұндықұрылымдық және семантикалық белгілеріне қарай дербес жанр ретінде қарастыру негізді.

5. Қорытынды

Түркі тектес халықтардың фольклорындағы демонологиялық сипаты бар прозалық әңгімелер дербес жанрлық қабатты құрай алады. Тылсым күштің адам баласымен кездесуін, үрей мен қорқыныш мазмұнын танытатын мәтіндерді талдай келе, демонологиялық әңгімелердің негізгі жанрлық ерекшеліктерін түйіндедік: оқиғаның куәгер сөзімен баяндаудағы шынайылығы, бұл дүние мен өзге әлем арасындағы межелі кеңістіктің орын алуы, тыңдаушының бойында сақтану сезімдерін қалыптастыратындығы сөзімізге дәлел бола алады.

Бұған дейінгі іргелі зерттеулерде аталып жүргендей, түркі халықтарына ортақ фольклор мұрасы жүйелі әрі кешенді түрде зерттелуі тиіс. Ерекше жаратылған, өзге әлеммен байланыс жасай алатын бақсы, балгер, киелі адамдар және ескілікті наным-сенімге, мифтік танымға қатысты пайда болған пері, жын, шайтан, албасты, жезтырнақ, жалмауыз кемпір, үббе, күлдіргіш, бичура, обыр, т.б. әрекеттеріне байланысты кейіпкерлерді «хикая» мен «демонологиялық әңгіме» жанрларына жіктейміз. Бұл жіктеу ертегіден тыс аңыздық прозаның ішкі жүйесін нақтылап, әлемдік фольклортануда орныққан ұғымдармен типологиялық тұрғыдан салыстыруға негіз болады. Цифрлық кеңістік заманында демонологиялық әңгіменің трансформациялануы мен репрезентациясын зерттеу – біздің ізденісіміздің дамуын тереңдете түсетін қадамдардың бірі демекпіз.

Әдебиеттер:

1. Ахметбекова А., Әуесбаева П., Ибраев Ш. Түркі фольклорындағы «хикая» жанры және оның кейіпкерлері // Orsión. – 2018. – № 85. – 87-106-бб.

2. Черванева В. Демонологиялық кейіпкермен кездесу: баяндау құрылымының екі түрі // Folklore: Electronic Journal of Folklore. – 2016. – 65-том. – 57-68-бб. – DOI: https://doi.org/10.7592/FEJF2016.65.chervaneva.

3. Безертинов Р.Н. Ежелгі түркілік дүниетаным: «Тәңіршілдік»: оқу құралы. – Қазан: РБО «Школа», 2006. – 164 б.

4. Толстой Н.И. Славян көне мұраларының этнолингвистикалық сөздігі: сөзтізбе жобасы: алдын ала материалдар. – Мәскеу, 1984. – 171 б.

5. Головаха-Хикс И. Қазіргі қалалық украин қауымдарындағы дәстүрлі демонологиялық аңыздардың өмір сүруі // Folklore: Electronic Journal of Folklore. – 2008. – 40-том. – 37-44-бб. –DOI: https://doi.org/10.7592/FEJF2008.40.golovakha.

6. Виноградова Л.Н. Славяндардың халықтық демонологиясы мен мифтік-ғұрыптық дәстүрі. – Мәскеу: Индрик, 2000. – 432 б.

7. Толстая С.М. Славяндардың жан туралы мифологиялық түсініктері // Славян және Балқан фольклоры. Халықтық демонология. – Мәскеу: Индрик, 2000. – 52-95-бб.

8. Левкиевская Е.Е. Славян дәстүріндегі мифологиялық кейіпкерлер: I. Шығыс славяндардың үй рухы // Славян және Балқан фольклоры. Халықтық демонология. – Мәскеу: Индрик, 2000. – 96-161-бб.

9. Онучков Н.Е. Солтүстік ертегілері (Архангельск және Олонец губерниялары). – Санкт-Петербург: А.С. Суворин баспаханасы, 1909. – 696 б. URL: https://rusneb.ru/catalog/000199_000009_003760859/ (қаралған күні: 21.01.2026).

10. Агапкина Т.А. Күнтізбелік мифологияның кейіпкерлері ретіндегі демондар // Славян және Балқан фольклоры. Халықтық демонология. – Мәскеу: Индрик, 2000. – 212-243-бб.

11. Надршина Ф.А. Башқұрт халықтарының ертегілік емес прозасы: филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның автореферати: 10.01.09 - Фольклортану. – Уфа, 1998. – 48 б.

12. Померанцева Э.В. Орыс фольклорындағы мифологиялық кейіпкерлер. – Мәскеу: Ғылым, 1975. – 168 б.

13. Гусарова Т.В. Быличкалар [Электрондық ресурс] // Ашық мәтін. – 2019. – URL: https://opentextnn.ru/museum/ethnological-museum/folklor/gusarova-t-v-bylichki/ (қаралған күні: 30.10.2019).

14. Досмұхамедұлы Х. Аламан / құрастырған, алғысөзін және түсініктемелерін жазған Ғ. Әнесов, А. Мектепов, Ш. Керімов. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 176 б.

15. Қасқабасов С.А. Таңдамалы. 1-том. Қазақтың халық прозасы. Зерттеулер. – Алматы: Фолиант, 2014. – 303 б.

16. Ибраев Ш.К., Ахметбекова А.К., Әуесбаева П.Т. Түркі халықтарының хикаялары. – Алматы: ИП «Сагаутдинова», 2014. – 415 б.

17. Ақатай С.Н. Әруақ // Қазақ халқының ежелгі культтері мен дәстүрлі мәдениеті: монография. – Алматы, 2011. – 206-216-бб.

18. Өзкүл Чобаноғлу. Түркі мифологиясындағы Алқарысы мен Албасты феномені: мәдени-семантикалық тұрғыдан // С. Қондыбай мұралары: әлемдік мифологияның дамуына жаңаша көзқарас: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары (Ақтау, 6-8 маусым 2018 ж.). – Ақтау: Экожан, 2018. – 106-113-бб.

19. Ибраев Ш., Бахадырова С., Рахымов Б. Түркі халықтарының фольклоры. – Көкшетау, 2009. – 432 б.

20. Елеукенов Ш. Демонологиялық ертегілер // Фольклордан роман-эпопеяға дейін: қазақ романының идеялық-эстетикалық және жанрлық өзіндік ерекшелігі: монография. – Алматы: Жазушы, 1987. – 352 б.

21. Аймұхамбет Ж.Ә. Адамзат пен пері-зат байланысы туралы мифтік мотивтер (әлем және қазақ мифтері материалдарында) // С. Қондыбай мұралары: әлемдік мифологияның дамуына жаңаша көзқарас: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары (Ақтау, 6-8 маусым 2018 ж.). – Ақтау: Экожан, 2018. – 129-134-бб.

22. Нұрбаева А.М., Жетібай Р.Қ., Оспанов Е.Т., Найманбаев А.А. Түркі мифологиясындағы демондық әйел бейнелері: жалмауыз кемпір, албасты, жезтырнақ, мыстан кемпір және күлдіргіштің рөлі мен символикасы // Turkic Studies Journal. – 2025. – 7-т. – № 2. – 128-147-бб. – DOI: 10.32523/2664-5157-2025-2-128-147.

23. Оразхан Н.Н., Дәрібаев С., Оразова Р. Жалмауыз кемпір – түркі мифологиясындағы айрықша бейне // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – № 4 (134). – 233-245-бб.

24. Кішкенбаева Ж.К., Ибраева Э.Е. Түркі фольклорындағы айдаһар мен жылан бейнесінің сакральді және демонологиялық сипаты // Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы. – 2020. – № 4 (84). – 310-314-бб.

25. Әуесбаева П.Т., Ахметбекова А.К. Түркі фольклорындағы албастыға байланысты сюжеттер // «Жібек жолы мәдениеттерінің халықаралық диалогі» халықаралық симпозиумының материалдары (Эрзурум, 5-6 мамыр 2016 ж.). – Эрзурум, 2016. – 58-60-бб.

26. Әуесбаева П., Ахметбекова А., Рақыш Ж. Түркі халықтары фольклорындағы жалмауыз бейнесі // IJASOS – International E-Journal of Advances in Social Sciences. – 2016. – 2-том. – № 5. – 384-387-бб. – DOI: https://doi.org/10.18769/ijasos.77877.

27. Әуесбаева П., Ахметбекова А., Оралбек А. Сирек басылымдар қорындағы «Қарамерген» ертегісінің мәтінтанулық зерттелуі // «Керуен». – 2025. – 88-т. – № 3. – 128-139-бб. – DOI: https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-8.

28. Лурье М.Л., Разумова И.А. Ауызша демонологиялық әңгімелердің құрылымын олардың сюжеттерін жүйелеудің бір кезеңі ретінде талдау // «Живая старина». – 2002. – № 2 (34). – 10-12-бб. – URL: URL: https://inslav.ru/sites/default/files/zhs-2002-2.pdf (қаралған күні: 21.01.2026).

29. Грахова С.И. Халықтық демонологиялық әңгімелер: екі дүниелілік ұстанымы // Филология ғылымдары. Теория және практика мәселелері. – Тамбов: Грамота, 2014. – № 1 (31). – II бөлім. – 64-67-бб. – URL: https://www.gramota.net/materials/2/2014/1-2/16.html (қаралған күні: 21.01.2026).

Referencec:

1. Akhmetbekova A., Auyesbayeva, P., Ibrayev, Sh. (2018). Turkic “Hikaya” genre and its characters. Opción, No. 85, pp. 87-106. (eng)

2. Chervaneva, V. (2016). Meet the demonological character: Two types of narrative structures. Folklore: Electronic Journal of Folklore, Vol. 65, pp. 57-68. https://doi.org/10.7592/FEJF2016.65.chervaneva (eng)

3. Bezertinov R.N. (2006). Ancient Turkic worldview: “Tengrianism”: A textbook. Kazan: RIC “Shkola”. – 164 p. (rus)

4. Tolstoy N. I. (1984). Ethnolinguistic dictionary of Slavic antiquities: A draft word list: Preliminary materials. Moscow. – 171 p. (rus)

5. Golovakha-Hicks I. (2008). The life of traditional demonological legends in contemporary urban Ukrainian communities. Folklore: Electronic Journal of Folklore, Vol. 40, pp. 37-44. https://doi.org/10.7592/FEJF2008.40.golovakha (eng)

6. Vinogradova L.N. (2000). Folk demonology and the mythological-ritual tradition of the Slavs. Moscow: Indrik. – 432 p. (rus)

7. Tolstaya S.M. (2000). Slavic mythological concepts of the soul // Slavic and Balkan folklore. Folk demonology. Moscow: Indrik. – pp. 52-95. (rus)

8. Levkievskaya E.E. (2000). Mythological characters in the Slavic tradition: I. The East Slavic domovoy // Slavic and Balkan folklore. Folk demonology. Moscow: Indrik. – pp. 96-161. (rus)

9. Onchukov N.E. (1909). Northern tales (Arkhangelsk and Olonets Governorates). Saint Petersburg: Tipografiya A.S. Suvorina. – 696 p. URL: https://rusneb.ru/catalog/000199_000009_003760859/ (accessed: 21.01.2026). (rus)

10.Agapkina T.A. (2000). Demons as characters of calendar mythology // Slavic and Balkan folklore. Folk demonology. Moscow: Indrik. – pp. 212-243. (rus)

11. Nadrshina F.A. (1998). Bashkir folk non-fairy-tale prose: Abstract of the dissertation for the degree of Doctor of Philological Sciences, specialty 10.01.09 - Folklore Studies. Ufa. – 48 p. (rus)

12. Pomerantseva E.V. (1975). Mythological characters in Russian folklore. Moscow: Nauka. – 168 p. (rus)

13. Gusarova T.V. (2019). Belief narratives [Electronic resource] // Open Text. URL: https://opentextnn.ru/museum/ethnological-museum/folklor/gusarova-t-v-bylichki/ (accessed: 30.10.2019). (rus)

14. Dosmukhameduly Kh. (1991). Alaman (A raiding party). Compiled, with a foreword and notes by G. Anesov, A. Mektepov, and Sh. Kerimov. Almaty: Ana tili. – 176 p. (kaz)

15. Kaskabasov S.A. (2014). Selected works. Vol. 1. Kazakh folk prose. Studies. Almaty: Foliant. – 303 p. (kaz)

16. Ibrayev Sh.K., Akhmetbekova A.K., Auyesbayeva P.T. (2014) Hikayas of the Turkic Peoples. Almaty: IP “Sagautdinova”, 415 p. (kaz)

17. Akatay S.N. (2011) Aruakh. In: Ancient Cults and Traditional Culture of the Kazakh People: Monograph. Almaty, pp. 206-216. (rus)

18. Çobanoğlu Ö. (2018) Kültürel semantik bağlamında Türk mitolojisinin Alkarısı ve Albastı fenomeni. In: The Legacy of S. Kondybai: A New Perspective on the Development of World Mythology: Proceedings of the International Scientific-Theoretical Conference (Aktau, 6-8 June 2018). Aktau: Ekojan, pp. 106-113. (turkish)

19. Ibrayev Sh., Bakhadyrova S., Rakhimov B. (2009) Folklore of the Turkic Peoples. Kokshetau, 432 p. (kaz)

20. Eleukenov Sh. (1987) Demonological Tales. In: From Folklore to the Epic Novel: Ideological-Aesthetic and Genre Originality of the Kazakh Novel: Monograph. Alma-Ata: Zhazushy, 352 p. (rus)

21. Aimukhambet Zh.A. (2018) Mythological Motifs of the Relationship between Humans and Fairy Beings (Based on World and Kazakh Myths). In: The Legacy of S. Kondybai: A New Perspective on the Development of World Mythology: Proceedings of the International Scientific-Theoretical Conference (Aktau, 6-8 June 2018). Aktau: Ekojan, pp. 129-134. (kaz)

22. Nurbayeva A.M., Zhetibay R.K., Ospanov Y.T., Naimanbayev A.A. (2025) Female Demonic Figures in Turkic Mythology: The Role and Symbolism of Zhalmauyz Kempir, Albasty, Zheztyrnakh, Mystan Kempir, and Kuldyrgysh. Turkic Studies Journal, Vol. 7, No. 2, pp. 128-147. (kaz)

23. Orazhan N.N., Daribayev S., Orazova R. (2024) Zhalmauyz Kempir: A Distinctive Figure in Turkic Mythology. Bulletin of Yassawi University, No. 4 (134), pp. 233-245. (kaz)

24. Kishkenbayeva Zh.K., Ibrayeva E.E. (2020) Sacred and Demonological Character of Dragon and Snake Images in Turkic Folklore. Bulletin of the Kazakh National Women's Pedagogical University, No. 4 (84), pp. 310-314. (kaz)

25. Auyesbayeva P.T., Akhmetbekova A.K. (2016) Plots Related to Albasty in Turkic Folklore. In: International Symposium on "Culture Dialogue of the Silk Road Countries" (Erzurum, 5-6 May 2016). Erzurum, pp. 58-60. (rus)

26. Auyesbayeva P., Akhmetbekova A., Rakysh Z. (2016) Character of Zhalmauyz in the Folklore of Turkic Peoples. IJASOS – International E-Journal of Advances in Social Sciences, Vol. 2, No. 5, pp. 384-387. https://doi.org/10.18769/ijasos.77877 (eng)

27. Auyesbayeva P., Akhmetbekova A., Oralbek A. (2025) Textual Study of the Fairy Tale "Karamergen" from the Rare Editions Collection. Keruen, Vol. 88, No. 3, pp. 128-139. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.3-8 (eng)

28. Lurie M.L., Razumova I.A. (2002) Analysis of the Structure of Oral Demonological Narratives. Living Antiquity, No. 2 (34), pp. 10-12. URL: https://inslav.ru/sites/default/files/zhs-2002-2.pdf (accessed: 21.01.2026). (rus)

29. Grakhova S.I. (2014) Folk Demonological Narratives: The Principle of a Two-World Structure. Philological Sciences. Issues of Theory and Practice. Tambov: Gramota, No. 1 (31), Part II, pp. 64-67. URL: https://www.gramota.net/materials/2/2014/1-2/16.html (accessed: 21.01.2026). (rus)

ҒТАМР 17.01.11 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.2-06

А.Ш. Асқарова[1]*, Л.М. Демесинова[2], Б.К. Хасанова[3]

[1,2]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты, Астана, Қазақстан

[3]әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: [1]altynay.askarova74@gmail.com, [2]lmdemessin@gmail.com, [3]bayan101086@gmail.com

ORCID: [1]0000-0001-8434-9610, [2]0000-0002-2414-7360, [3]0000-0003-0737-3873

АҢЫЗ ӘҢГІМЕЛЕРДЕГІ АРХЕТИП ОБРАЗДАР

Аңдатпа. Мақаланың кіріспе бөлімінде қазақ ауыз әдебиетінің маңызды жанры саналатын аңыздық проза мен оның тарихи-мәдени қызметі талданады. Түркі халықтарының рухани мұрасын қазіргі дәуірге жеткізудегі аңыздардың рөлі, сондай-ақ Ш.Уәлиханов бастаған отандық және шетелдік ғалымдардың ауыз әдебиеті мұраларын жинақтау, жүйелеу мен ғылыми айналымға енгізудегі еңбектері қарастырылады. Халық прозасының жанрлық жіктелуі, оның поэтикалық және танымдық ерекшеліктері, С.Қасқабасов тұжырымдары негізінде жан-жақты сипатталады. Сонымен қатар аңыз кейіпкерлерінің архетип табиғаты, олардың мәдени семиотикалық кеңістіктегі тарихи-рухани мәні мен ремифологиялану үдерістері ғылыми тұрғыда түсіндіріледі. Зерттеу нәтижесінде аңыздардың ұлттық болмысты сақтаудағы, тарихи жадыны қалыптастыру мен мәдени архетиптерді қайта жаңғыртудағы маңызы айқындалды. Сонымен қатар зерттеу мақаласы қазақ аңыз-әңгімелеріндегі архетип бейнелердің ұлттық мәдениеттегі рөлін талдауға арналған. Зерттеу аясында аңыздардағы тұлғалық, тарихи және рухани кейіпкерлердің архетип мәні айқындалды. Архетип ұғымын XX ғасырдың басында Карл Густав Юнг енгізген психологиялық тұжырымдамалар арқылы түсіндіріліп, олардың тұлғаның бейсаналық деңгейіндегі эмоционалды қуаты мен мәдени сананы қалыптастырудағы рөлін ашуға мүмкіндік туды. Мәтіндер мен аңыздардағы Мәшһүр Жүсіп, Бекет Ата және Абылай хан бейнелері зерттеліп, олардың әулиелік, батагөйлік, көріпкелдік, батырлық сияқты қасиеттері архетип тұрғысында талданды. Зерттеу барысында аңыздардағы тарихи және нақты өмірде болған тұлғаларға сүйене отырып, ұлттық танымды, моральдық құндылықтарды және рухани тәжірибені жеткізетінін көрсетті. Сондай-ақ аңыздық сюжеттер мен кейіпкерлердің тұрақты формалық және эмоциялық белгілері олардың мәдени мұрадағы орнының маңызды екенін дәлелдеді. Нәтижесінде, зерттеу ұжымдық бейсанада қалыптасып, қазақ аңыздары мен архетип бейнелерінің ұлттық мәдениет пен әдебиеттегі интеграциялық маңызын ғылыми тұрғыда айқындалды. Зерттеу әдебиеттану, этнология және мәдениеттану салаларында кешенді талдау жасауға мүмкіндік беріп, тарихи тұлғаларды мәдени архетип ретінде зерттеудің теориялық негізін көрсетеді.

Алғыс: Зерттеу жұмысы AP26104063 «Аңыз әңгіме кейіпкерлерінің визуалды портретін әзірлеудің филологиялық негізі және практикалық маңызы» гранттық қаржыландыру аясында орындалды.

Кілт сөздер: ауыз әдебиеті, аңыз, архетип, тарихи тұлға, ұжымдық бейсаналық.

A.Sh. Askarova[1]*, L.M. Demessinova[2], B.K. Khassanova[3]

[1,2]Research Institute «Abai Academies», L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

[3]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: [1]altynay.askarova74@gmail.com, [2]lmdemessin@gmail.com, [3]bayan101086@gmail.com

ORCID: [1]0000-0001-8434-9610, [2]0000-0002-2414-7360, [3]0000-0003-0737-3873

ARCHETYPAL IMAGES IN LEGEND NARRATIVES

Abstract. The introductory section of the article examines legendary prose as one of the most significant genres of Kazakh oral literature and analyzes its historical and cultural functions. Special attention is paid to

* ***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:***

А.Ш. Асқарова, Л.М. Демесинова, Б.К. Аңыз әңгімелердегі архетип образдар // "Керуен". - 2026. №2, (91-том). - Б. 98-111. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.2-06.

Материалдарды іріктеуде олардың қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік экспериментті, жанрлық трансформацияны және дүниетанымдық өзгерістерді көрсету мүмкіндігі басшылыққа алынды. Әңгімелер түпнұсқа мәтіндер негізінде қарастырылып, заманауи әдеби журналдар мен авторлық жинақтардағы басылымдары салыстырыла пайдаланылды. Сонымен қатар зерттеу барысында қазақ әдебиеттануындағы модернизм мен постмодернизм мәселесін арнайы қарастырған ғалымдар – Бақытжан Майтанов, Жанғара Жарылғапов, Айгүл Ісімақова, Дандай Ысқақ және т.б. зерттеушілердің еңбектері теориялық-әдіснамалық негіз ретінде алынды. Аталған ғылыми еңбектерде қазіргі прозадағы мифологизм, архетип, интертекстуалдылық, көпдауыстылық, авторлық «меннің» көмескіленуі сияқты құбылыстар жүйелі түрде сараланып, ұлттық әдебиеттің әлемдік көркемдік үдеріс контексіндегі орны айқындалады.

Зерттеу сондай-ақ халықаралық әдеби-эстетикалық дискурсты да ескереді. Модернизм мен сюрреализмнің теориялық негіздері Зигмунд Фрейдтің психоанализ ілімімен, Анри Бергсонның интуиция философиясымен, ал постмодернистік мәтін табиғаты Хорхе Луис Борхес шығармашылық тәжірибесімен сабақтастықта қарастырылды. Осылайша, қазіргі қазақ әңгімелерін талдау ұлттық әдеби материалды әлемдік эстетикалық бағыттармен салыстыра зерделеуге мүмкіндік береді.

Аталған көркем және ғылыми дереккөздер зерттеу жұмысының эмпирикалық әрі теориялық базасын құрап, қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістердің

мазмұндық, құрылымдық және поэтикалық ерекшеліктерін кешенді түрде саралауға негіз болды.

3. Талқылануы

Қазіргі қазақ прозасындағы модернистік ағымдарды қарастыру ұлттық әдебиетті әлемдік көркемдік үдерістен бөліп алмай, тұтастықта тануды талап етеді. Модернизм – тек әдеби құбылыс қана емес, XX ғасырдағы рухани дағдарыс, дүниетанымдық өзгеріс және адам санасының жаңаша бағдар алуымен байланысты туған кешенді эстетикалық құбылыс. Еуропалық мәдени кеңістікте қалыптасқан бұл ағым уақыт өте келе түрлі ұлттық әдебиеттерге, соның ішінде қазақ прозасына да ықпал етті. Зерттеушілер модернизмнің бастауын әрқилы кезеңдермен байланыстырғанымен, оның басты сипаты – шындықты тікелей бейнелеуден гөрі адам санасының терең иірімдерін, болмыстың күрделілігін, өмірдің мәнін субъективті тұрғыдан пайымдауға ұмтылыс екені даусыз.

Қазақ әдебиеттануында модернизм мен постмодернизм мәселесі арнайы зерттеліп, олардың ұлттық прозадағы көрініс формалары айқындала бастады. Бұл бағытта Бақытжан Майтанов (Майтанов, 2004: 6) модернизмді жоғары шындық пен тұтастықты іздейтін көркемдік ұстаным ретінде бағаласа, Дүкен Мәсімханұлы (Мәсімханұлы, 2023) оны авангардтық, антидәстүршіл ағымдардың жиынтық атауы ретінде қарастырады. Ал Жанғара Жарылғапов (Жарылғапов, 2009: 258) қазақ прозасындағы модернизмнің кеңестік кезеңдегі рухани құндылықтарды қайта бағалау үдерісімен сабақтас дамығанын атап көрсетеді. Ғалымдардың пайымдауынша, модернистік поэтика ұлттық прозада өмір шындығын хаос пен абсурд кеңістігі ретінде тану, жатсыну құбылысын бейнелеу, сана ағымы мен ішкі монологқа басымдық беру, мифологизм мен архетиптік образдарды жаңаша игеру арқылы көрініс тапты.

Сюрреализм (фр. surréalisme – «жоғары реализм», «асқан шындық») – модернистік өнер аясында қалыптасқан бағыттардың бірі. Бұл ағымның қалыптасуына француз ақыны Гийом Аполлинердің идеялары ықпал еткені жиі айтылады. Сюрреализм XX ғасырдың алғашқы ширегінде Францияда пайда болып, дадаизмнен бастау алып, 1920-1930 жылдары Еуропа әдебиеті мен өнерінде кеңінен таралды. Кейін ол әлемдік мәдени дамуға елеулі әсерін тигізді. Аталған бағыттың теориялық негіздері Зигмунд Фрейдтің психоанализ ілімімен және Анри Бергсонның интуиция философиясымен сабақтасып жатыр. Сюрреалистер адам санасының терең қабаттарын, бейсаналық үдерістерді, интуитивтік қабылдауды және ішкі психологиялық күйзелістерді дәстүрлі көркемдік нормаларды бұзу арқылы бейнелеуге ұмтылды. Осы тұрғыдан алғанда, сюрреализмді шынайылықтың сыртқы көрінісінен гөрі оның астарлы, иррационалды табиғатын ашуға бағытталған эстетикалық қозғалыс ретінде қарастыруға болады. Адам санасында ғана болатын, адам сенгісіз құбылыстар жиынтығы. Бұдан келіп абсолютті ғажайыптар және адамдардың ғаламға деген эстетикалық қарым-қатынасы туындайды. «Ғажайыптан асқан ғажап нәрсе жоқ», – дейді (Андреев, 1972: 24).

Көркем шығармадағы сюрреалистік бейнелеулерде кейіпкерлердің өзара диалогы көбіне қорқыныш пен үрей атмосферасында беріледі. Мұндай құбылыстың түп негізін адамзат санасының алғашқы кезеңдеріндегі өз көлеңкесінен сескену сезімімен байланыстыратын пікірлер де бар. Ежелгі адамдар өз көлеңкесін көргенде, адам жаны екіге бөлінеді, яғни адамның бойында өзімен қатар жүретін, бірақ көзге көрінбейтін

екінші «мені» бар деп түсінген. Сол «қосарланған болмыс» адамның өз-өзімен сөйлесуіне, сан түрлі сұрақтар қойып, әртүрлі әрекеттерге итермелейді деп сенген. Осы таным уақыт өте келе санада сақталып, көркем әдебиет пен өнерде «қосалқы» немесе «ұқсас бейнелер» туралы түсініктердің қалыптасуына негіз болды. Әдеби мәтінде бұл құбылыс кейіпкердің ішкі монологы мен диалогы түрінде көрініс тауып, психологиялық талдауда адамның өз ойымен оңашалануы, ішкі әлеміне үңілуі ретінде сипатталады. Сюрреализмге тән негізгі белгілердің бірі – кейіпкерлердің түс көруі, елестер мен сандырақ күйдегі көріністер арқылы қоғамдағы алдағы дағдыстарды астарлы түрде бейнелеуі. Мұндай тәсілдер арқылы автор оқырман санасына үрей мен алаңдаушылық сезімін жеткізуге ұмтылады. Уақыт өте келе бұл ерекшелік сюрреалистік поэтиканың тұрақты белгісіне айналды. Сонымен қатар, сюрреализмде қоғамдық өзгерістер тікелей суреттелмей, түс, елес немесе иррационалды көріністер арқылы ишараланады. Жазушы үшін басты мақсат – образдың сыртқы әсемдігінен гөрі, шығарманың оқырманға тигізетін психологиялық әсерін күшейту. Сондықтан мұндай туындыларды оқығаннан кейін оқырман ауыр, мазасыз күй кешуі мүмкін. Сюжеттегі тартыс та дәстүрлі үлгіде құрылмай, көбіне кейіпкердің ішкі қайшылығы, оның өз-өзімен күресі арқылы беріледі. Мысал ретінде Роза Мұқановаңың «Тұтқын» әңгімесін атауға болады. Бұл шығарманың идеялық-философиялық мазмұнына үңілгенде, кезінде сюрреалистердің психиатриялық мекемелердегі науқастарды босатуды талап еткен қозғалыстары еске түседі. Себебі олар мұндай адамдарды қоғам қысымына ұшыраған тұлғалар ретінде қарастырған. Ал шын мәнінде, психикалық ауытқуы бар адамдардың бойында да қайталанбас даралық қасиет бар екені айқын байқалады. Р.Мұқанова кейіпкері – өзін ұлы санайтын, түрлі галлюцинациялық мезеттерге ұшырап отыратын, көз алдындағы елестің сөзін естіп, онымен барынша ақиқат күйде тілдесіп, дауласатын, сөгетін, қынжылатын бақытсыз дімкәс суретші. Аты аталмайды. Себебі – жиі кездесетін оқиға. Мұндай тұлғалар қалыптасқан қағидалар, этикет тәртіптерін сақтамаса да, дұрыс не қате ойланса да, бізге таныс өмірдегішынайы құбылыс екені анық. Көп нәрсе ырықсыздықпен, тысқарыланған пікір, сезім жүйесі немесе жүйесіздігімен сабақтас.

Шығармадағы суретшінің таңбалық белгісі – Әумесер. Әрине, бұл оның өзі тапқан емес, жұртшылық дауысын болжататын, сыртқы әлемдегі бағалау ұстанымдарын білдіретін есім. Сырт назарға мұндай ахуал - өрескел, қорқынышты әрі аянышты. Науқастың өзі ой, қиял дүниесі жағынан азат. Бұл ауытқыған шақтағы азаттық болуға тиіс. Өздері не өздерін тастап кеткен әлемге қатысты ескі әдет, дағды-машықтарын сақтауға ұмтылыс сәттері мүлде құрымаса керек.. Түсінуге қиын жұмбақ құбылысты қызықтай бедерлеуге ұмтылыс – дүниеден ақтық ақиқат іздеу мүмкін еместігін қолдайтын сюрреалистік бедерлеумен байланысты. Әумесер әрекет ететін уақыт пен кеңістікте сюрреализм ұстанымдарына сәйкес тұрақсыз, өзгермелі тұрғыда алынады. Қиял кеңістігінде кейіпкер кейде көшеде, кейде шеберханада жүргендей көрінеді; оны айналасындағы беймәлім «өзгелер» тілге тартып, ол да оларға жауап қатып, олардың кемшіліктерін ашық айтып, бетке басады.Осының бәрі сюрреалистік принциптердің қазіргі қазақ прозасында жетекші позицияңа деген ұмтылыс деп білеміз.

Сюрреализмге тән айқын белгілер қазақ прозасында көркемдік экспериментке бет бұрған кейінгі буын қаламгерлерінің шығармаларында жиі ұшырасады. Бұл бағыттағы ізденістер М.Омарова, Қ.Мүбарак, А.Мырзахмет сынды жас жазушылардың туындыларынан анық байқалады. Атап айтқанда, Мадина Омарованың шығармаларын оқи бастаған сәттен-ақ қалыптасқан әдеби стереотиптердің бұзылып, жаңаша көркемдік ойлаудың орныға бастағанын аңғаруға болады. Оның «Жол үстінде», «Жұмбақ», «Емші апа», «Құдайы тамақ», «Таң алдында», «Күзгі бір кеште» сияқты әңгімелері осының айғағы. Жазушының сюрреалистік сипатта жазылған туындыларының бірі – «Жұмбақ» әңгімесі. Шығарма бірінші жақтан баяндалып, оқырманды бірден психологиялық ширығу жағдайына енгізеді. Әңгіме желісі бойынша бас кейіпкерге достары телефон шалып, жол апатына ұшырағандарын айтып, көмек шақыруды өтінеді. Олар көпір маңында тұрғандарын да хабарлайды. Алайда кейіпкердің «Барлығың амансыңдар ма?» деген сұрағына «Жоқ, аман емеспіз» деген жауап берілуі оқырманға бірден күмән мен үрей ұялатады. Кейіпкер асығыс түрде жедел жәрдем мен құтқару қызметіне хабарласып, өзі де таксимен оқиға орнына жеткенде, достарының сол күні таңертең-ақ қайтыс болғанын біледі. Осы тұста басты сұрақ туындайды: кейіпкерге қоңырау шалған кім? Бұл – досының аруағы ма, әлде кейіпкердің санасындағы елес пе? Егер оны түс немесе қиял десек, онда жол апатының нақты болғаны бұл болжамды теріске шығарады. Ал егер тірі адамдармен сөйлесті десек, олардың әлдеқашан көз жұмғаны белгілі. Әңгіменің бүкіл жұмбақтығы мен сюрреалистік сипаты дәл осы екіұдай күйден туындайды. «Жұмбақ» әңгімесінде түн ортасындағы телефон қоңырауы, аруақпен байланыс орнату сияқты тылсым элементтер арқылы жазушы шынайылық пен қиялдың шекарасын әдейі бұлдыратып, оқырманды белгісіздік пен ішкі алаңдаушылық кеңістігіне жетелейді. Тылсым оқиғалар мен мистикалық элементтер фэнтезилік реңктен гөрі сюрреализм ұсынатын көркемдік талаптардың ерекшеліктері деген тұжырым жасаймыз. Осындайлық стиль өрнектері жас жазушы Алмаз Мырзахметтің неше әңгімелерінде кездеседі. Қаламгердің «Жазушы жазбасы» әңгімесінде реалды өмір мен кейіпкерлер әлемін контрастқа құра отырып өзіндік көркем антропология жасауға ден қояды. «Құлағымның түбіне демалып, қан ұйып қалған көздерін таңдана жұмып-ашып, шашымды иіскеп, мен қозғалған сәтте бұрышқа дыбыссыз жетіп барып, отыра қалатын шығар», – деп ойлап жатқанда ұйықтап кетіппін. Сол түні үйде жалғыз еместігімді түсіндім. Кейін ол қызды тағы көрдім, екі рет. Мүмкін көрмедім бе? Бірде әдеттегідей таңертен тамақтануға сыртқа шықтым да, әңгіменің ауанымен есікті кілттеуді ұмытқаным есіме түсіп, пәтерге қайтып барғанмын. Баспалдақпен көтеріліп келе жатқанда байқадым, кілт салатын ұңғыдан қап-қара көз жылтылдап қарап тұрды. Мен алғашында орнымда бөгеліп қалып, сосын түк байқамағансып келдім де, есікті кілттедім, сосын жедел баспалдақтарға қарай ұмтылған едім. Ендігәрі, пәтерге көтеріліп келе жатқанда құлыптың ұңғысына қарамайтын болдым. Мүмкін ол қарап тұрған шығар... Соңғы рет өрттің ішінен көргенмін» (Мырзахмет, 2013: 52). Бұл үзіндіде автор кейіпкердің ішкі психологиялық күйзелісін, қорқыныш пен белгісіздік сезімін сюрреалистік тәсілдер арқылы жеткізеді. Шынайылық пен елестің шекарасы жойылып, мәтінде иррационалды кеңістік қалыптасады, ал бұл өз кезегінде кейіпкер санасындағы үрей мен екіұдай күйді тереңдете түседі.

Модернистік әдебиеттің маңызды бағыттарының бірі саналатын сюрреализм қазіргі қазақ прозасының даму үдерісінде өзіндік орны бар көркемдік құбылыс ретінде танылады. Қаламгерлер адам санасының терең қабаттарындағы қайшылықтарды, психологиялық күйзелістерді, үрей мен алаңдаушылықты, таңданыс пен дағдарыс сәттерін шынайылықты әдейі бұрмалау арқылы бейнелеуге ұмтылады. Мұндай тәсілдер өмір шындығын дәстүрлі түрде көрсету шеңберінен шығып, көркем ойлаудың жаңа формаларын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде сюрреалистік бейнелеу жүйесі қазақ прозасында жетекші бағытқа айналмаса да, оның көркемдік-эстетикалық дамуына елеулі ықпал етіп, шығармашылық ізденістердің аясын кеңейтті.

Қазіргі қазақ әңгімелерінің ерекшеліктерін сөз еткенде, кейінгі жылдардағы көркем ойлау бағдарынан мифтік бейнелеуге деген айрықша ұмтылыстарды байқар едік. Қазіргі таңда ежелгі мифтердің жаңа дәуір әдебиетінде қайта түрлену үрдісі байқалуда.

Мифологизм қазақ прозасында болмыс табиғатын, адам өмірінің мәнін философиялық тұрғыдан пайымдаудың маңызды тәсілі ретінде дамытылды. Осы тұрғыдан алғанда, неомифологизм құбылысы модернистік сипаттағы көркемдік ізденістерді толықтырып, тәуелсіз кезең әдебиетінде өзіндік орны бар бағыттардың біріне айналғаны байқалады (Жарылғапов, 2009: 254). Зерттеушілердің пікірінше, миф поэтикасы қазіргі әдебиетте уақыт пен кеңістік аясын кеңейтіп, мәдени символдар мен ассоциациялар жүйесін байыта түседі. Соның нәтижесінде бұрыннан белгілі архетиптік үлгілер жаңа мазмұнмен қайта жаңғырып, көркем мәтінде жаңа қызмет атқара бастайды (Ісімақова, 1998: 381-382). Сондай-ақ қазіргі қазақ қаламгерлері мифологиялық сюжеттер мен бейнелерді авторлық идеяны ашудың, көркемдік жүйені тереңдетудің тиімді құралы ретінде саналы түрде қолданады. Бұл ретте мифтік трансформация тәсілдері шығармашылық тұрғыдан жаңаша игеріліп, заманауи әдеби контексте дамытылуда (Аймұхамбетова, 1999: 54). Қазіргі зерттеулерде мифопоэтиканың көркем мәтіндегі нақты көріністері реминисценция, мотив, аллюзия, аллегория және дәйексөз сияқты формалар арқылы талданып, олардың құрылымдық және семантикалық қызметі жан-жақты қарастырыла бастады (Ғалиева, 2006: 32).

Миф көркем мәтіннің құрылымына сіңіп, белгілі бір дәрежеде өзгеріске ұшырайды және соның нәтижесінде көркемдік сипатқа ие болады. Осы трансформация үдерісі негізінде қалыптасатын мифопоэтикалық форма миф пен әдебиетті өзара байланыстыратын маңызды көркемдік механизм қызметін атқарады. Сонымен қатар, мифопоэтикалық құрылым көне архаикалық үлгілерді жай ғана қайталау емес, керісінше автордың дара шығармашылық ізденісінің нәтижесі ретінде көрінеді.

Модернистік прозада мифологиялық аллегорияның қызметі өзгеріп, ол шығарманың сыртқы құрылымынан гөрі ішкі мағыналық қабатына, терең семантикалық өзегіне қарай ығысты. Соның нәтижесінде оның жинақтаушылық мүмкіндігі кеңейіп, символдық мазмұны күрделене түсті. Мифологияға интеллектуалдық тұрғыдан жаңаша көзқарас қалыптасып, мифтік элементтерге жаңа эстетикалық сипат беру үрдісі күшейді. Бұл, түптеп келгенде, мифологизмнің көркем дүниетанымның өзегіне айналуымен тығыз байланысты. Қазақ прозасында

айқын байқалған «мифологизация» үдерісі шығармалардың құрылымдық жүйесіне, бейнелеу тәсілдері мен баяндау формаларына елеулі өзгерістер енгізгені қазіргі зерттеулерде жиі атап өтіледі. (Бейбытова, 2002: 22-26).

Қазіргі қазақ прозасында жиі кездесетін мифологиялық образдардың бірі – кентавр бейнесі. Асқар Алтай шығармашылығындағы бұл образ жылқытектес болмыс арқылы қазақтың рухани табиғатын, түркілік дүниетанымның негіздерін танытады. Қазақ үшін жылқы тек тұрмыстық мәнге ие жануар ғана емес, ұлттық болмыс пен мәдени кодтың ажырамас бөлігі. Осы тұрғыдан алғанда, кентавр образы еуропалық танымдағы көшпенділердің символы ретінде қабылданумен қатар, қазақ дүниетанымындағы архетиптік мәнге де ие. Автордың лирикалық кейіпкері осы ерекше болмыстың иесі ретінде кентавр бейнесіне еніп, көркем антропологиялық тұрғыда жаңаша сипат алады.

Қаламгердің «Кентавр» әңгімесін көркем антропология тұрғысынан қарастырғанда, шығарма өзегіне құлын кейпіндегі сәбидің дүниеге келуі алынғанын байқаймыз. Фантастикалық антропология элементтері көрініс тапқан шағын көлемді туындыда автор экологиялық мәселелерді, ата-аналық жауапкершілікті, өмірге деген құштарлықты және өзге де әлеуметтік-адамгершілік проблемаларды қатар қамтиды. Әңгіме атауының өзі – жартылай адам, жартылай жануар кейпіндегі бейнеге қатысты әлемдік әдеби дәстүрмен сабақтас.

Кейіпкердің ертегілік сипаттағы жылдам жетілуі мен мифологиялық пішіні шығарманың көркемдік әсерін күшейтіп, оған ерекше символдық реңк береді. Жазушы ұсынған туынды ертегі, миф және заманауи әңгіменің синтезі ретінде көрініп, фантастикалық антропология белгілерімен астасады.

Қазақ прозасында байқалған мұндай үрдістерді архетиптік тұрғыдан түсіндіруде зерттеушілер миф поэтикасының уақыт пен кеңістік аясын кеңейтіп, мәдени символдар мен ассоциациялар жүйесін байытатынын атап өтеді. Соның нәтижесінде бұрыннан белгілі архетиптік модельдер жаңаша мазмұнда қайта жанданып, қазіргі көркем мәтінде жаңа қызмет атқара бастайды. (Ісімақова, 1998: 381-382).

Дәурен Қуаттың «Тас монша» әңгімесіндегі мифтік бейенелеу ерекшеліктері назар аудартады. Аталмыш шығарма әлі де болса сыншылар тарапынан толық бағасын алып үлгерген жоқ. Десек те қаламгердің миф поэтикасына деген іш тартушылығы, поэтикалық түзілістегі мифологиялық реминсценцияладың мүмкіншіліктерін пайдалануда біршама жетістіктерге жете алған. Әңгімедегі Ақжан образы арқылы жазушы бүгінгі күннің, қоғамның рухани келбетін ашады. Зұлым пейіл дүлей топтың құрбаны болып, ары тапталған Ақжанның барлық әрекетінен сиқы кеткен қоғам мен рухани азған адамдарға деген қарсылық білінеді. Азғындық пен дүлей күш Ақжандай періште жаратылысқа аяушылық білдірмеді, шексіз азап шектірді, тәнін де, жанын да қинайды. Автордың көркемдік тәсілінде философиялық ой ағымы, мистикалық элементтер мен қиялға құрылған бейнелер шынайы өмір көріністерімен шебер ұштасып, тұтас бір эстетикалық кеңістік түзеді. Қаламгер аңыздық желі мен нақты болмыс арасындағы шекараны әдейі бұлдыратып, модернистік әдебиетке тән трагедиялық сананы – адамның абсолютті жалғыздығы идеясын көркемдік тұрғыдан тереңдетіп көрсетеді.

Жалпы қоғамдық болмыстағы, адам санасындағы түбегейлі өзгерістер мен метамарфозаларға үңілгенде кейінгі проза өкілдері архетипке көбірек иек артты. Мәселен, Думан Рамазанның «Көш» әңгімесіндегі көш архетипінің жаңа түрленуіне көз жеткіземіз. Онда ел тарихы түрлі ракурста алынып, мифтендіріліп, сакралданып бейнеленеді. Жазушы Б.Сарыбайдың «Ертегі» әңгімесінде фольклорлық сипат тек композициялық құрылым мен стильдік деңгейде ғана емес, сонымен қатар кейіпкердің әрекеті мен дүниетанымына да тереңдей еніп, тұтас көркемдік жүйені айқындайды.

Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік тәсілдердің бірі – постмодернизм. Постмодернизм көрінісі ұлттық әдебиеттің ішкі эволюциясымен сабақтаса отырып, мәтін құрылымының фрагменттілігі, көпдауыстылық, интермәтіндік байланыстар мен авторлық позицияның көмескіленуі арқылы айқындалады. Профессор Бақытжан Майтанов атап өткендей, постмодернистік поэтика өмір құбылыстарын үлкен-кіші деп жіктемей, күнделікті тіршіліктің өзінен мән іздеуге бейім, ирония мен күмәнді жетекші эстетикалық ұстанымға айналдырады; бұл сипат қазіргі қазақ әңгімелерінде де байқалып, кейіпкер болмысы дәстүрлі моральдық өлшемдерден тыс, рухани дағдарыс, жатсыну, ішкі бытыраңқылық аясында ашылады. А.Ісмақова постмодернизмнің екіұштылық, көпмағыналық, уақыт пен кеңістіктің шарттылығы секілді белгілерін айқындаса, бұл үрдіс әңгіме жанрында хронологиялық тұтастықтың бұзылуы, "осы шақ" доминантты баяндау, мәтін ішіндегі мәтін тәсілдері арқылы көрініс табады. Зерттеуші Людмила Сафронова талдаған «оқырман–кейіпкер–автор» жүйесіндегі рөлдердің алмасуы да қазіргі әңгімелерде байқалып, авторлық «меннің» әлсіреуі мен интерпретация еркіндігі күшейеді. Ал Дандай Ысқақ сынды ғалымдар постмодернизмді ұлттық болмысқа сын ретінде қарастырғанымен, бүгінгі қазақ әңгімесі жаһандану жағдайында интертекст, реминисценция, пародиялық модус, ойын элементтері арқылы жаңа көркемдік кеңістік қалыптастырып, ұлттық әдебиеттің постмодерндік дискурспен өзара ықпалдастығын айғақтайды.

Аталған көркемдік тәсілмен жазылған қазіргі прозалық шығармалардың қатарынан Асқар Алтайдың «Түсік» әңгімесін ерекше атап өтуге болады. Шығарма композициялық тұрғыдан үш бөліктен тұрып, оның алғашқы бөлігі кіріспе сипатындағы авторлық баяндауға негізделген. Әңгімеде кейіпкердің түс көруі арқылы ерекше көркемдік кеңістік жасалады: ол өзін жатыр ішіндегі ұрық ретінде қабылдайды. Бұл жерде қарапайым физиологиялық бейне емес, кейіпкердің ішкі жан дүниесі мен психологиялық күйі символдық деңгейде көрініс табады. Түс мотиві шығармада маңызды семантикалық қызмет атқарады. Автор символды тікелей түсіндіруге ұмтылмай, оны мәтіннің астарлы қабатында сақтайды. Жатыр ішіндегі ұрық бейнесі оқырманға таныс болғанымен, оның көркемдік қызметі терең философиялық мазмұнмен астасады. Осылайша, түс элементі шығарманың идеялық өзегін айқындап, мәтіннің тұтастығын қамтамасыз ететін негізгі көркемдік құралға айналады.

«Түлен түртті пендені...

Түсінде түсік көрді. Түсік – түсік емес, түсікке айналған мұның өзі. Бармақтай ғана жан иесі екен. Ештеңемен ісі жоқ. Жөнімен жүзіп жүр. Жүзіп жүрген мекені –

жатыр. Биттің қабығындай жұқа жатыр іші – жұмбақ әлем. Жұқа жарғақ жарылып кетердей толқып-толқып қояды. Жұмсақ құрсақ баяғы балалық шағында шаңырақта үрлеулі тұрған қарындай шайқала толқығанда, көгілдір әлемде балықтай жүзген бұл бесіктей тербеледі. Бірақ тұншықпайды. Емін-еркін тыныстайды» (Алтай, 2008: 124). Ары қарай шығармада түсік күйіне түскен кейіпкердің санасындағы алғашқы ой-толғаныстар біртіндеп ашылады. Автор кейіпкердің өткен өмірін екінші бөлімде көрсету арқылы оның қазіргі жағдайға қалай жеткенін түсіндіреді. Кейіпкердің бұрынғы тіршілігі – еркін, жауапкершіліксіз өмір салты, моральдық тұрақсыздық пен нәпсіге ерік беру арқылы сипатталады.

Жазушы бұл тұсты ирония мен астарлы баяндау арқылы жеткізіп, кейіпкердің ішкі қайшылығын тереңдете түседі. Әсіресе оның екі әйелдің арасында қалуы, болашақ өмірге деген жауапкершіліктен қашуы шығарманың негізгі конфликтісін айқындайды. Шығармада өң мен түстің ара-жігі әдейі бұлдырланып, кейіпкердің психологиялық күйзелісі күшейтіледі. Ол қабылдаған шешім – түсік жасату – сыртқы әрекет қана емес, оның ішкі рухани дағдарысының көрінісі ретінде беріледі. Осы арқылы автор адам санасындағы моральдық таңдаулар мен олардың салдарын философиялық деңгейде пайымдайды. (Алтай, 2008: 125-126).

Автор бұл тұста кейіпкердің әйелі Санабике мен ашынасы Балкенже арасындағы диалог арқылы олардың Биболға деген көзқарасын ашық (эксплицитті) түрде жеткізсе, ал кейіпкердің болмысына қатысты өз авторлық ирониясын астарлап (имплицитті) береді. Диалог барысында әйелдің сөзінен Биболдың жауапсыз, жеңілтек әрекеттеріне деген ашу-ыза мен моральдық айыптау анық байқалады.

Кейіпкердің бұрынғы өмір салты мен жасаған әрекеттері көрсетілгеннен кейін, автор қайтадан оның түс әлеміндегі күйіне оралады. Осы сәттен бастап шығармада реалды өмір мен иррационалды кеңістік астасып, сюжеттік желі күрделене түседі. Түс көру арқылы берілген көріністер кейіпкердің ішкі жан дүниесіндегі күйзеліс пен рухани дағдарысты тереңдетіп көрсетеді.

Фантастикалық сипаттағы бұл эпизодта кейіпкер өзін «түсік» күйінде сезініп, жоғары күштен көмек сұрайды. Оның жалбарынысы арқылы адамның моральдық таңдауы, күнә мен жауапкершілік мәселелері көркемдік тұрғыдан айқындалады. Сонымен қатар, кейіпкердің қай әйелдің құрсағында екенін білмеуі және оқиғаның нақты шешімінің берілмеуі мәтінде белгісіздік эффектісін күшейтеді.

Шығарма соңында бұл жағдайдың анық жауабы ұсынылмайды, яғни автор шешімді оқырманның интерпретациясына қалдырады. Бұл – постмодернистік поэтикаға тән негізгі белгілердің бірі. Белгісіздік, көпмәнділік және күмән категориялары мәтіннің басты құрылымдық принципіне айналып, оқырманды белсенді ойлануға жетелейді.

Автор бұл эпизодта әке мен бала арасындағы тартысты символикалық деңгейде бейнелеп, оны жатыр ішіндегі екі «түсік» арасындағы қақтығыс арқылы көрсетеді. Кейіпкер бастапқыда екінші ұрықты өзімен егіз, жақын болмыс ретінде қабылдағанымен, көп ұзамай оның жат, тіпті жау бейнеге айналғанын аңғарады. Осы сәтте туындайтын қақтығыс кейіпкердің ішкі жан дүниесіндегі қайшылықтарды, моральдық күйзелісті тереңдете түседі. Жазушы тар кеңістік – жатыр бейнесін пайдалана отырып, оны сыртқы әлеммен астастырады және кейіпкер санасында

күрделі философиялық сұрақтарды туындатады. Оның қай құрсақта екенін білмеуі, екі түрлі өмірдің арасында қалуы – таңдау, жауапкершілік және кінә мәселелерін астарлап жеткізудің көркемдік тәсілі ретінде көрінеді. Сонымен қатар, ұрықтар арасындағы күрес кейіпкердің өз-өзімен ішкі тартысының көрінісі ретінде қабылданады. Бұл жерде физикалық қақтығыстан гөрі, психологиялық және экзистенциалдық деңгейдегі дағдарыс алдыңғы қатарға шығады. Осы арқылы автор адамның санасындағы үрей, кінә және таңдау дилеммасын символикалық кеңістікте бейнелейді. (Алтай, 2008: 132-133). Осы тұста екі ұрықтың (түсіктің) арасында тартыс басталады. Соңында ұрыққа (түсікке) айналған пенденің сірі жаны сірне әлемге сылынып шығады. Автор уақыт пен кеңістікті көркем шығармада түрлі құбылтып, ерекше әдеби техникамен ойнатқанын анық көреміз.

Сонымен қатар шығармада қоғамдағы тастанды бала мәселесінің өзектілігі де астарлы түрде көтерілген. Автор ұрық бейнесіне енген кейіпкер арқылы әлеуметтік және моральдық сипаттағы күрделі мәселелерді көркемдік тұрғыда бейнелейді. Әңгіме соңында кейіпкердің өз дауысынан шошып, түс күйінен оянуы арқылы оқиға аяқталады. Шығарма финалында нақты қорытынды ұсынылмай, автор шешімді оқырманның интерпретациясына қалдырады. Мұндай ашық финал постмодернистік поэтикаға тән ерекшелік болып табылады, онда белгісіздік пен көпмәнділік негізгі эстетикалық принциптердің бірі ретінде көрінеді.

Постмодернистік поэтика элементтері көрініс тапқан шығармалардың бірі ретінде М.Мағауиннің «Қасқыр – Бөрі» әңгімесін атауға болады. Туынды жанрлық тұрғыдан әдеби эссеге жақын болғанымен, оның астарындағы идеялық-философиялық мазмұн әлдеқайда терең. Жазушы шығарманы дәстүрлі баяндау үлгісінде құрғанымен, постмодернизмге тән тәсілдерді ұтымды қолдана білген. Әңгімеде сырттай қарағанда қасқыр бейнесі сөз болғанымен, бұл – қарапайым жыртқыш аң емес, рухани-символдық деңгейде интерпретацияланған бөрі образы. Автор бұл арқылы ұлттық болмыс пен тарихи жадыны жаңғыртуға ұмтылады. Шығармада айқын белгісіздік басым болмаса да, оқырманды күмән мен ойға жетелейтін көпқабатты мағына сақталады. М.Мағауиннің көркемдік тәсілі әлемдік постмодернизм өкілдерінің тәжірибесімен үндеседі. Мәселен, Х.Л. Борхестің мәтінді қайта жазу, интертекстуалдық байланыстар орнату сияқты амалдары мұнда өзгеше сипатта көрініс табады. Жазушы бұрыннан белгілі мазмұнды жаңа контексте ұсынып, тарихи және қазіргі кезеңді параллель қоя отырып, ұлттық рухтың эволюциясын бейнелейді. Бұл тұрғыда шығармада параллелизм тәсілі маңызды рөл атқарып, оқырман санасына ықпал етудің тиімді құралына айналады. Сонымен қатар, бөрі бейнесі қазақ дүниетанымындағы тотемдік символ ретінде алынып, ұлттың рухани кодының көрінісі ретінде танылады. Автор бөріні тек күш немесе айла белгісі емес, ең алдымен рух пен жүректің символы ретінде интерпретациялайды. Осылайша, «Қасқыр – Бөрі» әңгімесі ұлттық мифологиялық таным мен постмодернистік көркемдік ізденістерді тоғыстыра отырып, қазақ болмысының терең қабаттарын жаңаша пайымдауға мүмкіндік береді (Мағауин, 2004: 44). Жазушы шығарманың жалпы мазмұнын осы идеялық негізге құра отырып, әртүрлі әдеби ойын элементтерін шебер үйлестіреді және сол арқылы оқырманды мағыналық адасудан сақтауға

ұмтылады. Автор көркемдік үдерістің ұйымдастырушысы ретінде түрлі «маскалар», көріністер мен тарихи контекстілерді ұсына отырып, олардың өзара орын алмастыруы арқылы мәтіннің көпқабатты құрылымын қалыптастырады. Шығармадағы диалогтар дәстүрлі прозадағыдай классикалық формада берілмей, мәтін ағынына тікелей еніп, кей тұстарда авторлық баяндаумен астасып жатады. Бұл тәсіл постмодернистік дискурсқа тән ерекшелік ретінде көрініп, мәтіннің құрылымдық еркіндігін арттырады және оқырман қабылдауына жаңа деңгейде ықпал етеді.

Аллюзияның көпшілікке таныс әлеуметтік-мәдени құбылыстарға сүйене отырып, көркем мәтін семантикасын тереңдететінін ескерсек, шығармада бұл тәсілдің айқын қолданылғанын байқаймыз. Кейіпкердің жеке тағдыры арқылы белгілі бір тарихи кезеңнің әлеуметтік ахуалы, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен психологиялық күйі астарлы түрде бейнеленеді. Мәтіндегі соғыс кезеңіне қатысты ишаралар – ауыл ерлерінің жаппай майданға аттануы, олардың көпшілігінің қайтып оралмауы, отбасылардың үміт пен күдік арасында өмір сүруі – тұтас бір дәуірдің трагедиялық келбетін танытады. Осы арқылы автор жеке естелік пен ұжымдық тарихи жадыны тоғыстырып, оқырман санасында кең әлеуметтік контекст қалыптастырады. Берілген үзіндіде кейіпкердің балалық шағы мен тарихи танымының көмескілігі көрсетілгенімен, соғыс шындығы оның санасында айқын әрі терең із қалдырғаны аңғарылады. Бұл – аллюзияның көркем мәтіндегі қызметін айқындайтын маңызды белгі, яғни жеке тәжірибе арқылы қоғамдық шындықты жеткізу. Осылайша, шығармада аллюзиялық тәсіл тек көркемдік құрал ғана емес, тарихи жад пен ұлттық сананы жаңғыртудың тиімді амалы ретінде қызмет атқарады (Мағауин, 2004: 45).

Әңгімеде қасқыр мен бөрі бейнелерінің тарихи трансформациясы арқылы ұлттық болмыстың эволюциясы көркем түрде бейнеленеді. Автор мыңжылдықтар бойындағы өзгерістерді символдық деңгейде көрсетіп, бөрінің қасқырға айналуы мен қайтадан бастапқы болмысына оралу идеясын әртүрлі тарихи кезеңдермен байланыстыра суреттейді. Осы арқылы шығармада «қасқыр» мен «бөрі» ұғымдарының мәні терең философиялық және мәдени астармен ашылады. Мәтінде бұл образдардың бір-бірінен ажырамас, өзара мәндес екені көрсетіле отырып, олардың айырмашылығы сыртқы кейіпте емес, ішкі мазмұнда, яғни рухани болмыста екені айқындалады. Жазушы «тері» мен «рух» ұғымдарын қарама-қарсы қоя отырып, ұлттық рухтың жойылмайтындығын, оның уақытша тарихи жағдайларға байланысты өзгеріске ұшырағанымен, өз негізін сақтап қалатынын меңзейді. Бұл тұста автор аллюзия тәсілін шебер пайдаланып, Кеңестік кезеңдегі идеологиялық қысым мен рухани күйзелісті астарлы түрде жеткізеді. Қазақ халқының ұзақ уақыт бодандықта болғаны, ұлттық рухты әлсіретуге бағытталған әрекеттердің орын алғаны көркем мәтін арқылы ишарамен беріледі. Алайда жазушы ұлттық рухтың толық жойылмағанын, оның халық жадында сақталып қалғанын ерекше атап көрсетеді. Шығарма құрылымында «қасқырдан бөріге қайта оралу» идеясы болашаққа бағытталған үміт ретінде ұсынылады. Бұл – тек көркемдік қиял емес, ұлттық жаңғыру концепциясының символдық көрінісі. Автор оқырманды осы идеяға сенуге шақыра отырып, шығарманың интерпретациясын ашық қалдырады. Осы тұрғыдан алғанда, мәтіндегі көпмәнділік пен болашаққа бағдарланған тұспал постмодернистік поэтиканың негізгі

белгілерінің бірі ретінде танылады (Мағауин, 2004: 52-53). Автордың шығарманы осылайша күрт өзгеріспен аяқтауы да кездейсоқ емес. Өйткені тарихи құлдыраудан кейін қоғамның қайта жаңғыратынына сенетін көзқарас әрдайым бар. Осы тұрғыдан жазушы бастапқы «қасқыр» концепциясын қайта қарастырып, оны болашаққа үміт артатын «бөрі» идеясына бағыттайды. Бұл жерде қасқыр мен бөрі бейнелері тек зоологиялық ұғым ретінде емес, ұлттық рухтың түрлі кезеңдердегі күйін білдіретін символдық категориялар ретінде көрінеді.

Жазушы олардың тарихи сабақтастығын көрсете отырып, «қасқыр» мен «бөрі» атауларының сырттай ұқсас болғанымен, ішкі мазмұны мен рухани деңгейі әртүрлі екенін айқындайды. Алғашқы бөрі – түпкі рухани негіздің көрінісі болса, кейінгі қасқыр – сол негізден алыстаған, рухани әлсіреген күйдің белгісі ретінде сипатталады. Осылайша, шығармада ұлттық болмыстың тарихи трансформациясы мен оның болашақтағы қайта жаңғыру мүмкіндігі концептуалдық тұрғыда ұсынылады. Автордың мәтін ішінде бөлім атауларын алмастырып, бір мазмұнды әртүрлі интерпретацияда қайта ұсынуы – «мәтін ішіндегі мәтін» (метатекст) тәсілінің көрінісі. Бұл оқырманды бір ғана мағыналық шешіммен шектемей, бірнеше интерпретация мүмкіндігін қарастыруға жетелейді. Аталған бағыттағы көркемдік ізденістердің тағы бір өкілі – Айгүл Кемелбаева. Оның «Ағаш үй» әңгімесінде постмодернистік поэтика кейіпкердің ішкі психологиялық күйін бейнелеу арқылы көрініс табады. Шығармадағы негізгі кейіпкер – жас жазушы Әсияның бойындағы үрей мен қорқыныш сезімі мәтіннің бастапқы желісін құрайды. Түс көру мотиві арқылы кейіпкер санасында қалыптасқан бейсаналық қорқыныштар, аруақтар мен иррационалды бейнелер көркемдік жүйеге енгізіледі. Әсияның қиял мен шындық арасындағы күйі, бір жағынан, шығармашылық тұлғаның ішкі әлемін танытса, екінші жағынан, постмодернистік дискурсқа тән тұрақсыздық пен белгісіздік элементтерін айқындайды. Кейіпкердің санасында пайда болатын көріністер – оның дүниетанымының қалыптасу үдерісімен тығыз байланысты. Жазушы бұл арқылы жас тұлғаның рухани өсуі мен қорқыныш арқылы өзін тану процесін психологиялық тереңдікпен бейнелейді. Шығарма соңындағы символикалық детальдар – табиғат көріністері мен түстік бейнелер – мәтіннің көпқабатты мағынасын тереңдетіп, оқырманға ашық интерпретация мүмкіндігін ұсынады. Бұл да постмодернистік әдебиетке тән негізгі белгілердің бірі болып табылады. (Кемелбаева, 2012). Осындай оймен әңгіме шорт үзіледі. Ал осыдан не түсіндіңіз? Постмодернизмге сай әңгіменің түйінін айтудан қашу шығар. Оны оқырманның еншісіне қалдырады.

«Ағаш үй» шығармасында автор әрекет пен қиялды, мақсат пен күйзелісті, ішкі қайшылық пен терең мұңды біртұтас көркемдік жүйеге біріктіріп, қазақ прозасында жаңа құрылымдық модель қалыптастырады.

Қорыта айтқанда, қазіргі заманғы қазақ әдебиетінде жаһандық әдеби үдеріс шеңберіндегі постмодернизм ағымының теориялық ұстанымдарына сүйене отырып жазылған туындылардың бар екендігі анық аңғарылады. Бұл шығармаларда мәтіннің фрагментті құрылымы, интертекстуалдық байланыстар, авторлық позицияның көмескіленуі, ирония мен ойын элементтерінің белсенді қолданылуы, шындық пен қиялдың шекарасының шартты сипат алуы сияқты постмодернистік поэтиканың

негізгі белгілері көрініс табады. Сонымен қатар, дәстүрлі баяндау үлгілерінен бас тартып, көпдауыстылық пен мағыналық көпқабаттылыққа ұмтылу, уақыт пен кеңістік категорияларын еркін игеру, ұлттық миф пен тарихи жадты жаңаша интерпретациялау үрдісі де айқын сезіледі.

4. Зерттеу нәтижесі

Ғылыми-зерттеу мақаласын жазу барысында қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістердің мазмұндық әрі поэтикалық тұрғыдан елеулі жаңаруға түскені айқындалды. Зерттеу нәтижесінде қазіргі қазақ прозасында модернистік және постмодернистік көркемдік ұстанымдардың ұлттық әдеби дәстүрмен сабақтаса дамып, жаңа эстетикалық кеңістік қалыптастырғаны анықталды.

Біріншіден, қазіргі қазақ әңгімелерінде модернистік дүниетаным белгілері – адам болмысының дағдарысты күйін бейнелеу, жатсыну құбылысы, сана ағымы, ішкі монолог, уақыт пен кеңістіктің шарттылығы, абсурд пен хаос эстетикасы кеңінен қолданылатыны байқалды. Бұл үрдіс кейіпкердің ішкі психологиялық әлемін тереңдете ашуға, адам санасының күрделі иірімдерін көркемдік нысанаға айналдыруға мүмкіндік берген. Әсіресе сюрреалистік тәсілдер арқылы түс көру, елес, галлюцинация, қосарланған сана, қорқыныш пен үрей атмосферасын жасау қазіргі әңгімелердің көркемдік табиғатын айқындайтын белгілердің біріне айналғаны дәлелденді.

Екіншіден, зерттеу барысында мифологизм мен неомифологизм құбылысының қазіргі қазақ әңгімелерінде белсенді сипат алғаны анықталды. Жазушылар мифтік сюжеттер мен архетиптік образдарды (кентавр, көш, бөрі, т.б.) жаңаша интерпретациялап, оларды философиялық-символикалық деңгейде игеру арқылы ұлттық дүниетанымды заманауи рухани мәселелермен ұштастырады. Мифопоэтикалық құрылым шығарманың ішкі астарына көшіп, көркем мәтіннің семантикалық аясын кеңейтіп, символдық мағыналық қабатын тереңдететінін айқындалды.

Үшіншіден, постмодернистік поэтика элементтері – мәтіннің фрагментті құрылымы, интертекстуалдық байланыстар, аллюзия мен реминисценция, авторлық позицияның көмескіленуі, ирония мен ойын элементтері, көпнұсқалы финал, ашық мәтін қағидасы қазіргі қазақ әңгімелерінде орныға бастағаны дәлелденді. Шығармаларда оқырманға дайын қорытынды ұсынылмай, шешім интерпретация кеңістігіне қалдырылады. Бұл – әдебиеттің диалогтық табиғатын күшейтіп, «оқырман–мәтін–автор» қатынасын жаңа деңгейге көтергенін көрсетеді.

Төртіншіден, қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістер ұлттық рухани-тарихи тәжірибені жаңаша пайымдауға бағытталғаны айқындалды. Тарихи жады, тотемдік символдар, ұлттық архетиптер (мысалы, бөрі образы) арқылы қоғамдық санадағы өзгерістер мен рухани трансформациялар көркемдік тұрғыдан бейнеленеді. Бұл құбылыс әдебиеттің тек эстетикалық тәжірибе ғана емес, рухани-мәдени рефлексия алаңы екенін көрсетеді.

Зерттеу нәтижесінде қазіргі қазақ әңгімелері жанрлық, құрылымдық және стильдік тұрғыдан жаңару үстінде екені, модернизм, сюрреализм, неомифологизм және постмодернизм элементтерінің ұлттық көркемдік ойлаумен ұштасуы арқылы тың эстетикалық сапаға көтерілгені тұжырымдалды. Қазіргі қазақ әңгімесі дәстүрлі

реалистік баяндаудан алшақтай отырып, әлемдік әдеби үдерістегі заманауи бағыттармен үндесе дамып, ұлттық әдебиеттің көркемдік көкжиегін кеңейтіп отырғаны дәлелденді.

5. Қорытынды

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ әңгімелері ұлттық әдебиеттің даму үдерісінде жаңа көркемдік сапаға көтерілгенін аңғартады. Зерттеу барысында бұл жанрдың тек тақырыптық тұрғыдан ғана емес, поэтикалық, құрылымдық, стильдік жағынан да елеулі жаңаруға түскені анықталды. Қазіргі прозада дәстүрлі реалистік баяндау үлгісімен қатар модернистік және постмодернистік эстетика элементтері кеңінен қолданылып, адам болмысының ішкі қайшылықтарын, рухани дағдарысын, қоғам мен тұлға арасындағы күрделі қатынастарды терең бейнелеуге мүмкіндік беріп отыр.

Әңгіме жанрындағы көркемдік ізденістер ең алдымен баяндау формасының түрленуімен, уақыт пен кеңістік категорияларының шарттылығымен, кейіпкер психологиясының тереңдетіле суреттелуімен, символдық және мифологиялық астарлардың күшеюімен сипатталады. Интертекстуалдық байланыстар, фрагментті құрылым, ирония, ашық финал сияқты постмодернистік тәсілдер мәтіннің мағыналық қабатын кеңейтіп, оқырманның интерпретациялық мүмкіндігін арттыра түседі. Бұл құбылыстар қазақ әңгімесінің әлемдік әдеби үдерістегі заманауи бағыттармен сабақтастығын көрсетеді.

Сонымен бірге қазіргі қазақ әңгімелері ұлттық дүниетаным, тарихи жады, мәдени архетиптер негізінде жаңаша мазмұнға ие болып, дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімін танытады. Жазушылар көркемдік форма мен мазмұнды ұштастыра отырып, заманауи қоғамның рухани-психологиялық ахуалын бейнелеуге ұмтылады. Нәтижесінде әңгіме жанры көркемдік эксперимент алаңына айналып, әдебиеттің ішкі мүмкіндіктерін кеңейтетін эстетикалық кеңістік қалыптастырады.

Осылайша, қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістер ұлттық әдебиеттің жаңару, түрлену, әлемдік әдеби кеңістікпен ықпалдасу үдерісін айқындайтын маңызды құбылыс ретінде бағаланады.

Әдебиеттер:

1. Абдуллина А., Доскеева Ш. Архетиптік бейне – постмодернистік әдебиеттегі дискурстық тоғысудың дәнекері // Бахтиниана: Дискурс зерттеулері журналы. – Сан-Паулу. – 2026. – 21-том, №2 (сәуір–маусым). (SciELO Brasil)

2. Аймұхамбетова Ж. Оралхан Бөкей прозасындағы мифологизм мәселесі: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Астана, 1999. – 126 б.

3. Алтай А. Казино. Абсурд әлем: новеллалар. – Алматы: Атамұра, 2008. – 368 б.

4. Андреев Л.Г. Сюрреализм. – Мәскеу: Высшая школа, 1972. – 232 б.

5. Бейбытова К. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі неомифологизм // Еуразия университетінің хабаршысы. – 2002. – № 3–4. – 22–26-бб.

6. Ғалиева А. Қазіргі қазақ романы құрылымындағы мифопоэтикалық пішіндер: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферат. – Алматы, 2006. – 26 б.

7. Жарылғапов Ж.Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер: монография. – Қарағанды: «Гласир» ЖШС, 2009. – 400 б.

8. Исмакова А.С. Қазақ көркем прозасы: поэтикасы, жанры, стилі (XX ғасырдың басы және қазіргі кезең). – Алматы: Ғылым, 1998. – 394 б.

9. Кемелбаева А. Жазушы ізгіліктің иесі болуға тиіс // Abai.kz. – 2012. – 30 сәуір.

10. Мағауин М. Тазының өлімі: хикаят, әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2004. – 256 б.

11. Майтанов Б. Қазіргі қазақ прозасындағы модернистік және постмодернистік ағымдар // Қазақ әдебиеті. – 2004. – № 43. – 8–9-бб.

12. Мәсімханұлы Д. Ағымдар мен ағыстар // Қазақ әдебиеті. – 2013. – 17 мамыр. – № 20.

13. Мырзахмет А. Ханшайым. – Алматы: Жалын, 2013. – 192 б.

14. Саметова Ж.Ш. Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдар және оны оқыту (XXI ғасыр): философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы: Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, 2021. – 181 б.

15. Сафронова Л., Абиден А. (2025). Түстердің абсурдты қабаттасуы және перспективалардың асимметриясы: Х. Әдібаев пен М. Әдібаевтың «Егіздер шоқжұлдызы» романының модернистік-постмодернистік құрылымдық ерекшеліктері // Керуен. – 89(4). – 30–44-бб. DOI: 10.53871/2078-8134.2025.4-02.

16. Сұлтанғалиева Р., Сағынбаева Д. (2025). Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі қуыршақ феномені // Керуен. – 89(4). – 195–207-бб. DOI: 10.53871/2078-8134.2025.4-14.

References:

1. Abdullina A., Doskeyeva Sh. The Archetypal Image as Medium of Discursive Convergence in Postmodern Literature // Bakhtiniana, São Paulo, 21 (2): e68911e, April/June 2026 (eng)

2. Aimukhambetova Zh. (1999). Oralkhan Bokei prozasyndaǵy mifologizm mäselesi [The problem of mythologism in Oralkhan Bokey's prose] (Doctoral dissertation). Astana. (kaz)

3. Altai A. (2008). Kazino. Absurd alem: novellalar [Casino. The World of Absurdity: Novellas]. Almaty: Atamura. (kaz)

4. Andreev L.G. (1972). Siurrealizm [Surrealism]. Moscow: Vysshaya shkola. (rus)

5. Beibytova K. (2002). Neomifologizm sovremennoi kazakhskoi literatury [Neomythologism in Modern Kazakh Literature]. Vestnik Evraziiskogo universiteta, (3-4), 22-26. (rus)

6. Galiyeva A. (2006). Qazirgi qazaq romany qurylymyndagy mifopoetıkalyq pishinder [Mythopoetic Forms in the Structure of the Modern Kazakh Novel] (Dissertation abstract). Almaty. (kaz)

7. Zharylgapov Zh.Zh. (2009). Qazaq prozasy: agymdar men adister [Kazakh Prose: Trends and Methods]. Karaganda: Glasir. (kaz)

8. Ismakova A.S. (1998). Kazakhskaia khudozhestvennaia proza. Poetika, zhanr, stil' (nachalo XX veka i sovremennost') [Kazakh Fiction: Poetics, Genre, Style (Early Twentieth Century and Modernity)]. Almaty: Gylym. (rus)

9. Kemelbayeva A. (2012, April 30). Zhazushy izgilikting iesi boluga tiis [A Writer Should Be a Bearer of Goodness]. Abai.kz (kaz)

10. Magauin M. (2004). Tazynyn olimi: Khikaiat, angimeler [The Death of the Tazy: Novella and Short Stories]. Almaty: Atamura. (kaz)

11. Maitanov B. (2004). Qazirgi qazaq prozasyndagy modernistik zhane postmodernistik agymdar [Modernist and Postmodernist Trends in Modern Kazakh Prose]. Qazaq adebieti, (43), 8–9. (kaz)

12. Masimkhanuly D. (2013, May 17). Agymdar men agystar [Trends and Currents]. Qazaq adebieti, (20). (kaz)

13. Myrzakhmet A. (2013). Khanshaiym [Princess]. Almaty: Zhalyn. (kaz)

14. Sametova Zh.Sh. (2021). Qazirgi qazaq prozasyndagy korkemdik izdenister men agymdar zhane ony oqytu (XXI gasyr) [Artistic Explorations and Trends in Modern Kazakh Prose and Their Teaching (21st Century)] (Doctoral dissertation). Almaty: Kazakh National Women's Teacher Training University (kaz)

15. Safronova L., Abiden A. (2025). Tusterdin absurtty qabattasuy zhane perspektivalardyn asimmetriiasy: Kh. Adibaev pen M. Adibaevtyn «Egizder shoqzhuldyzy» romanynyn modernistik-postmodernistik qurylymdyq erekshelikteri [The Absurd Layering of Colors and the Asymmetry of Perspectives: Modernist-Postmodernist Structural Features of Kh. Adibayev and M. Adibayev's Novel // The Gemini Constellation]. Keruen, 89 (4), 30-44. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.4-02 (kaz)

16. Sultangaliyeva R., Saginbayeva D. (2025). Qazirgi qazaq angimelerindegi quyrshaq fenomeni [The Doll Phenomenon in Modern Kazakh Short Stories]. Keruen, 89(4), 195–207. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.4-14 (kaz)

ҒТМАР 17.71.07 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.2-11

М.М. Сатинбекова[1*], Ф.Т. Жумажанова[2], Г.Д. Абиханова[3]
[1]Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы, Қазақстан
[2]әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[3]Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан
Email: [1]meruyertina@gmail.com, [2]Farida.Zhumazhanova@kaznu.kz, [3]gulzhanat.abihanova@ayu.edu.kz
ORCID: [1]0000-0001-8636-3942, [2]0000-0002-6736-8358, [3]0009-0000-5079-6842

ҚАЗАҚ АЙТЫСТАРЫНДАҒЫ ЖЕР МЕН КӨК ҰҒЫМДАРЫНЫҢ МИФТІК НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа. Айтыс – халқымыздың рухани-мәдени мұрасындағы ерекше құбылыс ретінде тек суырып салмалық шеберлікті ғана емес, сонымен қатар дәстүрлі дүниетаным мен философиялық пайымды танытатын көркемдік форма болып табылады. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымында жер мен көк ғаламдық екі басты кеңістік ретінде қабылданған. Жер ұғымы қазақ мифологиясында аналық бастау, құнарлылық, молшылық және тұрақтылықтың символы ретінде бейнеленсе, көк – рухани кемелдік, тазалық және тәңірлік күштің символдық бейнесі болып саналады. Зерттеу барысында қазақ айтыс өнеріндегі жер мен көк ұғымдарының көрінісі нақты мысалдармен талданып, олардың мифтік-символикалық мағынасы айқындалды. Сондай-ақ, айтыстарда жиі кездесетін мифтік бейнелер мен ғарыштық символдар арқылы қазақ халқының ғаламды тану модельдері мен этикалық-эстетикалық бағдарларының көрінісі қарастырылады. Айтыс ақындарының шығармаларындағы символикалық бейнелер қазақ халқының этномәдени санасын сақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізудегі маңызы айрықша атап көрсетіледі. Мақалада «көк тәңірі», «жер ана», «көк өгіз» тәрізді бейнелердің символикалық сипаты мен олардың көркемдік қызметі ғылыми тұрғыдан сипатталып, айтыс өнеріндегі ғаламдық құрылымның көркем репрезентациясы кешенді түрде зерделенеді. Осылайша, қазақ айтыстарындағы мифтің символикалық мағынасын зерттеу арқылы халықтың дәстүрлі дүниетанымдық негіздері мен философиялық көзқарастарының терең қабаттары ашылады. Зерттеу арқылы айтыс өнерінің ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды насихаттаудағы өзектілігі айқындала түседі.

Кілт сөздер: айтыс, жер, көк, мифология, фольклор.

М.М. Сатинбекова[1*], Ф.Т. Жумажанова[2], Г. Д. Абиханова[3]
[1]Казахский национальный исследовательский технический университет имени К.И. Сатпаева, Алматы, Казахстан
[2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
[3]Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясави, Туркестан, Казахстан
Email: [1]meruyertina@gmail.com, [2]Farida.Zhumazhanova@kaznu.kz, [3]gulzhanat.abihanova@ayu.edu.kz
ORCID: [1]0000-0001-8636-3942, [2]0000-0002-6736-8358, [3]0009-0000-5079-6842

МИФОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПОНЯТИЙ ЗЕМЛИ И НЕБА В КАЗАХСКОМ АЙТЫСЕ

Аннотация. Айтыс – это особое явление в духовно-культурном наследии нашего народа, представляющее собой не только проявление импровизационного мастерства, но и художественную

[*] ***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:***
М.М. Сатинбекова Ф.Т. Жумажанова, Г.Д. Абиханова. Қазақ айтыстарындағы жер мен көк ұғымдарының мифтік негіздері // "Керуен". - 2026. №2, (91-том). - Б. 171-183. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.2-11.

форму, отражающую традиционное мировоззрение и философское осмысление действительности. В традиционном мировоззрении казахов земля и небо считаются двумя основными космическими пространствами. Земля в казахской мифологии является символом материнства, плодородия, изобилия и стабильности, а небо – символическим образом духовного совершенства, чистоты и божественной силы. В ходе исследования на конкретных примерах проанализирована репрезентация концептов земли и неба в казахском искусстве айтыса, выявлено их мифическое и символическое значение. В статье рассматривается отражение моделей познания Вселенной и этико-эстетических ориентаций казахского народа через мифические образы, также и космические символы, часто встречающиеся в айтысе. Подчёркивается значение символических образов в творчестве поэтов айтыса в сохранении этнокультурного сознания казахского народа и передаче его из поколения в поколение. В статье научно обосновывается символическая природа и художественная функция таких образов, как «небесный бог», «мать-земля», «голубой бык», а также комплексно изучается художественное отображение мировой структуры в искусстве айтыса. Таким образом, посредством изучения символического смысла мифа в казахских айтысах раскрываются глубинные пласты традиционного мировоззрения и философские взгляды нашего народа. Данное исследование позволит выявить значимость искусства айтыса в пропаганде национальной культуры и духовных ценностей.

Ключевые слова: айтыс, земля, небо, мифология, фольклор.

M.M. Satinbekova[1]*, F.T. Zhumazhanova[2], G.D. Abikhanova[3]

[1]Satbayev University, Almaty, Kazakhstan

[2]al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

[3]Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan

Email: [1]meruyertina@gmail.com, [2]Farida.Zhumazhanova@kaznu.kz,

[3]gulzhanat.abihanova@ayu.edu.kz

ORCID: [1]0000-0001-8636-3942, [2]0000-0002-6736-8358, [3]0000-0000-5079-6842

MYTHOLOGICAL FOUNDATIONS OF THE CONCEPTS OF EARTH AND SKY IN KAZAKH AITYS

«Алмұрт», «Қияда», т.б.) символды қолдану ерекшеліктерін қытай жазушысы Эми Тан прозасымен салыстыра отырып қарастырады (Кенжебаева мен Ж. Шынарбекова, 2019). Аталған зерттеуде жазушының шығармаларында су стихиясы, қараңғылық, жаңбыр сияқты табиғат құбылыстарының әйел жанының құпия қалтарыстарын, үрейі мен психологиялық толғаныстарын берудегі мистикалық және гротескілік қызметі ашып көрсетіледі. Ал жазушының біз зерттеуімізге өзек етіп отырған «Мұнара» романы мен «Ғибадат» әңгімесі де бірқатар ғылыми еңбектердің нысанына айналған болатын. «Мұнара» романын ғалымдар А.Жутаева мен Ө.Әбдиманұлы қазіргі қазақ романының үлкен жетістігі ретінде бағалап, онда жаңа заманға сай мәдениетті кейіпкер образының (жаңа қазақ адамының) қалыптасып келе жатқанын постмодернизм көріністері аясында талдаған (Жутаева, Әбдиманұлы, 2019:51). «Ғибадат» әңгімесіндегі ислами құндылықтар мен діни мотивтерді Г.Балтабаева қазіргі қазақ әңгімелеріндегі діни құндылықтарды саралау барысында қарастырады. Ғалым «Ғибадат» әңгімесінің лейтмотиві Жаратушыға деген махаббат екенін, жазушының Алланы «Асыл пана» деп ұлықтағанын және қазақтың ұлттық аңыздарындағы «тажал» (ақырзаман) ұғымын Құран сүрелерімен шебер ұштастырғанын атап өтеді (Балтабаева, 2021). Сонымен қатар, зерттеуші А.Б. Абдуллина өз еңбегінде «Ғибадат» әңгімесін ұлттық код пен халықтық таным негізінде талдап, шығармадағы діни мотивтің басты мағыналық константа ретінде адамның рухани негізін, өлім мен өмір философиясын және жаратушыны танудағы талпынысын көрсететінін дәйектеген болатын (Абдуллина, 2024: 144-146).

Жоғарыда аталған зерттеулердің құндылығына қарамастан, А.Кемелбаеваның «Мұнара» және «Ғибадат» шығармаларын тікелей діни сана мен философиялық ізденістер тұрғысынан арнайы, кешенді түрде зерттеу мәселесінде елеулі ғылыми саңылау бар. Бұған дейінгі ғылыми еңбектерде жазушы прозасы постмодернистік эстетика, символика немесе жалпы ұлттық код шеңберінде талданғанымен, оның шығармаларындағы діни сана мен философиялық ізденістер тұтас көркемдік-экзистенциалдық жүйе ретінде арнайы зерттелмеген. Көп жағдайда бұл туындылардағы діни-рухани мәселелер жекелеген эпизодтар немесе образдар аясында ғана сөз болып, олардың авторлық дүниетанымдағы концептуалдық мәні мен онтологиялық негіздері экзегетикалық-герменевтикалық тұрғыдан терең ашылмаған күйде қалып отыр. Осы ғылыми олқылықтың орнын толтыру аталған шығармалардағы діни сана мен философиялық ізденістердің көркемдік табиғатын, идеялық-мағыналық жүйесін анықтау қазіргі қазақ прозасындағы рухани ізденістердің сипатын терең түсінуге және ұлттық әдеби ойлаудың дүниетанымдық дамуын айқындауға зор мүмкіндік береді. Осыған байланысты мақаланың өзектілігі А. Кемелбаева прозасындағы діни сана мен философиялық ізденістердің көркемдік табиғатын, идеялық-мағыналық жүйесін анықтау қажеттілігімен негізделеді.

Мақаланың мақсаты А.Кемелбаева прозасындағы діни сананың көрінісін және философиялық ізденістердің көркемдік бейнелену ерекшеліктерін талдау арқылы жазушының авторлық дүниетанымын айқындау және оны қазіргі қазақ әдебиетіндегі рухани-философиялық бағыт контексінде бағалау.

Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

– діни сана ұғымының әдеби-философиялық мәнін айқындау;

– А.Кемелбаева прозасындағы діни мотивтер мен философиялық идеяларды талдау;

– кейіпкер санасындағы рухани ізденістердің көркемдік тәсілдерін анықтау;

– жазушы шығармаларындағы діни-философиялық концепцияның ұлттық дүниетаныммен байланысын көрсету;

– қазіргі қазақ прозасындағы рухани-философиялық бағыттың даму ерекшеліктерін айқындау.

Зерттеуде мәтіндік талдау, герменевтикалық, концептуалдық және философиялық-әдеби талдау әдістері қолданылды. Бұл әдістер жазушы прозасындағы діни сана мен философиялық ойлау жүйесінің көркемдік құрылымын жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.

Жұмыстың ғылыми құндылығы, әрі жаңалығы А.Кемелбаева прозасындағы діни сана мен философиялық ізденістерді алғаш рет экзегетикалық-герменевтикалық тұрғыда кешенді талдап, қазіргі қазақ әдебиетіндегі рухани-интеллектуалдық бағыттың көркемдік табиғаты мен онтологиялық негізін айқындауында. Айгүл Кемелбаева шығармалары адам рухының биіктікке ұмтылысын, сенім мен үміттің, тәубе мен кешірімнің көркем синтезін паш етеді. Оның «Мұнара» мен «Ғибадат» туындылары қазақ әдебиетіндегі діни-философиялық ойдың жаңа белесі, рухани ізденістердің көркемдік өрнегі болып табылады.

2. Материалдар мен әдістер

2.1. Зерттеу әдістері

Мақалада Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романы мен «Ғибадат» әңгімесіндегі діни сана мен философиялық ізденістердің көркемдік табиғатын айқындау мақсатында герменевтикалық және экзегетикалық талдау әдістері негізгі әдіснамалық ұстаным ретінде алынды. Аталған әдістер мәтіндегі діни-рухани мазмұнды авторлық дүниетаным тұрғысынан пайымдап, көркем мәтіннің дүниетанымдық және идеялық жүйесін ашуға қызмет ететін басты әдіснамалық негізді құрады.

Зерттеуімізде экзегетикалық әдіс көркем мәтінде кездесетін (өмір, өлім, иман, ғибадат, мінәжат, тағдыр және рухани кемелдену) діни концептілердің Құран аяттары мен хадистердегі бастапқы мағыналарымен салыстырылып, олардың көркем мәтіндегі қайта тұжырымдалу ерекшеліктерін анықтау үшін қолданылды. Экзегетикалық талдаудың бастапқы кезеңінде мәтіндегі діни концептілер анықталып, олардың исламдық теологиядағы орны мен көркемдік қызметі сараланды. Осы кезеңнен соң оған сәйкес Құран аяты немесе хадис іріктеліп, олардың мағыналық және дүниетанымдық сабақтастығы салыстырылды. Талдаудың соңғы бөлігінде көркем мәтіндегі авторлық тұжырымдау ерекшелігі айқындалды.

Экзегетикалық талдау герменевтикалық зерттеулермен ұштастырыла отырып, мәтіндегі символдар мен метафоралардың, авторлық баяндаудың және кейіпкердің рухани тәжірибесінің мағыналық қабаттарын ашуда қолданылды. Осы әдіс арқылы «Мұнара», «Асылпана», «ақ өлім», «тажал», «соңғы намаз оқитын шал» сияқты символдық образдардың көркемдік қызметі авторлық дүниетаным және исламдық философия аясында түсіндірілді.

Сонымен қатар зерттеуде мәтіндік талдау да теориялық ұстын ретінде пайдаланылды. Бұл әдіс шығармалардағы авторлық баяндауды, көркем детальдарды, символдық бейнелерді және діни концептілердің мәтін ішіндегі қызметін нақты мәтіндік үзінділер негізінде талдауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің теориялық тұжырымдарын жүйелеуде концептуалдық-философиялық талдау әдісі басшылыққа алынды. Осы әдіс арқылы шығармадағы өмір мен өлім, рух пен тән, сенім мен күмән, тәубе, жауапкершілік, рухани кемелдену сияқты философиялық категориялардың автор пайымдауындағы орны анықталды. Аталған әдістердің сабақтастықта қолданлуы А.Кемелбаева прозасындағы діни сана мен философиялық ізденістердің көркемдік табиғатын кешенді түрде талдауға және жазушы шығармашылығының қазіргі қазақ әдебиетіндегі рухани-зияткерлік орнын анықтауға мүмкіндік берді.

2.2. Материалға сипаттама

Мақалада негізгі зерттеу материалы ретінде Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» атты романы, «Ғибадат» әңгімесі алынды. Бұл шығармалар жазушының діни-философиялық дүниетанымы мен прозадағы көркемдік ізденістерін айқындауға мүмкіндік беретін негізгі көркем мәтіндер ретінде таңдалды. Қосымша зерттеу материалы ретінде Айгүл Кемелбаеваның шығармашылық ұстанымын айқындайтын сұхбаттары пайдаланылды.

Теориялық-әдіснамалық негіз ретінде экзегетика, герменевтика, әдеби герменевтика және діни мәтіндерді интерпретациялау мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер қарастырылды. Зерттеуде исламдық дүниетаным, діни сана және философиялық ілім мәселелеріне арналған заманауи теологиялық еңбектер, философиялық зерттеулер, әдеби сын мен ғылыми мақалалар қосымша дереккөз ретінде басшылыққа алынды. Соның ішінде теологиялық негіздер ретінде Қасиетті Құран Кәрімнің «Ағраф», «Рахман», «Мүлік», «Ғафир» сүрелеріндегі аяттар мен сахих хадистер экзегетикалық талдауға дереккөз ретінде пайдаланылды. Бұл еңбектер жазушы прозасындағы діни-философиялық мазмұнды ғылыми тұрғыда пайымдау және теориялық негіздеу барысында қолданылды.

Осы мәтіндік материалдар жиынтығы А.Кемелбаева прозасындағы діни сана мен философиялық ізденістердің көркемдік табиғатын кешенді түрде талдауға, авторлық дүниетанымның рухани-метафизикалық қырларын жүйелі түрде ашуға негіз болды.

3. Талқылануы

Қазіргі қазақ прозасындағы діни-философиялық және экзистенциалдық бағыттағы көркем туындылар көптеп жазылуда. Алла-тағаланы дәріптеп, Пайғамбарлар мен сахабалар, періштелер өмірінен, адамзат үшін күні бүгінге дейін беймәлім, жұмбақ, тылсым дүние жұмақ пен тозақ туралы да біршама көркем шығармалар жарық көрді. Атап айтар болсақ, Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара», «Ғибадат», Д.Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар», «Мен сізді сағынып жүрмін», «Ібіліспен сүйісу», Р.Мұқановаңың «Күнә», Т.Ахметжанның «Нобель сыйлығы», «Тозақ оты» шығармаларын жатқызуға болады.

Біздің зерттеуімізге негіз болып отырған Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романында теология ілімінің заңдылықтарын, Алланың мінсіздігін, имандылықты,

мұсылманның парызын, оның ең асыл бейнесі ретінде ажалды жан-жақты түсіндіруімен, Аллаға деген сеніммен көмкеріп берсе, «Ғибадат» әңгімесінде жаратушыны «Асылпана» деп алып, жалпы адам атаулыға тән тажал туралы философиялық ойды тереңнен қозғайды. Аллашылдық идеяны Құран аяттарымен дәл баяндай отырып, сол идеяны қазақтың салт-дәстүріндегі діни аңыз-әңгімелерімен шебер байланыстырып суреттеген.

«Мұнара» романы – әйел жанының, рухани жалғыздықтың, қоғам мен тұлға арасындағы тартыс, имандылық, жаратылыс иесінің мінсіздігін суреттеген көркем шығарма. Осы тұрғыдан шығарма герменевтикалық және экзегетикалық талдауға өте қолайлы нысан болып табылады. Жазушының «Мұнара» романының алғашқы «Бала күтуші» бөлімінде басты назар Мәскеу шаһары мен сол қаладағы студенттік өмірге аударылады. Шығармадан жазушының діни құндылықтары, ішкі әлемі, өмірлік ұстанымдарын байқаймыз, «Әркім өзі өмірін тілеп алады деген қисынды сөз. Бұл өзі кездейсоқтықты жоққа шығара алса да, жазмыштан озмыш жоқ екенін, шығасыға иесі басшы болмағын айғақтайды» (Кемелбаева, 2023:9). Автор шығарманың басында адам тағдыры Алланың қолында екенін білдіріп тұр. Романда автор Мәскеумен тікелей байланысты емес, әдебиет институтында білім алып жүрген Айжан есімді кейіпкер арқылы танысуы оқырманды да бірден қызықтыра түседі. Кейіпкер бейнесі арқылы сол кезеңдегі қоғамдық-саяси жағдай, кеңестік жүйенің соңғы жылдары мен КСРО-ның ыдырауы кезеңіндегі әлеуметтік ахуал көркемдік тұрғыда ашылады. Жалпы «Мұнара» романның тақырыбының өзі қазақ мәдениетінде биіктік, рухани көтерілу, жалғыздық пен оқшаулану нышанын білдіреді. Осы тұрғыдан алсақ, тақырып символды герменевтикалық тұрғыда талдағанда, ол адамның рухани эволюциясын және ішкі тазару жолын білдіреді. Романдағы басты кейіпкер Айжанның студенттік өмір жолында ішкі биіктікке ұмтылу мен сонымен қатар рухани құлдыраудың арақатынасын танытады. Мұнара материалдық құрылым ғана емес, рухтың, жанның кеңістігі, адамның өмірде өзін-өзі іздеу жолындағы рухани кеңістігі. Осы арқылы автор адам болмысының экзистенциалды мәселесін көтереді.

Шығармада Айжан образы рухани тұрғыдан берік, қиындыққа мойымайтын тұлға ретінде сипатталады. Ол бала кезінен Жаратқанға сенген, тағдырдың сынағына төзе білетін жан. Кейіпкердің «Құдайдың бір жақсылығы болмай қалмасына сендім» немесе «Алла нәпақасыз қалдырмайды» деген сенімі басқа елде жүрсе де Аллаға деген сенімі берік, оның ішкі күшінің негізгі қайнары (Кемелбаева, 2023:14). Шығармада кездесетін мұндай сөздер кейіпкердің ұлттық болмысына, қазақ халқының дүниетанымына сай берілген. Ал, ғылыми тұрғыдан алсақ, мұндай сенім адамға психологиялық тұрғыдан тірек болып, адамның өмірде күйзеліске берілмеуіне себеп болады.

Жазушы шығармада Айжанның студенттік өмірінің соңғы курсындағы аштық кезеңін нақты детальдар арқылы суреттейді. Оны шығарманың мына тұсынан байқауға болады: «Соңғы күндері астан өзге ештеңе ойлауға қабілетім жоқ болып кетті, дұрыстап құнарлы май ас жемей, еттен қағылған соң (қазақ баласы!), аш қарын өзге дүниеге аса мұқтаж емес.» (Кемелбаева, 2023:17) Айжанның ойында астан басқа ештеңе қалмауы, құнарлы тамақтың жетіспеуі, физикалық әлсіздік пен ой еңбегінің

қиындауы – бұл аштықтың физиологиялық және психологиялық әсерін көрсетеді. Мұнда әдеби интертекст те көрінеді: Кнут Гамсунның «Аштық» романын, Генри Миллердің шығармаларын, Эдгар По әңгімелерін еске түсіреді. Бұл әдеби сілтемелер кейіпкердің рухани әлемінің кеңдігін ғана емес, сонымен бірге оның өз тағдырын батыс, орыс, қазақ жазушыларының шығармаларындағы кейіпкерлер тағдырымен салыстыру арқылы түсінуге ұмтылысын білдіреді.

А. Кемелбаева романда өмір мен өлім, жаратылыстың тылсым күші туралы ой қозғай отырып, өмірдің адамзат үшін әлі де толық ашылмаған жұмбақ екенін көрсетеді. «...Өмір расында адамзатқа жұмбақ жасыра беруден жалықпайды, оның шешуі жарықтың арғы бетіндегі жарықта. Атауы өлім болса керек» (Кемелбаева, 2023:24) Бұл үзіндіде өлімді өмірге қарама-қарсы құбылыс ретінде емес, өмірдің құпия мәнін ашатын метафизикалық өткел ретінде бейнелейді. Осы ой исламдық дүниетанымдағы адамның өмірінің өлшеулі екендігі туралы түсінікпен үндеседі.

Құранның Ағраф сүресінің 34-аятында:

وَلِكُلِّ أُمَّةٍ أَجَلٌ فَإِذَا جَاء أَجَلُهُمْ لاَ يَسْتَأْخِرُونَ سَاعَةً وَلاَ يَسْتَقْدِمُونَ

«Әр әлеуметтің белгілі бір мерзімі бар. Олар, сол мерзімі келген сәтте, бір дем кешікпейді де ілгерлемейді» (Құран Кәрим. Қазақша мағынасы мен түсінігі, 1991:154). делінеді. Аят адамның өмір сүру мерзімінің Алла тарапынан белгіленгенін және оның өзгермейтіндігін білдіреді. Романда бұл идея өмірдің өткіншілігін және өлімнің бұлжымас ақиқат екенін философиялық тұрғыдан пайымдау арқылы көрініс тапқан. Сонымен қатар, өмірдің «жұмбақ» ретінде берілуі адамның танымының шектеулілігін аңғартады. Осы тұрғыдан мәтін «Ол сондай Алла, ізгі іс жүзінде қайсыларың жақсы, сынау үшін өліммен тіршілікті жаратқан....» делінген «Мүлік» сүресінің 2-аятымен де үндеседі (Құран Кәрим. Қазақша мағынасы мен түсінігі, 1991:562). Бұл аятта өмір мен өлім бір-біріне қарама-қарсы құбылыстар ретінде емес, Жаратушы белгілеген тұтас болмыстық тәртіптің құрамдас бөліктері ретінде ұсынылады. Осыған сәйкес, қаламгер шығармасында да өлім өмірді жоққа шығаратын шек емес, адамның дүниелік танымынан тыс жатқан ақиқатқа бастайтын метафизикалық өткел ретінде көркемдік тұрғыдан түсіндіруге тырысады.

Жазушы шығармашылығындағы діни-философиялық желі оның «Ғибадат» әңгімесінде жалғасын табады. Шығармаға эпиграф етіп алынған Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ақылмен сенбей иман жоқ» (Кемелбаева, 2001:104) деген сөзі «Ғибадат» әңгімесінің басты өзегі, идеялық-танымдық кілті деуге болады. Осы эпиграф арқылы автор иманды соқыр сенім емес, ақыл мен таным арқылы қабылданатын рухани құндылық ретінде ұсынады. «Әр адамның бойындағы әлсіздікті мойындай білу арқылы ақиқатқа жетуге болатыны көркем жеткізілген. Адам баласының көркемдікке, мейірімге мұқтаж екенін, әр адам өз ақылымен құлшылық ету үшін жаралғаны жайлы топшылаулары қазақ халқының дін жайлы көзқарасын тереңдете түседі» (Абдуллина, 2024:143). Әңгіменің әрі қарайғы оқиғалары осы эпиграфта берілген дүниетанымдық ұстанымды көркемдік деңгейде дамытады. Автор өз әңгімесі жайлы: «Бұл әңгіменің лейтмотиві адам жаны рухани сенімге қалай ие болады, Құдайын қайтіп іздеп табады дегенге саяды. Адамды адам қылатын – иманы, тілі және санасы. Кез келген қоғамда биік мораль болуы керек», − дейді

(Кемелбаева, қаралды: 19.10.2025). Шығармада ислам дінінің негізгі қағидалары сақтала отырып, адамзаттың жаратылысы туралы ойлар, мұсылман дінінде Алла тағаланың 99 көркем есімі аталып, автор Алланы «Асылпана» деп атайды. Әңгімеде жасөспірім қыз баланың ауылда намаз оқитын кемпір-шал азайған сайын қорқатын ойы гуманизм мұраттарын биік қоятын әдебиеттің өз еншісі болып табылады. Бұл ойдың астарында имансыздыққа, мәңгүрттікке қарама-қарсы ой тұр. «Ауылда кемпір-шалдың азайып бара жатқаны ақырзамнның таянғаны шығар. ...Табиғи өлімге дауа жоқ. Мен асылы ажалдан емес, тажалдан қорқамын. Ауылда намазға жығылған соңғы шал өлгенде күніміз не болмақ?» (Кемелбаева, 2001:109). Бұл ой «Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «Алла тағала ілімді пенделерден тартып алмайды, оны ғалымдарды о дүниелік қылу жолымен тартып алар. Бірде-бір ғалымды тірі қалдырмағандықтан, адамдар өздеріне дінді түсінбейтіндерді бастық қылар, содан соң олардан сұрақ сұрар. Олар өздері білместен пәтуа айтып, өздері де адасар, өзгелерді де адастырар» (Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Исмайл ибн Ибраһим Ибн Әл-Муғира Әл-Бұхари, 2005:66) деген хадисімен мазмұндық және дүниетанымдық тұрғыдан үндеседі. Осы тұрғыдан алғанда, Кемелбаева шығармасындағы «соңғы намаз оқитын шал» бейнесі белгілі бір адамның қазасын ғана емес, рухани білім мен имандылықтың қоғамнан біртіндеп жоғалуын білдіретін көркем символ ретінде қызмет атқарады. Кейіпкердің қорқынышы ажалдың өзіне емес, иманды ұстанатын, елге өнеге болатын адамдардың сиреуіне байланысты, яғни елдің ақылшысы мен тірегі саналатын үлкендердің сиреп бара жатқанын айтып, оны дүниенің азғындауы мен рухани құндылықтардың әлсіреуіне теңесе, қазақ дүниетанымында ақырзаман жақсылықтың азайып, жамандықтың көбеюі, үлкенге құрмет, кішіге іземеттің жоғалуы сияқты белгілермен байланыстырған. Жазушы осы арқылы ақырзаманды тек эсхатологиялық құбылыс ретінде емес, рухани құндылықтардың әлсіреуі мен иман иелерінің азаюы арқылы сезілетін қоғамдық құбылыс ретінде көркемдік тұрғыдан пайымдайды.

Адам баласы қартайып, ажал жетсе, оны тоқтата алмайды. Бұл тағдыр мен өмірдің заңдылығы. Ал «тажал» сөзін автор осы тұста діни-мифологиялық мәнде алған. Тажал − ақырзаман алдында келіп, адамзатты азғыратын, зұлымдықтың бейнесі, символы. Жазушы әңгімеде «Адамзат нәсілі жаратушы Алла тағалаға мінәжат етуден жаңылса, тоюды білмейтін, әрі үзақ ашыққан тажал күн астындағы күллі мақұлықты түгел жалмайды, тірі қалдырмайды» (Кемелбаева, 2001:110) деп өлімнен емес, адамдықтың, имандылықтың жоғалуынан, зұлымдықтың үстем болуынан қорқатынын айтып тұр. Жазушының шығармадағы басты идеясы өлімнің өзі қорқынышты емес, адамдық пен ізгіліктің жойылуы ең басты нағыз қорқыныш. Шығармада автор «Тажалдан сақтайтын рақымы күшті бір Алла» (Кемелбаева, 2001:110) деп ақырзамандағы тажал сияқты зұлымдықтан, бүкіл жамандықтан тек жалғыз, рақымы мен құдіреті шексіз Алла ғана қорғай алады деген ұстанымды айтады. Осыған қоса, оның шарты қалтқысыз мінәжат етуде екенін жеткізеді. Бұл ой Құрандағы «Раббыларың: «Маған жалбарыңдар! Тілектеріңді қабылдаймын. Расында Маған құлшылық қылудан паңсығандар, олар қор болып, тозаққа кіреді»« (Құран Кәрим. Қазақша мағынасы мен түсінігі, 1991:474) делінген Ғафир сүресінің

60-аятымен мағыналық әрі дүниетанымдық сабақтастық құрайды. Автордың «қалтқысыз мінәжат» туралы тұжырымы адамның Алламен байланысын үзбеуі ғана оны рухани күйреуден сақтайтынын меңзейді. Бұл пайымымызды автордың «Еске түсіріп қарасам, «Ғибадат» атты әңгімемде: «Ортодаксальды діндердің көркем әдебиеттен алшақ емес екені мені ерекше баурап алды», деп жазыппын. Расы сол. Орыс философы Владимир Соловьевтың діндердің мифологиялық табиғатын зерттеген эссесін оқысаңыз, әдебиеттің жаратылысында Тәңірге жалбарыну жатқанын ұғасыз. Мұнда ежелгі гимндер, Жаратушы иеге мадақ жатыр» деген өз пікірі бекіте түседі (Кемелбаева, 2020).

Жазушы әңгімеде өмір бар жерде өлімнің барын, Алланың хақтығын, дін мен ділді, парасаттылықты, Алла мен Пайғамбарды (с.ғ.с.), «Аллаға мойынсұну, Мұхаммед (с.ғ.с)-тің сөзіне илану», Құранға күмән келтірмеу, имандылықты жазады. Адами құндылықтар мәселесін, имандылықты Айгүл Кемелбаева адамға түрлі ой сала отырып береді. Мәселен, оның бала кезіндегі нағашы апасының көз алдында ылғи намаз оқып, ал нағашы атасының ешкімге зиянсыз кісі екендігі, өмірінде қатты сөз айтпағанын, апасының бес уақыт намаз оқып, Аллаға жалбарынуы, оны дінге деген білімін кеңейтті. Автор адам өмірінің өткіншілігін табиғи құбылыс ретінде ғана емес, адамның рухани кемелденуіне бастайтын жол ретінде пайымдайды. Нағашы атасының бейнесі арқылы жазушы исламдағы ізгі мұсылманның көркем бейнесін жасайды. «...Аланың абыройлы ақ өлімі ала жіптен аттамаған адамды адалдықтың арқаны ұзын болады, соның үшін бұйырады. Өйткені әркім өзінің пиғыл-пейіліне бағып еншілейді» (Кемелбаева, 2001: 105). деген тұжырымда адамның ақырғы тағдыры оның дүниедегі әлеуметтік дәрежесіне емес, ішкі рухани болмысына, ниеті мен адал өміріне тәуелді екендігі көрінеді. Мұндағы «ақ өлім» ұғымы өлімнің атауы емес, иманмен, адалдықпен өткен ғұмырдың рухани қорытындысын білдіретін этикалық-діни санат ретінде көрінеді. Бұл ой исламдағы амал мен ниеттің бірлігі туралы қағидамен үндеседі. Пайғамбардың (с.ғ.с.) ««Амалдар ниетке байланысты қабыл етіледі. Кім қандай ниетте болса, соған жетеді» (Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Исмайл ибн Ибраһим Ибн Әл-Муғира Әл-Бұхари, 2005:39) деген хадисі адамның іс-әрекеті сыртқы көрінісімен емес, оның ішкі ниетімен бағаланатынын көрсетеді. Кейіпкердің «әркім өзінің пиғыл-пейіліне бағып еншілейді» деуі осы қағиданың көркемдік шығармада жаңғыруы іспетті. Автор исламдық ұстанымды дайын діни қағида ретінде қайталамайды, оны кейіпкердің өмірлік тәжірибесі арқылы көркем ақиқатқа айналдырады. онымен бірге шығармадағы өлім мотиві Құрандағы өмірдің өткіншілігі туралы түсінікпен де сабақтасады. Құранның Рахман сүресінің 26-аятында: «БҮКІЛ жер жүзіндегілер түгейді» (Құран Кәрим. Қазақша мағынасы мен түсінігі, 1991:532) деп айтылуы адам өмірінің уақытша екендігін білдіреді. Алайда А.Кемелбаева бұл ақиқатты тек өмірдің аяқталуы ретінде емес, адамның бұл дүниедегі рухани сапасының сыналатын кезеңі ретінде қабылдайды. Сондықтан шығармадағы өлім қорқыныштың символы емес, адамның дүниелік өмірінің қорытындысы ретінде бейнеленеді.

Жазушының: «Адам баласы құлшылық үшін жаратылғанына өз ақылыммен жеткеніме бек ризамын... Жаратушы иемді өзімше елжірей сүйдім» деген тұжырымы

шығарманың философиялық өзегін ашады. Бұл жерде» өз ақылыммен жеткеніме» деген тіркес ерекше назар аударатын тұс. Автор иманды соқыр еліктеу немесе сыртқы міндет ретінде емес, ақыл арқылы қабылданған саналы таңдау ретінде түсіндіреді. Осы тұста шығарманың эпиграфы болған Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ақылмен сенбей иман жоқ» деген сөзімен идеялық тұтастық айқындалады. Демек, шығармадағы ғибадат ұғымы сыртқы діни рәсімдердің жиынтығы емес, адамның ақыл, жүрек және сенім үйлесімі арқылы Жаратушыны тануына негізделген рухани кемелдену жолы ретінде көркемдік тұрғыдан пайымдалады.

Айгүл Кемелбаеваның «Ғибадат» әңгімесі экзегетикалық тұрғыдан адам мен Алла арсындағы рухани байланысты айтса, ал экзистенциализм тұрғысынан - адамның өмір мәнін еркін түрде, саналы сенім арқылы табуы бейнеленген. Жазушы адамзатты рухани ізденіске, Аллаға сүйіспеншілікпен құлшылық етуге, өз болмысын танып, өмірдің мәңгі мәнін ұғынуға шақырады. Әңгіме кейіпкері өзін-өзі тану арқылы Жаратушыға, Аллаға жақындайды. Ол Аллаға сенуді тек дін қағидасы деп емес, жүректен шыққан махаббат пен рухани тыныштық деп қабылдайды. Әңгімеде «Жаратушы иемді өзімше елжірей сүйдім» деуі иманның шынайы табиғатын, ішкі рухани ләззатты білдіреді. А.Кемелбаева шығармада тек намаз оқу немесе діни рәсім ғана еместігін, адамның жан тазалығы, мейірім мен сүйіспеншілік арқылы өмір сүруі ретінде түсіндіріледі.

4. Зерттеу нәтижесі

Зерттеу барысында Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» және «Ғибадат» шығармалары діни экзегетика тұрғысынан кешенді талданып, авторлық дүниетанымның көркем мәтін құрылымында берілу ерекшеліктері айқындалды. Талдау нәтижесінде кейіпкерлердің рухани түлеуі исламдық дүниетаным аясында қалыптасатыны, ал шығармадағы өмір, өлім, тәубе, иман, ғибадат, тағдыр, ақырет, жан тазалығы сияқты діни концептілердің көркемдік жүйенің негізгі өзегіне айналғаны анықталды.

Экзегетикалық талдауда жазушының Құран аяттары мен исламдық дүниетаным қағидаларын мәтінге тікелей көшіруді мақсат етпейтіні, оларды көркемдік-философиялық интерпретациялау арқылы жаңа мағыналық кеңістік қалыптастыратыны байқалды. Шығармаларда Құран аяттары мен хадистердің мазмұнымен дүниетанымдық және мағыналық сабақтастық түзетін көптеген көркем образдар мен символдар анықталды. Атап айтқанда, өмір мен өлімнің тұтастығы, адамның рухани кемелденуі, тәубе мен мінәжаттың мәні, имандылықтың қоғамдағы орны, ақыреттік жауапкершілік мәселелері исламдық теологиядағы негізгі ұстанымдармен үндесетіні дәлелденді.

«Мұнара» мен «Ғибадат» шығармалары арасындағы сабақтастықтың тек тақырыптық немесе идеялық деңгейде ғана емес, онтологиялық және аксиологиялық деңгейде де көрініс табатыны анықталды. Екі шығармада да адам болмысының мәні Жаратушы мен адам арасындағы қатынас арқылы ашылып, рухани кемелдену адамның өмірлік мақсаты ретінде ұсынылады. Сонымен бірге исламдық дүниетаным қазақтың дәстүрлі рухани құндылықтарымен сабақтастырылып, ұлттық мәдени кодпен табиғи үйлесімде берілгені айқындалды.

Осылайша, зерттеу нәтижесінде Айгүл Кемелбаева прозасының негізгі көркемдік ерекшеліктерінің бірі ретінде діни-философиялық мазмұнды символдық бейнелер,

метафоралар, арқылы тереңдетіп, көркем мәтіннің мағыналық тініне енгізуі екендігі анықталды.

5. Қорытынды

Жүргізілген зерттеу «Мұнара» мен «Ғибадат» арасындағы үндестік тек тақырыптық немесе идеялық емес, терең онтологиялық сипатта екенін көрсетті. Екеуі де қазіргі заман адамының рухани мәселесін, ислам дінінің заңдылықтарын көтереді, оны шешу жолдарын ұсынады. Бұл екі шығарма да қазақ әдебиетіндегі ұлттық руханияттың жаңғыруына қосылған үлес десек болады.

Жазушы Айгүл Кемелбаеваның шығармашылығы қазіргі қазақ әдебиетінде діни және философиялық ойдың жаңа белесін қалыптастырған құбылыс ретінде ерекше мәнге ие десек қателеспейміз. Жазушының «Мұнара» және «Ғибадат» туындылары діни сана мен адам жанының терең болмысын көркемдік тұрғыда талдаудың биік үлгісін көрсетеді. Жазушының шығармаларындағы басты идея адамның рухани тазаруы, сенім мен үміттің, тәубе мен кешірімнің мәнін аша білген.

«Мұнара» шығармасында автор теологиялық ұғымдарды көркем бейнелеу арқылы жаратылыс иесінің мінсіздігін және ажалдың адам өміріндегі рөлін ерекше философиялық деңгейде талдап көрсетеді. Мұнда ажал ұғымы қорқыныш емес, керісінше мәңгілікке өту мен рухтың кемелдікке жету сәті ретінде көрінеді.

«Ғибадат» әңгімесінде А.Кемелбаева Жаратушыны «Асылпана» деп атап, адамның өмір мен өлім арасындағы рухани күресін, Аллаға жақындау жолындағы сабыр мен тәубенің маңызын ашады. Шығармада Аллашылдық идеясы Құран аяттарымен негізделіп, қазақтың дәстүрлі дүниетанымымен шебер ұштасады. Автор исламдық философияны ұлттық мәдени кодпен үйлестіре отырып, діни ұғымдарды заманауи адамның ішкі әлеміне бейімдейді.

Жазушының бұл екі туындысында діни-философиялық мазмұн көркемдік тәсілдермен терең өріледі. Символдық бейнелер, метафоралар, ішкі монологтар арқылы адам мен Жаратушы арасындағы мәңгілік байланыс айқындалады. Кемелбаева діни ұғымдарды насихаттық деңгейде емес, көркемдік және танымдық биікте талдап, оқырманды рухани ойлануға жетелейді.

Қорытындылай келе, Айгүл Кемелбаева прозасы қазіргі қазақ әдебиетіндегі рухани ізденістің, діни сананың және философиялық ойдың біртұтас көркем өрнегі деуге тұрарлық. Оның «Мұнара» мен «Ғибадат» туындылары адам болмысының терең мәнін, сенімнің құдіретін және рухтың мәңгілікке ұмтылысын суреттеген қазақ прозасының маңызды жетістігі болып табылады. Бұл екі шығарма – оқырманды тек эстетикалық ләззатқа ғана емес, рухани оянуға, өзін-өзі тануға, терең ойға жетелейтін, руханият пен мәдениеттің, дәстүр мен жаңашылдықтың, жеке бастың ізденісі мен қоғамдық проблемалардың тоғысында туған көркем философия.

Әдебиеттер:

1. Абдуллина А.Б. А. Кемелбаева шығармаларындағы халықтық таным ұлттық код ретінде // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – № 1(146). – Б. 140-149.

2. Айгүл Кемелбаева: «Тіленші, заржақ прозасымақты ұнатпаймын» // Qalamger.kz. – Жылы көрсетілмеген. – URL: https://qalamger.kz/literature/s-hbat/ajg-l-kemelbaeva-tilenshi-zarzha-prozasyma-ty-natpajmyn/93 (қаралған күні: 19.10.2025).

3. Айгүл Кемелбаева: «Жазушы ізгіліктің иесі болуы тиіс» // Мәдениет порталы. – 2020. – 13 наурыз. – URL: https://madeniportal.kz/article/4737 (қаралған күні: 19.10.2025).

4. Әбу Абдулла Мұхаммед ибн Исмайл ибн Ибраһим ибн әл-Муғира әл-Бұхари. Сахих Бухари. – Алматы: Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы, 2005.

5. Балтабаева Г. Қазіргі қазақ әңгімесіндегі ислами құндылықтардың көрінісі // Ұлағат – білім, ғылым және мәдениет порталы. – 2021. – 26 тамыз. – URL: https://ulagat.com/2021/08/26/қазіргі-қазақ-әңгімесіндегі-ислами-к/ (қаралған күні: 19.10.2025).

6. Жутаева А.К., Әбдиманұлы Ө. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі постмодернизм көріністері // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. – 2019. – № 2(174). – Б. 47-54.

7. Кемелбаева А. Мұнара: роман, әңгімелер, киносценарий. – Астана: Фолиант, 2023.

8. Кемелбаева А. Тобылғысай: повесть және әңгімелер. – Астана: Елорда, 2001.

9. Кенжебаева А.А., Шынарбекова Ж. Эми Тан және А. Кемелбаева шығармаларындағы символды қолдану ерекшеліктері // Филологиялық аспект. – 2019. – № 3(47). – URL: https://scipress.ru/philology/articles/peculiarities-of-the-use-of-symbol-in-the-creativity-of-emi-tan-and-a-kemelbaeva.html.

10. Қасиетті Құранның мағынасы мен түсінігі / ауд. Халифа Алтай. – Алматы: «Құран Шәриф» басым комбинаты, 1991.

11. Сейсенбиева Э.С. XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі экзегетикалық дәстүр: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы: Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, 2023.

12. Сейсенбиева Э., Мәдібаева Қ., Снабекова М. Әдеби мұрадағы дін негіздерінің тарихи сабақтастық аясындағы айқындалуы // Керуен. – 2022. – № 1(74). – Б. 146-159.

References:

1. Abdullina A.B. (2024). Folk cognition in A. Kemelbayeva's works as a national code. L.N. Gumilyov Eurasian National University Bulletin. Philology Series, 1(146), 140-149. https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-146-1-140-149 (kaz)

2. Aigul Kemelbayeva: "I Do Not Like Beggar-Like, Whining Pseudo-Prose." (n.d.). Qalamger.kz. https://qalamger.kz/literature/s-hbat/ajg-l-kemelbaeva-tilenshi-zarzha-prozasyma-tynatpajmyn/93 (Accessed: 19 October 2025). (kaz)

3. Aigul Kemelbayeva: "A Writer Must Be the Bearer of Goodness" (2020, March 13). Madeniet Portal. https://madeniportal.kz/article/4737 (Accessed: 19 October 2025). (kaz)

4. Abu Abdullah Muhammad ibn Ismail ibn Ibrahim ibn al-Mughirah al-Bukhari. (2005). Sahih al-Bukhari. Almaty: Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan. (kaz)

5. Baltabayeva G. (2021, August 26). The Manifestation of Islamic Values in Contemporary Kazakh Short Stories. Ulagat – Education, Science and Culture Portal. https://ulagat.com/2021/08/26/қазіргі-қазақ-әңгімесіндегі-ислами-к/ (kaz)

6. Zhutayeva A.K., & Abdimanuly O. (2019). Manifestations of Postmodernism in Contemporary Kazakh Literature. Al-Farabi Kazakh National University Bulletin, 2(174), 47-54. (kaz)

7. Kemelbayeva A. (2023). Munara: A Novel, Short Stories, and Screenplays. Foliant. (kaz)

8. Kemelbayeva A. (2001). Tobylgysai: A Novella and Short Stories. Elorda. (kaz)

9. Kenzhebayeva A.A., & Shynarbekova Zh. (2019). Peculiarities of the Use of Symbolism in the Works of Amy Tan and A. Kemelbayeva. Philological Aspect, 3(47). https://scipress.ru/philology/articles/peculiarities-of-the-use-of-symbol-in-the-creativity-of-emi-tan-and-a-kemelbaeva.html (rus)

10. The Meaning and Interpretation of the Holy Qur'an. (1991). Translated by Khalifa Altai. Qur'an Sharif Printing House. (kaz)

11. Seisenbiyeva E. S. (2023). The Exegetical Tradition in Nineteenth-Century Kazakh Literature [PhD Dissertation, Kazakh National Women's Teacher Training University] (kaz)

12. Seisenbiyeva E., Madibayeva K., & Snabekova M. (2022). Clarification of the Foundations of Religion in the Literary Heritage in Historical Continuity. Keruen, 1(74), 146-159. (eng)

IRSTI 17.07 https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.2-13

K.A. Kabdeshova[1*], M.Aca[2]
[1]The establishment «Esil University», Astana, Kazakshtan
[2]Marmara University, Istanbul, Turkey
e-mail: [1]kuralay.kabdeshova@gmail.com, [2]mehmet.aca@marmara.edu.tr
ORCID: [1]0000-0002-4783-5705, [2]0000-0003-3132-4086

THE ARTISTIC FUNCTIONS OF TIME IN ZHETYSU AUTHORIAL HISTORICAL EPICS

Abstract. The article examines the nature and functions of time in the authorial historical epic of Zhetysu region, located in the south-east of Kazakhstan. A thorough study of time in the authorial historical epic allows us to demonstrate that this pattern of epic did not emerge in isolation, but it is a continuation of epic tradition. The object of the research is the Zhungar invasion of the XVII-XX centuries and the movement of people against the enemies (Russian, Chinese, Kokan, etc.) and their leaders – "Shayan batyr", "In the mountain", "Partizan Shaimerden", "Musabek Sengirbaev", "The history of Bayseyit Batyr" by Tazhibay Baibagisuly. The researcher relies on theoretical works of Russian and Kazakh literary critics who have studied the concept of time in folklore. The author also defines the concept of time in historical epics. The conclusions are supported by the analysis of citations from the epics to demonstrate the poet's time and plot time in the authorial historical epic. The difference between the poet's time and the plot time in the historical epic is determined. Through studying the representation of time in the author's historical epic, the nature of these epic and the nature of the author's historical epic of Zhetysu region are revealed.

Keywords: authorial historical epic, Kazakh historical epic, time, poet's time, plot time.

Қ.А. Қабдешова[1*], М.Ача[2]
[1]«Esil university» мекемесі, Астана, Қазақстан
[2]Мармара университеті, Ыстанбұл, Түркия
e-mail: [1]kuralay.kabdeshova@gmail.com, [2]mehmet.aca@marmara.edu.tr
ORCID: [1]0000-0002-4783-5705, [2]0000-0003-3132-4086

ЖЕТІСУ ӨҢІРІ АВТОРЛЫҚ ТАРИХИ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ УАҚЫТ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Мақала Қазақстанның оңтүстік-шығысында орналасқан Жетісу өңірі ақындарының авторлық тарихи жырларындағы уақыттың көрінісін, уақыттың сипатын әдеби тұрғыдан зерттеуге арналады. Авторлық тарихи жырлардағы уақытты жан-жақты зерттеу жырдың осы үлгісінің жоқтан пайда болмағанын, эпикалық дәстүрдің жалғасы екендігін танытуға мүмкіндік береді. Зерттеу нысанына XVII-XX ғасырлардағы жоңғар шапқыншылығы және сыртқы жауларға (орыс, қытай, қоқан, т.с.с.) қарсы халық қозғалысы мен олардың көсемдері – батырлардың ерлік шежіресін баяндайтын Есдәулет Қандекұлының «Шаян батыр», «Тауда», Қалқа Жапсарбайұлының «Партизан Шаймерден», «Мұсабек Сеңгірбаев», Тәжібай Байбағысұлының «Байсейіт батырдың тарихы» тарихи жырлары алынған. Зерттеуші фольклордағы уақыт ұғымын зерттеген орыс және қазақстандық әдебиеттанушылардың теориялық еңбектеріне сүйенеді. Сондай-ақ келтірілген тұжырымдар дәйекті болу үшін автор осы

[*] ***Cite us correctly:***
K.A. Kabdeshova, M.Aca. The Artistic Functions of Time in Zhetysu Authorial Historical Epics // "Keruen". - 2026. No. 2, (91 vol.). - B. 197-208. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.2-13.

жырларға тән уақытты ажыратып, атай отырып, авторлық тарихи жырлардағы жырлаушы уақыты мен сюжеттік уақыт жырдан үзінділер келтіру арқылы талданады. Тарихи жырлардағы жырлаушы уақыты мен сюжеттік уақыттың өзара айырмашылығы айқындалады. Жырлардағы уақытты, олардың көрінісі мен сипатын зерттей отырып, аталмыш жырлардың табиғаты, жалпы Жетісу өңіріндегі авторлық тарихи жырлардың өзіне тән ерекшелігі айқындалып, оның табиғатын тануға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: авторлық тарихи жыр, қазақ тарихи жырлары, уақыт, жырлаушы уақыты, сюжеттік уақыт.

К.А. Кабдешова[1*], М.Ача[2]
[1]Учреждение «Esil University», Астана, Казахстан
[2]Университет Мармара, Стамбул, Турция
e-mail: [1]kuralay.kabdeshova@gmail.com, [2]mehmet.aca@marmara.edu.tr
ORCID: [1]0000-0002-4783-5705, [2]0000-0003-3132-4086

ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ФУНКЦИИ КАТЕГОРИИ ВРЕМЕНИ В АВТОРСКИХ ИСТОРИЧЕСКИХ ЭПОСАХ ЖЕТЫСУ

Аннотация. Статья посвящена изучению природы и характера времени в авторском историческом эпосе Жетысуского края, расположенного на юго-востоке Казахстана. Тщательное изучение времени в авторских исторических стихотворениях позволяет нам продемонстрировать, что этот образец стихов возник не из ничего, а является продолжением эпической традиции. Объект исследования – вторжение жунгар в XVII-XX вв., движение людей против врагов (русских, китайцев, коканов и т. д.) и их вождей в эпосах «Шаян батыр», «В горах» Есдаулета Кандекова, «Партизан Шаймерден», «Мусабек Сенгирбаев» Калка Жапсарбаева, «История Байсейт батыра» Тажибая Байбагисулы. Исследователь опирается на теоретические труды русских и казахских литературоведов, изучивших понятие времени в фольклоре. Кроме того, автор раскрывает понятие времени в историческом эпосе. Выводы исследования подтверждаются анализом фрагментов эпических текстов, демонстрирующих особенности времени сказителя и сюжетного времени в авторских исторических эпосах. Определяется разница между временем сказителя и временем сюжета в исторических эпосах. Изучая время и их появление в авторских исторических эпосах, раскрывается природа этих эпосов и характер авторских исторических эпосов Жетысуского края.

Ключевые слова: авторские исторические эпосы, казахские исторические эпосы, время, время сказителя, сюжетное время.

1. Introduction

The original texts of the Kazakh authorial epics were made orally and then, as far as possible, were recorded in written form with the help of national heritage collectors. The themes of historical epics mainly reflect the historical events related to khan-sultans (Rulers in Central Asia), the heroes, the bi-sheshen lived between the XIII-XIX centuries and the first half of the XX century. As a rule, the political transformation that takes place in Kazakhstan, and the adversities that come down to the nation are told as a story at first gradually turning into an epic, short epic. Over time, improvising folk poets create a single complete epic out of those episodes.

“The Kazakh historic epics describing the wars with enemies and the fight the injustice not only reveal us information on Kazakh history, but also they glorify the unity between the three Zhuz (tribes) of Altai and Atyrau, the brave warriors who withstood the outward enemy of the Kazakh people. Resilience of the people who fought the enemy, the injustice, its freedom, and love for the Motherland are among the main ideas of historical epic.

The patriotic pathos characteristic of historical epic is also reflected in world poetry: Kyrgyz "Manas", Indian "Mahabharata", Greek "Iliad" and "Odyssey", Armenian "David Sassounski", and Mongolian "Gheser" etc (Kabdeshova and Harris, 2018: 171).

The origins of the authorial historical epics are traced back to ancient Turkic epics of Kultegin, Bilge kagan, Tonikok. For example, the author of the epic Kultegin is Youllik tegin. However, among the historical epic created in the later eras there are compositions whose authors are identified, as well those folklore epics whose authors are forgotten. As a result, the boundary between individual authorship and collective oral tradition became increasingly blurred.

However, based on the results of our research in recent years, "authorial historical epic" can be referred to as a composition which accurately describes the historical appearance of a particular event in one particular period of time, a unique version that is totally different from the folklore variations, popular among the people and whose author is recognized as a particular poet or zhyrau.

The authorial historical epics cover all the periods in a nation's history just as other folklore historical epics. Over time, many authorial historical epics gradually transformed into collective folk narratives. Due to the nomadic style of life of the Kazakh people, the late formation of written literature, the lack of special archival institutions, the passage of epics by word of mouth from generations through zhyrshy and performers not only made changes to texts, but also ignored the names of the authors.

This study argues that temporal organization in Zhetysu authorial historical epics is constructed through the interaction between epic time and plot time. Unlike previous studies focused primarily on genre classification and historicity, this research examines how temporal layers shape narrative structure, historical perception, and the artistic representation of collective memory in authorial historical epics.

2. Methods and Materials

2.1. Methods

The study is based on comparative literary and textual analysis of Kazakh authorial historical epic and relevant theoretical works of folklorists and literary scholars. The classifications of epic time by Putilov (1988), Ybyraev (1993), Rakhym (1999), and Aidarova (1993) are compared and synthesized. The methodology involves identifying two dominant temporal categories – epic time and plot time – in line with Ybyraev's classification.

This study employs comparative textual analysis to examine the temporal organization of authorial historical epics. Particular attention is paid to the interaction between epic time and plot time, narrative transitions, and the function of temporal motifs such as dreams, autobiographical references, and retrospective narration.

2.2. Materials Description

The empirical material of the research includes several Zhetysu region authorial historical epic:

- "Shayan Batyr" and "In the mountain" by Yesdaulet Kandekov,
- "Partizan Shaimerden" and "Sengirbayev Musabek" by Kalka Zhapsarbayev,
- "Bayseyit Batyr" by Sayedul Kerimbekuly,

• "The History of Bayseyit Batyr" by Tazhibay Baybagysuly.

All manuscripts are preserved in the Manuscript Fund of the M.O. Auezov Institute of Literature and Art and the Central Scientific Library of "Gylym Ordasy" RSE.

3. Discussion

3.1. Epic time in authorial historical epics

Epic time plays an important role in the structure of authorial historical epics. Through epic time, zhyrshy establishes communication with the audience, introduces the historical background of the story, and expresses his own attitude toward the events. Unlike plot time, which develops through actions and conflicts, epic time reflects the narrator's position and his connection with collective memory.

The concepts of time and space in epic tradition were studied by B. Putilov, Sh. Ybyrayev, B. Rakhim, and D. Aydarova. Putilov classified epic time into storytelling time, plot time, and epochal time (Putilov, 1988: 33). Ybyrayev divided epic temporality into storytelling time and plot time (Ybyraev, 1993: 83).

The scientist, who studied historical epics, B.Rakhim, agreed with the classification of scientist Sh.Ibrayev and added "epochal time» and divided the historical time into three parts (Rakhim, 1999: 69).

D.M. Aydarova, who studied the time and space of the epic "Manas", classifies the time as follows:

1. Epical time
2. Plot time
3. Reporting time
4. Biographical time (Aydarova, 1993: 34).

The epic time classifications of the above-mentioned scientists do not differ as much. The classification of scientists is essentially the same if not differentiated by its name. In this study, basing on Sh. Ybyrayev's time classification, we will consider the time in author's historical epics as "epic time" and "plot time". The reason we do not classify into epochal time is that this time has a wide range.

Most of the epics that we are considering are written during the Russian colonization, when it was part of the Soviet government, and there is told about the same era, it is not necessary to consider it in terms of epoch-making time. The epoch of author's historical epics is the Soviet period, from the middle of the 19th century to the middle of the 20th century. That is why we do not classify the time by epoch. We will define the time of the epic of poets, who lived in the XIX-XX centuries in the Zhetysu region. Among them are the Zhongar invasion of the XVII-XX centuries and the people's movements against foreign enemies (Russian, Kalmyk, Zhongar, Chinese, Kokand, etc.) and their leaders – "Shayan Batyr", "In the mountain", "Partizan Shaimerden", "Musabek Sengirbayev", "Bayseyit Batyr" by Sayedul Kerimbekov, "The history of Bayseyit batyr" by Tazhibay Baibagysuly.

At the epic time, the zhyrshy narrates his story from his chronicle and about his talent, before he starts singing. After introducing himself to the listener and explaining the reason for adding a hero to an epic, he may value the heroism of the main character. In other words, he prepares the listener and establishes feedback. "It is clear that the Kazakh epoch has report time beyond the plot time of the story. This distinction, which is not immediately apparent in the Russian language, is quite a peculiar to the Kazakh epic" (Ybyraev, 1993:

96). The epical time is often characteristic of Kazakh heroes. As the zhyrshy sings several epics, it is not intended to shed light on the introduction and the final word in all the epics. Depending on the wish and the inspiration of the zhyrshy, the introduction to the epic is accompanied by an introduction and a final word. He can narrate the truth from his life as he speaks in remembrance. Even though it does not have direct involvement in his destiny, the zhyrshy associates the story with his fate and place of birth. "This tradition has become widespread when there is an epic environment. Unfortunately, because the zhyrshy perceived that their words were not related to the mystery of the poet, many of the epic was missed by them somewhere" (Ybyraev, 1993: 97). It is not difficult for us to meet the epical time in the 1-2 epics of the poets, though not all of the historical epics. That is because the poets, who mastered the epic tradition and learned the old epics, have used their epical time very well.

The poet Kalka Zhapbarbayev begins the epic "Partizan Shaimerden" as follows:

"I took a pen and wrote a letter to my people,
Copper and gold cannot join together.
After Lenin's light rises,
My face is bright today.
When my foal became a horse without horseshoes,
The score finished as like flood of water
The white and red's fights of yesterday,
The people become cool and cool.
Let me write a few words from what I know,
One story about heroes" (Zhapsarbayev, 28) – is to introduce the introduction to epics.

This introductory lines demonstrate that epic time functions beyond the chronological framework of the narrated events. Before the plot begins, the narrator establishes an interpretive space where personal memory, collective history, and the authority of oral performance intersect. The zhyrshy's self-introduction is therefore not merely a conventional opening formula but narrative strategy that legitimizes the forthcoming historical account. By positioning himself as both narrator and cultural witness, zhyrshy bridges the temporal distance between historical reality and epic representation.

In the epic "Shayan Batyr":

Shayan batyr is one of the generation of ancestors, called Uly zhuz, baba. He was a man in history. He lived in Zhetysu. Born in 1824, died in a war in 1861 (Kandekov, 1939: 48).

Unlike heroic epics, where the narrator usually remains outside the historical world of the characters, authorial historical epics intentionally emphasize documentary authenticity. By providing the hero's genealogy, place of residence, and exact dates of birth and death, the narrator transforms epic time into historically verifiable time. Consequently, epic narration acquires documentary authority while preserving its poetic structure.

A zhyrshy, who lived during a historic event, may know a hero of the warrior or a historical event. During the rapture, the zhyrshy proves the life of the hero, his generation, and his listeners by giving them real information from life.

Before recounting the events of the 1916 uprising, Kodek Baishyganuly begins "On the year 1916" by speaking from his own temporal perspective:

"I took my pen to write a letter,
For long have my people suffered.
Listen carefully, dear audience,
As I begin this meaningful story.
Rayymbek is my battle cry,
My tribe is Alban.
May God grant my share from the open steppe.
This worldly life is temporary,
Though it intoxicates one for a few fleeting days.
If I leave these words unspoken,
My heart will remain burdened with regret» (Adilbek, 2022: 296).

Б.Әбішевтің әйел бейнесін мифологиялық сипатта көне түркілік таным бойынша тарқатқан туындыларының бірі 1986 жылы қолада орындалған «Үлкен Ұмай» атты шығармасы (3-сурет). Мүсінші туындысында Ұмай ана түйе үстінде сомдалған. Статикалық шешім тапқан мүсін өзінің сәнділігімен әрі асқақтығымен елітеді. Түйені сомдауда мүсінші оның аяқтары мен мойнын ұзын, ал денесін шағын етіп ала отырып оған нәзіктік береді. Нар түйеге артылған жүктің үстіне жайғасқан Ұмай ана малдасын құрып қолдарын рәсімдік жоралғыға ұқсатып кеуде тұсында түйістірген күйі мүсінделген. Тәңір ананың мойнында алқасы ал басында үш тағанды тәжі бар. Үш тағанды тәж сонау жартастағы бейнелерден бастап көрініс тауып, Ұмайдың ең танымды атрибуттарының біріне айналғандай. Ұмай ананы классикалық қалыптасқан бейнесінде онсыз елестету мүмкін емес. Осылайша автор аталмыш туындысына барынша шығыстық мәнер мен тылсымдық беруге тырысқан.



3-сурет. Бахытжан Әбішев «Үлкен Ұмай». Қола. 1986 ж.




4-сурет. Бахытжан Әбішев «Үлкен Ұмай». К., м.б. 1988 ж.

1988 жылы суретші Бақыт Бапишев символикалық мәнерде шешім тапқан «Ұмай» атты туындысын жазады (4-сурет). Көлденең форматтағы кенепті дәл ортасынан бөле вертикаль бағытта ақ көйлек пен кимешек киген әйел отыр. Ол табиғат аясында орналасып, қолына бір шоқ гүл ұстаған күйі кескінделген. Бір қарағанда аяғы ауыр секілді қабылданатын әйел бейнесін суретші Ұмай деп атап, оған қатысты тарихта қалыптасқан танымды белгілермен бейнелеуден бас тартады. Кимешек киген бейнесі арқылы оны қазақтың дәстүрлі қоғамына жақындатып, қабылдауды жеңілдеткен секілді. Бапишев кескіндеген Ұмай бейнесінен оның мистикалық сипаты жоғалғанымен, ол артқы аядағы табиғатта жалғасын тапқан. Алыстағы таулар тым ауыр, қып-қызыл дала алқабы тым үрейлі, қою көк түсті аспан түнеріп тұрғандай салмақты, ал ағаш жапырақтары қысымды күйшейтіп еріксіз көрерменін ойға қалдырады. Мұндағы аяда бейнеленген табиғат кеңістігі өзара аппликацияланып орналасқандай әсер қалдырып, бір жазықтықта тұрғандай сезіледі. Арадағы кеңістік әсерін мүлде сезінбейміз. Ұмайдың ежелгі түркілік қызметіне сілтеме жасайтын жалғыз белгі ол кимешектегі әйелдің құрсағы. Туындыда автор Ұмай кейпіндегі әйелдің өзін шарасыз қалдырғандай. Ежелгі аңыздар бойынша ол бала көтерген әйелдерді желеп-жебеп, олардың толғағын жеңілдететін болса, мұнда Ұмайдың өзі аяғы ауыр халде бейнеленіп, дүние есігін ашпаған сәбиінің болашағына алаңдайтын секілді. Бұл алаңдаушылық артқы фондағы жазық жағылған қанық түстерде шешілген, қысымға толы табиғаттың мазасыз күйінен сезіледі.

Ұмай тақырыбына алғашқылардың бірі болып қалам тартқан суретшілердің бірі Жамиля Тәкен болды. Ол 1996 жылы «Ұмай» атты туындысын жазып, көшпелі түркі халықтарының космологиясында қалыптасқан Ұмай бейнесін өзінше талқылауға тырысады (5-сурет). Бейтарап кеңістікте абстрактылы шешім тапқан композиция киіз үй құрылымын ғарыштық модель деңгейінде пайымдап, шаңырақ пен аспан әлемін, еден мен жер кеңістігін символдық тұрғыда тоғыстырады.



5-сурет. Жамиля Такен «Ұмай».
К., м.б. 1996 ж.



6-сурет. Күдергідегі тасқа таңбаланған
Ұмайға тағзым ету көрінісі.

Жасыл мен сарғыш-қоңыр түстердің жылы үйлесімі туындыны мазасыздықтан арылтып, тұтастай космогониялық тыныштық күйін қалыптастырады. Уыққа ұқсас жолақтар арқылы жоғарғы және төменгі әлемдер байланыстырылып, көш, арба дөңгелегі, ай бейнелері динамика мен гравитациялық тепе-теңдікті айқындайды. Осы қозғалыс пен пішіндік көпқабаттылықтың ортасында статикалық қалпында орналасқан антропоморфты Ұмай бейнесі композицияны сакралды мағынада біріктіретін рухани тұрақ нүкте ретінде көрінеді.

Суретші Ұмайдың бұл бейнесін Б.Бапишев секілді ойдан шығармайды немесе Б.Әбішев секілді образдық тұрғыда ұлықтамайды. Ж.Тәкен Ұмай образын айқындауда тарихи артефактілерге жүгініп, Күдергі тасында бейнеленген сюжеттік желіде көрініс тапқан үш мүйізді тәж киген ең танымал тарихи ескерткішке жүгінеді (6-сурет). Алтай аймағындағы Күдергі тасында бейнеленген сюжетте үш мүйізді тәжі бар ана статусы жоғары екенін оның өзгелерден мейлінше пішіні үлкен етіп қашалуынан білеміз. Салтанатты әсем киінген мәртебелі әйел мен оның баласына салт атты жауынгерлер аттан түсіп, тізе бүгіп құрмет көрсетуде. Ж.Тәкен осы ескерткіштегі Ұмай бейнесін дәлме-дәл статикалық мәнерде көшіріп, оны тек кескіндеменің түстік шешімінде орындайды. Мұндағы сары мен қоңыр түс жер мен күннің белгісі ретінде талқыланса, қызыл мен жасыл өсіп өркендеудің, қуат көзі мен молшылықтың белігісі ретінде қабылданады.

Ұмайдың ежелгі түркілік танымдағы от ана ретіндегі қызметін қазақтың бүгінгі салт-дәстүрінде әлі күнге дейін сақталған үлгілермен байланыстырып (жаңа түскен келінді қайын жұрты «шырағың сөнбесін, отың өшпесін» деп отқа май құйып қарсы алады), тәңіршілдік кезеңдегі генетикамызбен сабақтастыруға тырысқан (Бұл туралы Айсұлу мен Аю батыр атты көне түркілік аңызда да баяндалады. Аңға кеткен Аю батырдың жаққан отын Айсұлу өшірмей, шаңырағына иесі келгенше маздатып отырған) суретшілердің бірі Сембіғали Смағұлов болды. Оның абсрактылы символикалық тақырыпта жазылған туындыларының дені негізінен тәңіршілдік дүниетанаммен байланысты. Ол Тәңір ана тақырыбын «Отқа табынушылар» атты

мүсіндік композициясында және «Шыңғысханның түсі», «Заратуштралық сарын» сериясында, «Менің үш кием», «Көк әлем», «Көшпендінің түсі», «Темірқазық» сынды кескіндемелік туындыларында Ә.Сыдыханов негізін қалаған таңбалық мәнерде бейнелейді (7,8 суреттер).



7-сурет. С.Смағұлов «Көшпендінің түсі» К., м.б.




8-сурет. С.Смағұлов «Отқа табынушылар» Қола, бетон.

Суретші шығармаларында ұдайы қайталанатын Тәңір мен Ұмайдың бейнесін шартты түрде танымды элементтері арқылы бейнелеп, силуэт ретінде шешеді. Олар қатаң, қатты пішіндерге құралмаған, керісінше рух секілді қабылданып жұмсақ, иілген иірімді сызықтар арқылы көрініс тапқан.

Ғасырлар тоғысындағы кескіндеме мен мүсін өнерінде жемісті жұмыс жасаған белгілі суретшілердің бірі – Асқар Есдәулетов. Көрерменге көбінесе суретшінің кескіндемелік туындылары жақсырақ таныс болғанымен, ол мүсін өнерінде де белсенді жұмыс жасайды. Көбінесе өзінің сұхбаттарында мүсін өнерінде абстрактылық мәнерде жұмыс жасайтынын және тарихи тамырынан ажырап қалмас үшін негізінен қазақтың төл өнері саналатын балбалдардан шығармашылық шабыт алатынын айтады. Мүсінші тарихи тамырымызбен берік сабақтастық орнату үшін мүсін өнерінде жартастағы бейнелерге, көне түркілік мифологиялық сюжеттер мен кейіпкерлерге сілтеме жасай отырып, оны өз заманы тұрғысынан қайта қарастыруға басымдық береді. Сондай ізденістегі туындыларының бірі Ұмай ана тақырыбына арналады. Мүсіндік туындыларында ол 1986 жылдан бастап 2008 жылға дейін Ұмай тақырыбына арналған бірнеше туындысын орындап, онда қоғамның санасындағы Ұмай тақырыбына сыни көзқарасын ұсынғандай болады. Сериялық туындыларының алғашқысы 1986 жылы орындалып, кейін 2004 жылы тағыда бірнеше нұсқада қайталанады. Бұл Ұмайдың бетперде (личинка) үлгісінде жасалған шойыннан (1986, 9-сурет), балауыздан (2004, 10-сурет), қоладан (2004, 11-сурет) құйылып боялған шағын мүсіндік композициялары болатын.



9-сурет. А.Есдәулетов «Ұмай». Шойын. 1986 ж.



10-сурет. А.Есдәулетов «Ұмай». балауыз, 2004 ж.



11-сурет. А.Есдәулетов «Ұмай». Қола., 2004 ж.

Мүсіндер бір қарағанда бетперде секілді көрінеді. Сондай-ақ оның төбесіндегі үш мүйізді тәжіне сілтеме жасайтын ойық өрнекті алып тастасақ африкалық маскалар немесе будда мүсінінің бет әлпетімен ассоциацияланатыны айқын. Мүсінші мұндай ассоциативтік қабылдауды саналы түрде жасаған секілді. Өйткені сол арқылы Ұмай ананың киелілік сипаты мен қадір-қасиетін анықтауға ұмтылғандай. Африкалық маскалар Еуропа үшін экзотикалық заттар болғанымен өз жерінде киелі магиялық сипатқа, сиқырлы күшке ие діни рәсімдер мен ғұрыптық жоралғыларда қолданылатын, ата-бабалардың рухтарымен байланыс орнатуда аса маңыздылыққа ие атрибут екені белгілі. Ұмай мүсінін А.Есдәулетов африкалық маскалар секілді жазық, рең беруде сәнді шешім тауып, көздерін ойық күйі қалдырады. Ал шығыс елдерінің мәдениетінде аса маңыздылыққа ие будда мүсінімен Ұмай ананың шектен тыс тым үлкен құлағы, қысыңқы келген ойық көздері және дөңгеленген оймақтай еріндері сәйкестік орнатады.

Бірінші композицияда шаршы пішінді, шеттері кертілген, ұқыпсыз өңделген немесе уақыттың өзі із қалдырған секілді сезілетін ақшыл түсті тұғырдың үстіне мүсінші көгілдір түске рең берген, шойыннан құйылған Ұмай ана басының мүсіндік бейнесін бетпердеге ұқсас кейіпте сомдап орналастырады. Бетперде оңға қарай ұқыпсыз қисайған күйі деформацияланып, көз ойықтары сығырайған пішінде бір сызық болып ойылып берілген. Астындағы үш тағанды тәжі диадема секілді шешіліп, ойық бедерлі орналастырылған. Оң жақ тұсында аяқталмай, сынық күйі қалған. Сол жақ құлағы қалыптан тыс үлкейтіліп, ондағы сырғасын да байқау қиын емес. Мүсінге байырғы бұйымның әсерін беріп, оның мистикалық тылсым сипатын арттыру үшін ультрамарин мен жасыл және көк түстердің қатынасында рең беріп бояған. Шаршы тұғырдың үстінде құлап немесе жантайып жатқан секілді көрінетін Ұмай ананың бас мүсіні жіп-жіңішке жолақ сызық сияқты берілген көздерінің ойығы арқылы көкке қарай көз тастаған секілді әсер қалдырады. Ал оның тас үстінде ұқыпсыз, қисық әрі қиранды ретінде орнатылуы бүгінгі қоғамның санасында, өз ұрпағының жадында әлдеқашан діни сипаты мен қадір-қасиетін жоғалтқан, өзіндік миссиясын орындаса да бүгінгі күні тарих қойнауында қалған көне бір жәдігер секілді қабылданатын, тарихи генетикамызға жақын болса да, бүгінгі мәдениетімізге тым алыс сипатын анықтағандай.

Дәл осы композицияны балауыздан құйып қоланың түсіне боялған нұсқасы бірізді қайталайды. Оның бір түсте шешілуі мүсіндік туындыға салмақтылық бергендей. Тек сол жақтағы екінші құлақтың орнын мүсінші бедерлі элемент арқылы толықтырған. Бұл ежелгі дәуірлерде Ұмай бейнесінің тек тас балбал мүсіндер мен петроглифтерде ғана бедерленіп бейнеленгеніне сілтеме жасап тұрғандай. Үшінші жұмыста бетперде үлгісіндегі композицияны тағы да бірізді қайталайтын қоладан құйылған нұсқасы. Мұнда Ұмайдың басы бұрынғысынша оңға қарай қисайған күйі тұғырға орнатылғанымен, бұрынғы ұқыпсыздық, пішіндік деформация жоқ. Ұмайдың беті дөңгелек жүзді келіп, басындағы тәжі де толықтай шешім тауып, кокошник (орыс халқының әйелдерге арналған сәнді бас киімі) секілді маңдайына түзу кигізілген. Екі құлағыда толық мүсінделіп, сол құлағындағы сырғасы мейлінше массивті бола түскен. Үш мүсінде бір композициялық құрылым бойынша орындалғанымен ондағы жағдай, әсер үш түрлі талқыланады. Бірінші бетпердеден реніш, өкпе әсері байқалса, екіншісінен дәрменсіздік, жоғарғы күштерден медет күту әсері сезіледі. Ал үшінші бетпердедегі көз ойықтары бадам тәрізді үлкенірек ойылып, көрерменге тік бағытталған күйі шешілген. Одан сынау, тергеу немесе көременге қойған сұрақтың жауабын талап ету секілді әсерлер сезімдік деңгейде айқын оқылады.


А.Есдәулетовтың Ұмай тақырыбына арналған туындыларының қатарын 2002 жылы сомдалған «Өмір ыдысы II» атты жұмысы жалғастырады (12-сурет). Мұнда суретші Ұмайдың өмір беруші құдіретін су құюға арналған ыдыс арқылы ашады. Су тіршілік көзі, өмірдің бастауы. Сондықтанда су Ұмайдың символдық белгілерінің бірі болады. Оның үш мүйізді тәжінің ортасында күн дискісі орналасып, Мысырлық Амон-Ра мүсіндерімен ұқсастық табады. Күн – жарық пен жылудың көзі әрі тіршіліктің бастауы ретінде тарқатылады.



12-сурет. А.Есдәулетов «Өмір ыдысы II». Қола, 2002 ж.



13-сурет. А.Есдәулетов «Ұмай». Шойын, 2002 ж.



14-сурет. А.Есдәулетов «Ұмай». Алюминий, 2008 ж.

Асқар Есдәулетов 2002 жылы шойыннан, ал 2008 жылы алюминийден құйылған Ұмай ананың толық тұлғалық мүсіндерінің моделін жасайды. Абстрактылы-символикалық мәнерде ойластырылған композицияларда суретші өзінің тәңіршілдік дәуіріндегі құдай анасының заманауи қоғамдағы статусына сыни көзқарасын білдіргендей болады. Тігінен шешілген композиция статикалық қатаң әрі мейлінше


шартты пішіндерге бағындырылған. Шойыннан құйылған Ұмай бейнесін автор тек фронтальды қабылдауға негіздеп, бір жазық бетте шешкен (13-сурет). Ұмайды жаланаш әйел бейнесінде сомдап, оның танымды киелілік сипатынан тек тәжін ғана қалдырған. Іс-әрекет, қозғалыс Ұмайдың өз денесіне құрсауланып, ол жаңа заманның адамдарының санасында өзінің қадір-қасиетінен айрылған дәрменсіз күйде көрініс тапқан секілді. Бет әлпеті балбал тастардағы әйелдерді сомдаудың портреттік канондарына сай орындалып бедерлі шешілген. Қас пен мұрын Т-тәріздес, ал беттің басқа элементтері геометриялық формаларда контруктивті түрде бедерлі құралған. Антикалық Грекияның архаикалық мүсіндері секілді қол денеден ажырамай, аяқтары бір-біріне біріктірілген күйі орындалған. Дененің нәзік, статикалық пішінімен салыстырмалы түрде қарағанда басы тым үлкен әрі бетперде киіп тұрғандай қабылданады. Мүсінге төменгі жағында сиырдың басы мен шағын баған тұғыр қызметін атқарған. Ұмайдың ежелгі дей түркілік, яғни прототүркілік кезеңдердегі жасырын тотемдік бейнелерінің бірі осы сиыр культі болған деген де деректер ғылыми ақпараттарда кезігеді (Ушницкий, 2016:31).

Алюминийде орындалған келесі мүсіндік композицияда Ұмай толықтай абстрактылық пішіндерге басымдық беріп танымсыз кейіпке енген (13-сурет). Дөңгелек шар секілді басының төбесінен өскен үш мүйізін нимб секілді жарты шеңбер қоршап шолақ кесілген (бір қарағанда орыстың ұлттық киіміндегі әйелдердің кокошнигі секілді көрінеді). Төменге қарай ұзын мойынға ұласып, кеуде тұсында төрт жаққа қаратылған омырауға ұқсайтын шар іспеттес формаларға жалғасқан. Денесі алдыңғы жұмыстағыдай статикалық түзу аяқтарымен ирек келген тұғырға кигізіліп ол құстың сирағы секілді аяққа бекітілген. Сырттан қарағанда вертикалды функционалды киім ілгішке немесе бақанға ұқсайды. Суретші киелі образды барлық қасиетінен, ұлы сипатынан, даралығынан айыру арқылы оның рухты бабалардың бүгінгі ұрпағының қоғамында қадір-қасиетінің қалмағандығын, танымсыз кейіпке айналғанын меңзеп тұрғандай. Ұрпақ алдында өзінің бұрынғы құдіретін жоғалтқан тәңіршілдік пантеонының жоғарғы сатысындағы киелі бейнелер өзінің астарлы мазмұнымен қоса қызметінен де айрылып мәнсіз болып қалған.

2000 жылы Ұмай тақырыбы мүсінші Болат Құсайынов шығармашылығынан көрініс табады (15-сурет). Қоладан құйылған «Ұмай-ана» атты екі фигуралы композициясында Ұмай бауырлап жатқан қасқырдың үстінде отырған күйі сомдалған. Қасқырдың үстінде салт отырған Ұмай ана бейнесі мейлінше салмақты шешілген. Қасқыр Ұмайдың жасырын бейнелерінің бірі секілді. Болат Құсайынов сол байланысты терең түйсінгендей әсер қалдырады. Екеуін бір композициялық құрылымға біріктіріп, ортақ мазмұнда талқылауының сыры осында болуы керек. Туындының мазмұндық құрылымын анықтау үшін қасқыр бейнесіне де тереңірек үңілсек. Көне түркілік мифологияларда сақтарға дейінгі тайпалардың (ғұндар немесе үйсіндер болуы мүмкін) қасқырдан тарағандығын баяндайтын аңыз желілері сақталған. Солардың барлығында ғұн баласын асырап өсіріп, кейін ер жеткесін одан адамзаттың ұрпағын жалғастырған Көк бөрі жайлы баяндалады. Көк бөріден тараған ұрпақ «Ашина» деп аталып, өздерінің ержүрек әрі жауынгер рухымен белгілі болады. Осы аңыз желілеріне жіті назар салатын болсақ қасқырдың тегі ер емес

ұрғашы болғанын байқаймыз. Мүсінші Б.Құсайынов Ұмай мен қасқырдың бейнесін біріктіріп, ортақ композицияға бағындыруы арқылы екеуінің тегі мен төркіні бір екенін тұспалдағысы келгендей.

Туындыда қасқыр бейнесі кеудесін керген күйі паң әрі асқақ шешім тапқан. Жыртқыштың мойнын керіп, басын кербездене көтерген қылығынан-ақ оның ұрғашы тегіне тартып тұрғанын және бойсұну мен еркіндік сезімдерінің қатар жеткізілуімен туындының шебер сомдалғанын аңғарамыз. Құртқа қасқырдың үстіне жайғасқан әйел салт отырғанымен, мейлінше шартты шешім тауып, күрделі ракурста берілген. Оның денесінің жоғарғы бөлігі қырына қарай шорт бұрылып қалыпсыз әрі статикалық шешім жасайды. Ұмай ананың дене бітімін сомдауда мүсінші балбалдарға тән мызғымастық пен тұтастықты беруге тырысады. Кеуде тұсында шиыршықтала түскен өрнектік элемент көрерменін кейіпкердің ішкі әлеміне терең бойлауға шақырып тұрғандай әсер қалдырып, оны стильдік әрі түпкі мағыналық құрылымы жағынан мүсіншінің 2003 жылы орындалған «Домалақ ана» атты туындысымен байланыстырады. Сондай-ақ осы шиыршық бедері мүсіннің денесіне жабыса бедерленген қолдарының жазық әрі тұтас шешіміне жан бітіргендей. Мүсіннің жалпы көркемдік құрылымы кубистік мәнерде геометриялық пішіндерге жақын орындалып, қырлы сызықтардың айқын басымдық алумен ерекшеленеді. Сол арқылы мүсінші туындыға әлдеқандай бір қатаңдық беріп, оны қабылдау жағын біріншіден 1960-70 жылдардағы қазақ кескіндемесіндегі «ұлттық мектептің» «қатаң стилімен» байланыстырса, екінші жағынан Т.Досмағамбетовтың мүсіндеріндегі романтикалық сарынға жақындатады. Ал портреттің барынша реалисттік шешім табуы арқылы туындының пішіндік құрылымымен контраст жасайды. Осылайша Болат Құсайынов шығармашылығындағы мүсіндік туындыларға романтизация мен образдық тұтастық және монументалды көркемдік шешу ерекшелігі тән екенін айқындаймыз.



15-сурет. Б.Құсайынов
«Ұмай-ана». Қола, 2000 ж.



16-сурет. Б.Құсайынов
«Домалақ ана». Қола.

Көне түркілік мифтерде Ұмай ана кейпінде тарқатылған бейне қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі қазақ мифологиясында Домалақ ана бейнесімен байланыс

табады. Домалақ ана Бәйдібек бидің жары, еліне қамқор, талай қыздарға үлгі болған кейіпкер.

2003 жылы орындалған «Домалақ ана» композициялық құрылымында кейіпкер фронтальды әрі вертикаль шешім тауып, классикалық үлгілерге сілтеме жасай орындалған (16-сурет). Молдасын құрып, екі қолын айқастырған күйі отырған бейнесі оны Тәңір анасымен сабақтастырады. Мүсінші Ұмайдың ең танымды атрибуты үш тағанды тәжінің белгісін Домалақ ананың бас киімінің маңдайлығына орналастыру арқылы шешкен.


Автор мүсіннің статикалық шешіміне динамикалық леп беру үшін молдас құрған бір аяғының басын, кеуде тұсын және шашын спираль тәрізді шиыршықтап орап өрнектік пішінге енгізеді. Соның әсерінен мүсіндік композицияның өн бойында тоқтаусыз қозғалыс әсері сезіледі. Сонымен қатар бұл таңбалық белгілер Домалақ ананың рухани дүниесіне, ішкі әлеміне терең бойлауға шақырып тұрғандай әлдекандай мистикалық тылсым сипатқа ие болады. Айқын бұрыштық тік сызықтар мен пішіндерден құралған мүсін бір сәт қатал, ал иірімді дөңгеленген өрнектік қатарлардың кезектесуі арқылы жұмсақ көрініс алған. Осындай ерекшеліктерімен Тәңір ананың белгісіндей болған Домалақ ана бейнесінен бір сәт ұлылық пен мейірімділік қатар сезіледі.

Асқар Есдәулетовтың 2002 және 2008 жылдары қола материалында сомдаған «Домалақ ана» мүсіндік композициялары иконографиялық тұрғыдан көп қабатты мәдени трансформацияның нәтижесі ретінде қарастырылады. Бұл екі жұмысты бйланыстырып тұрған басты өзек аналық бейненің сакралдануы, ол әртүрлі өркениеттік символдық жүйелер арқылы жүзеге асады.

2002 жылғы нұсқада (17-сурет) шартты түрде болса да сақталған әйел портреті 2008 жылғы композицияда толық жойылып, оның орнын дөңгелек, жылтыр шар тәрізді пішін басады (18-сурет). Бұл элемент христиандық көркем дәстүрде киелiліктің, әулиелік мәртебенің нышаны саналатын нимбпен тікелей мағыналық сабақтастық табады. Нимбтің этимологиясы мен символдық табиғаты (Шанский, 1971:292) оны тек көркемдік элемент емес, құдайлық болмыстың визуалды белгісі ретінде айқындайды.



17-сурет. Асқар Есдәулетов «Домалақ ана». Қола. 2002 ж.



18-сурет. Асқар Есдәулетов «Домалақ ана». Қола. 2008 ж.

Есдәулетов мүсіндеріндегі нимбке ұқсас дөңгелек пішіннің шетінде орналасқан тікен тәрізді шығыңқы элементтер композицияны одан әрі күрделендіріп, оны Иса пайғамбардың азап шегуіне қатысты символикамен байланыстырады. Христиан иконографиясында тікенді тәж (терновая корона) Исаның қорлануы мен құрбандығының ғана емес, сонымен қатар құтқарылудың алғышарты ретінде түсіндірілетін негізгі arma Christi (Schiller, 1972:185) символдарының бірі. Ал, Әулие Мәриям бейнесі бұл контексте Mater Dolorosa (Schiller, 1972:157) баласының азабын үнсіз қабылдаушы, рухани төзімділік пен құрбандықтың үлгісі ретінде талданады. Осы тұрғыдан алғанда Домалақ ананың басын айнала қоршаған тікенді шеңбер Мәриямның азап арқылы киелілікке жету жолын еске түсіретін визуалды метафора ретінде оқылады.

Әйел бейнесінің есек үстінде салт отырған күйде берілуі де қазақтың дәстүрлі иконографиясынан гөрі, христиандық сюжеттік канондарға жақын. Әулие Мәриямның Мысырға қашу көріністерінен де дәл осы иконографиялық формула Мәриямның есекке мінгізіліп, Иосифтің жетектеуі арқылы орныққан (Витторе Карпаччо, Джотто, Эль Греко, Жорж Тюбер және т.б.). Бұл ұқсастық Есдәулетовтың Домалақ ана бейесін қазақ қоғамындағы киелі аналық тұлғаны өзге мәдениеттердегі функционалды тұрғыдан ұқсас бейнелермен типологиялық салыстыру арқылы жаңаша пайымдағанын аңғартады.

Сонымен қатар, аталған мүсіндер тек христиандық иконографиямен шектелмей, қазақ даласындағы қола дәуірінің культтік бейнелеріне де сілтеме жасайды. Әйел басының дөңгелек диск түрінде берілуі қола дәуіріндегі «Күн басты құдай» бейнелерінің иконографиясын еске түсіреді. А.Е.Рогожинский сипаттағандай, күнбасты бейнелерде нимбке ұқсас құрылым антропоморфты денемен қысқа сызық арқылы байланысып, ал бейненің мәні шеңбер, сәуле, нүкте және олардың комбинациясы арқылы ашылады (Рогожинский, 2009:55).

Бұл сабақтастықты И.А.Страхованың нимбтің христиандықтан әлдеқайда бұрын пайда болған әмбебап сакралды белгі екендігі жөніндегі пікірі де қуаттайды (Страхова, 2017:120). Демек, Есдәулетов қолданған дөңгелек, сәулелі және тікенді элементтер бір ғана діни жүйеге емес, архаикалық солярлық культтерден бастап, христиандық символикаға дейін созылатын ортақ мифопоэтикалық кеңістікте оқылады. Ал мүсіндердің сомдалу ерекшелігі символикалық мәнінен бөлек өзінің композициялық құрылымында статикалық әрі фронтальды шешімі арқылы балбал мүсіндерімен сабақтастық орнатып, ұлттық мұрамен, тарихпен, дәстүрлі мәдениетпен тығыз байланыстарды нақтылай түседі.

Осылайша Асқар Есдәулетовтың 2002 және 2008 жылдары орындалған «Домалақ ана» деген бір атаумен белгілі екі мүсіндік композициясы да Ұмай ананың дәстүрлі культтік сипатынан бастау алып, оны күн басты құдай, Әулие Мәриям және Христостың тікенді тәж символикасымен сабақтастыра отырып, заманауи көркем ойлау кеңістігінде трансформацияланған архетиптік образға айналдырады. Бұл бейне арқылы Ұмайға тән аналық бастау, қорғаушылық және өмір сыйлаушы функциялар христиандық мәдениеттегі құрбандық, киелілік және рухани төзімділік ұғымдарымен қабысады.

Нәтижесінде Домалақ ана тұлғасы бір ғана этномәдени дәстүрдің шеңберінде қалмай, әртүрлі өркениеттерде ұқсас қызмет атқаратын аналық архетиптердің синтезі ретінде танылады. Осы тұрғыдан алғанда, Есдәулетов сомдаған бейне Ұмай ананың қазіргі қазақ мүсін өнеріндегі жаңаша, символдық деңгейде қайта пайымдалған көркем трансформациясы болып табылады.

Ұмайдың қазақ суретшілерінің шығармашылығында құбылған күйі көрініс тапқан бейнелерінің бірі – Ашина. Көк бөрі мен қаншық Құртқа қасқыр бейнесіне сілтеме жасайтын туындылар қатарының дені мифологияға жетелегенімен, бәрінің мазмұны өткенмен байланыс орнату, кешегі бабалар дәстүрі мен мәдениетін қайта жаңғырту, ұлт санасын ояту болса керек. Сондықтан шығармашылық иелері мүсіндік және кескіндемелік туындыларында көне түркілік тәңіршілдік дәуірге аса сағынышпен қарайтын туындыларын көрермен назарына ұсынып келеді. Мұндай туындыларда тәңіршілдік наным сенім насихатталмайды, негізінен басымдық рухтың асқақтығына, қайтпас қайратқа және қиялың мен жігеріңді шыңдайтын ерлікке толы өткеннің естеліктеріне беріледі. Көк бөрі Көк Тәңірінің өзі ретінде талқыланса, Құртқа жалпы бүкіл түркі халықтарының бастауында тұрған, таралуына тікелей себепкер болған тотемдік архетип ретінде талданады.

Тарихқа көз жүгіртсек «Ашина» немесе «Асина» түркі халықтарының бастауында жатқан тотемдік образ екенін жоғарыда атап кеттік. Ол туралы миф нұсқалары да түркі халықтарында өте кең тараған. Солардың ең ежелгілері Қытай деректерінде кездеседі (Кляшторный, 2010:189).

Француз шығыстанушысы Эдуард Шаванн 1903 жылы жарық көрген еңбегінде Батыс Түркілеріне қатысты қытай жылнамаларындағы деректердің француз тіліндегі аудармасы мен ғылыми түсіндірмелерін береді. Аталған еңбекте ол Ашина әулетінің шығу тегі қасқырдан тарау мотиві сияқты мифологиялық желілерді жүйелеп, жинақтайды. Шаванның бұл зерттеуі кейінгі кезеңдегі Л.Н.Гумилев, П.Голден, С.Г.Кляшторный, Ю.А.Зуев зерттеулеріне негізгі бастапқы дереккөз қызметін атқарады.

Шаванн қасқыр мотивіне кең ауқымды тоқталып, оның тек түркі мифологиясына ғана тән құбылыс емес екендігін атап көрсетеді: «Қасқыр тақырыбы Еуразияда Римнен Ішкі Азияға дейін кең таралған әрі көне мотив. Оның Ашинаға көрші «скифтік» халықтардан келуі мүмкін бе, әлде көне ирандық мұраның бір бөлігі ме – бұл әлі де ашық сұрақ. Үндіеуропалық текті көптеген мемлекеттердің әскери культтері мен негізін қалаушы аңыздарында «қасқыр-адамдар» маңызды рөл атқарады. Түріктерде (кейін Шыңғысхан әулетіндегі моңғолдарда) қасқыр ата-баба ретінде табыну нысаны болса, өзге дәстүрлерде (мысалы, римдік, сасанидтік) ол құдайдың жетелеуімен асыраушы ретінде көрінеді» (Chavannes, 1903:3-5).

Бұл тұжырымды Капитолий төбесінен табылған көне этрусктік мүсін де жанама түрде дәлелдейді (19-сурет). Капитолий төбесінен табылған көне этрусктік мүсін «Капитолий қасқыры» қасқыр мотивінің Еуразия кеңістігіндегі әмбебап архетиптік сипатын айқын көрсететін аса маңызды көркем-мифологиялық үлгілердің бірі. Реалистік мәнерде орындалған бұл мүсінде ұрғашы қасқырдың екі ұл баланы емізіп тұрған сәті бейнеленеді. Антикалық дүниетанымда бұл көрініс Ромул мен Ремнің

тағдырымен, Рим мемлекетінің киелі бастауымен тікелей байланыстырылады. Қасқыр мұнда жыртқыш бейне ретінде емес, өмір сыйлаушы, асыраушы, тағдырды жетелейтін қасиетті күш ретінде танылады.

Антикалық өнердегі бұл иконографиялық формула қасқырды қауіпті стихияның көрінісі емес, керісінше құдайлық еріктің жердегі көрінісі, болашақ мемлекеттің дүниеге келуіне себепкер күш ретінде ұлықтайды. Қасқырдың ұрғашы бейнеде берілуі де кездейсоқ емес. Ол аналық бастау, өмірдің үздіксіздігі мен тектіліктің берілуі символы ретінде көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, Капитолий қасқыры көне түркі мифологиясындағы Ашина туралы аңыздармен, қасқырдың тотемдік әрі аналық бастаумен байланысқан бейнесімен типологиялық тұрғыда үндеседі.



19-сурет. «Капитолий қасқыры». Қола. Б.з.д V ғ.



20-сурет. Оралбек Қабөке. «Капитолий қасқыры».

Қасқыр туралы дәл осы мифологиялық желінің заманауи қазақ өнеріндегі көркем интерпретациясын жас суретші Оралбек Қабөке «Капитолий қасқыры» атты кескіндемелік туындысында жаңаша пайымдайды (20-сурет). Алайда, Қабөке классикалық антикалық үлгідегі киелі пафосты әдейі жоққа шығарып, қасқыр бейнесін киеліліктен ажыратылған, тарихи миссиясын мәжбүрлі түрде атқарып тұрған кейіпкер ретінде ұсынады. Оның туындысындағы қасқыр бейнесі асқақ та паң емес, керісінше, ауыр тағдыр жүгін арқалаған, ішкі драмасы бар образ ретінде қабылданады.

Кенептегі қасқырдың дене бітімі мен көзқарасы ерекше мәнге ие. Ол көрерменмен тікелей бетпе-бет келмей, өз ішіне үңілгендей әсер қалдырады. Бұл күй арқылы суретші көне мифтің қазіргі заманғы санадағы қабылдану формасын ашады: қасқыр – енді құдайлық бастау емес, өркениет пен уақыт қысымында өзінің бастапқы мәнінен айрылған архетип. Қасқырдың айналасындағы балалар бейнесі де антикалық нұсқадағыдай өмір салтанатын емес, жауапкершілік пен мәжбүрлілікті аңғартады.

Осылайша Қабөкенің туындысында қасқыр мифтік аналық күштен экзистенциалық кейіпкерге айналады. Бұл тарнсформация – көне тотемдік образдардың бүгінгі мәдени кеңістікте қалай семантикалық өзгеріске ұшырағанының айқын көрінісі.

Суретші қасқырды енді ұлттың немесе мемлекеттің киелі бастауы ретінде емес, өткеннің ауыр жүгін арқалаған бейне ретінде көрсетеді.



21-сурет. Мәлік Өскенбаев.
«Ашина». Мәрмәр. 2021 ж.

Қасқыр бейнесінің әмбебап мифологиялық сипаты заманауи қазақ өнерінде Өскенбаев Мәліктің «Ашина» (2021) атты мәрмәрдан қашалған туындысында ерекше көркемдік шешім табады (21-сурет). Бұл мүсін Капитолий қасқыры иконографиясымен типологиялық ұқсастық орнатқанымен Өскенбаев туындысына түркілік этногенез бен тотемдік дүниетаным контекстінде пайымдалған авторлық интерпретация тән.

Мүсінде қасқыр денесі жинақы, пластикалық тұрғыда жалпылама шешім тапқан. Жыртқыштың басының жоғары көтеріліп, аузы сәл ашылған күйі бейнеленуі оны жай ғана жануар емес, дауысы аспанмен, Тәңірлік кеңістікпен байланыс орнататын киелі бейне ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл ишара қасқыр бейнесін Ашина туралы мифтердегі ата-бабалық, тектілік бастаумен сабақтастырады. Қасқырдың дене бітіміндегі шарттылық пен детальдардың әдейі ықшамдалуы мүсіннің құрылымын балбал тастар мен құлпытастарға тән геометриялық пішінге бағынған декоративті стилизацияланған үлгісілерге жақындатады.

Қасқырдың бауырындағы емшегіне жармасқан баланың бейнесі бір қарағанда мүсінді Рем мен Ромул сюжетімен үндестіргенімен, оның тұлғасы мен бейнелік ерекшеліктері бұл образдың тарихи кейіпкер емес, абстрактылы әрі жинақталған ұрпақ сиволы екенін айғақтайды. Бала мен қасқыр денесінің тұтасып, біртұтас мүсіндік пластикаға бағындырылуы Ашина әулетінің шығу тегі туралы аңыздардағы қасқыр мен адам арасындағы шекараның жойылуын, тектің біртұтастығын меңзейді.

Мүсінші мәрмәр материалын таңдау арқылы туындының мазмұндық жүгін одан әрі күшейтеді. Мәрмәр – антикалық дәуірден бері мәңгілік, уақыттан тыс құндылықтардың символы. Осы материал арқылы мүсінші Ашина мифін уақытша тарихи дерек емес, мәдени жадта сақталған архетип ретінде ұсынады. Ақшыл мәрмәрдың суық реңі қасқыр бейнесін биологиялық тіршілік иесінен алыстатып, оны табиғаттан тыс, киелі бастау деңгейіне көтереді. Ал мүсінді сомдауда қолданылған

декоративтік әрі стилизациялық элементтер (қасқырдың басы мен құйрық жалындағы) туындыны ассоциативті түрде сақтардың көркемдік мұраларымен байланыстырып, тегіміздің түпкі терең қабаттарымен сабақтастық орнатады.

Қасқыр мен бала бейнесінің заманауи қазақ мүсін өнеріндегі тағы бір маңызды интерпретациясы Төлеген Досмағамбетов шығармашылығынан көрініс табады (22-сурет). Автор сомдаған бұл монументалды композицияда қасқыр мен баланың өзара байланысы мифологиялық баяндаудан гөрі, символдық әрі метафоралық деңгейде шешім тапқан. Қасқыр бейнесі мұнда тек тотемдік жануар ретінде емес, ұлттық рухтың, тарихи жадтың және қозғалыстағы күштің көркем баламасы ретінде қабылданады.




22-сурет. Төлеген Досмағамбетов. «Ашина - қасқыр ана». Қола. Саябақтағы мүсін.

Мүсінде қасқырдың дене бітімі аса қуатты, серпінді қимыл үстінде берілген. Алға ұмтылған қадамы, бұлшықеттерінің айқын пластикалық шешімі, басының сәл жоғары көтеріліп, алысқа бағытталуы оны статикалық жануардан тарихи қозғалыстың символына айналдырады. Қасқыр мұнда Ашина мифіндегі аналық асыраушы бейнеден біршама алыстап, көшпелі өркениетті алға бастаушы күш, тағдыр жолын меңзейтін архетип ретінде көрінеді. Қасқырдың үстінде тұрған бала бейнесі композицияның мағыналық өзегін айқындай түседі. Баланың қолын алға созып, бағыт көрсеткен ишарасы – болашаққа меңзеу, ұрпақтың тарихи миссиясын жалғастыру идеясын білдіреді. Бұл жерде бала әлсіз, қорғансыз кейіпте емес, керісінше, қасқырдың қуатына сүйене отырып, бағыт беруші, символдық көшбасшы рөлінде көрінеді. Осы арқылы мүсінші ұрпақ пен ата-баба рухы арасындағы үздіксіз сабақтастықты көркем тілде паш етеді.

Төлеген Досмағамбетов композициясында қасқыр мен бала арасындағы қатынас Өскенбаев Мәліктің «Ашина» мүсініндегі аналық асырау мотивінен өзгеше қырынан ашылады. Егер Өскенбаевта қасқыр – ұрпақты дүниеге әкелуші, тектің бастауы болса, Досмағамбетовта ол – сол тектің қозғалысқа түскен, тарихи жолға шыққан бейнесі. Бұл айырмашылық қасқыр архетипінің қазақ өнеріндегі көпқабатты семантикалық әлеуетін көрсетеді. Композицияның монументалды сипаты да оның мазмұнын тереңдете түседі. Қалалық кеңістікте орнатылған мүсін көрерменмен күнделікті

визуалды диалогқа түсіп, көне мифті қазіргі қоғамдық санаға енгізудің құралына айналады. Осы тұрғыдан алғанда, Досмағамбетов туындысы қасқыр мотивін музейлік немесе тарихи шеңберде қалдырмай, оны қазіргі заманның идеологиялық әрі мәдени символына айналдырады.

Мұнда Ұмайға тән қорғаушылық және жебеушілік қасиет қасқыр бейнесі арқылы жанама түрде сақталып, ал бала бейнесі ұрпақ жалғастығы мен болашаққа бағдар идеяларын өз бойына жинақтайды. Осылайша, қасқыр архетипі аналық бастаудан басталып, тарихи қозғалысқа ұласқан көпсатылы көркем трансформацияның келесі кезеңін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, Төлеген Досмағамбетовтың қасқыр мен бала бейнесіне құрылған мүсіндік композициясы қазақ бейнелеу өнеріндегі Ұмай мен Ашинаға қатысты архетиптердің заманауи кеңістікте қайта мағыналануын, олардың ұлттық рух пен тарихи жадты визуалды тіл арқылы жаңғырту мүмкіндігін айқын дәлелдейді.



23-сурет. Д.Сарбасов. «Ашина туралы аңыз». Қола, алюминий, тері, гранит.

Қасқыр архетипінің қазақ бейнелеу өнеріндегі семантикалық дамуы Данияр Сарбасовтың «Ашина туралы аңыз» немесе «Құртқа» (2015) деп аталатын мүсіндік композициясында жаңа көркемдік деңгейге көтеріледі (23-сурет). Мүсіншінің шығармашылық ізденістеріне өнертанушы Д.С.Шарипова: «Анималистік мүсін модусынан эпикалық баяндау режиміне сананың ауысу мәселесін мүсінші көркем түрде шешеді: ол оның аң мен адамның тіндік бірігуі, сыртқы агрессия мен ішкі сабырлылықтың тоғысуы арқылы визуалды түрде көрсетеді» деп баға береді (Шарипова, 2021:182). Егер алдыңғы ұсынылған авторлардың туындыларында қасқыр бейнесі негізінен этногенетикалық бастау, тотемдік тектілік және ұрпақ жалғастығы тұрғысынан қарастырылса, Сарбасов шығармашылығында ол айқын дараланған әйелдік, аналық әрі мифологиялық тұлға – Құртқа бейнесімен тоғысады.

Мүсіннің пластикалық құрылымында қасқыр денесі ирек, созылыңқы әрі серпінді сызықтарға бағындырылған. Қасқырдың қозғалыс үстіндегі кейпі, иілген арқасы мен шеңберге жуық композициялық құрылымы туындыға үздіксіз айналым әсерін дарытып, уақыт пен тағдырдың тоқтаусыз қозғалыс идеясын білдіреді. Бұл пішіндік шешім қасқырды жыртқыш ретінде емес, мифтік кеңістікте әрекет етуші сакралды кейіпкер ретінде қабылдатуға мүмкіндік береді.

Материалдық және фактуралық шешім де туындының мазмұнын тереңдетеді. Металл бетінің әдейі кедір-бұдыр, өңделмеген күйде қалдырылуы мүсінге архаикалық сипат берген. Бұл шешім Құртқа бейнесін заманауи эстетикадан алыстатып, оны миф пен эпос кеңістігіне жақындатады. Сонымен қатар, қасқырдың дене бітімінде пайда болған сызықтар мен іздер уақыттың, тағдырдың, тарихи жадтың ізі ретінде қабылданады.

Қола, алюминий, тері және гранит тас материалдарының синтезінде ойластырылған композиция бір мезетте әрі статикалы әрі динамикалы сипатқа ие. Тұғыр қызметін атқаратын шағын, төбесі кесілген конус пішінді, жұмсақ қоңыр түсті гранит тастың үстіне автор құс тұяғы іспеттес, аша төрт сирақты жоғарыға қаратылған күрделі пішінді алюминийден құйылған элементті орнатып, оны мүсіндік композицияның мағыналық тұғыры ретінде ойластырып, күрделі шешімге әкелген. Оның үстіне тулақ секілді тері керіліп орналастырылған.

Аша тәрізді төрт сираққа мүсінші қасқыр бейнесін төрт аяғымен нық тұрған күйде ерекше тартылыста сомдаған. Сол арқылы композиция айналмалы үздіксіз шеңбер пішініне еніп, динамикалық қозғалыс тудырады. Ал төрт аяғымен нық орныққан қасқырдың тұрпаты арқылы статикалық мығымдық әсерін береді. Қасқыр мүсіні қоладан құйылып, оның кеуде тұсында дөңгелек ауқымды ойық түріндегі қуыс қалдырылған. Осы қуысқа Д.Сарбасов эмбрионға ұқсас бала бейнесін алюминийден құйып, тегістеп жылтырата өңдеп орналастырған. Бір қарағанда баланың басы мен денесін ғана топшылауға болады, ал жақынырақ барып тамашалағанда оның қол аяқтары сызықтармен тұспалданып берілгенін аңғарамыз. Мүсіндік композициядағы алюминийден құйылған төрт сирақты аша тұғыр тегі қасқырдан тараған түркі халықтарының тамыры тереңде жатқанын меңзеп, тарихи қабаттарға да ишара жасайды. Оның үстіндегі қасқыр түркі халықтарының жаратылуына, таралуына себепкер болған тотемдік архетиптік бейне ретінде сомдалып, пішіндік экспрессивті шешімі, басын төмен сала айбат шеккен болмысы, төрт аяғын нық тіреген орнықты сипаты арқылы Ұмайдың жаратушы, қорғаушы, жебеуші секілді функцияларымен сабақтастырылады.

Ал композицияны ортасынан екіге бөліп тұрған тулақ тәрізді горизонталь тері бүгін мен өткенді, тарих пен мифтің арасын айқындайтын шекара іспеттес. Қасқыр денесінің ішкі бөлігіндегі ойық, қуысты кеңістік композицияның семантикалық өзегіне айналады. Бұл кеңістік бір мезетте аналық құрсақ, жарақат, әрі рухани бос кеңістік ретінде оқылады. Осы арқылы мүсінші құртқа бейнесін тек мифтік кейіпкер ретінде емес, ұрпақ дүниеге келетін, тағдыр қалыптасатын, әрі құрбандық жүзеге асатын кеңістік ретінде ұсынады.

Мүсінші қасқырдың кеуде тұсындағы ойықты құрсақ ретінде қарастыра отырып, санамызда бір уақытта Ұмайдың жатырмен ассоциация жасайтын үңгір ұғымымен де сабақтастық орнатады. Үңгір табиғи тұрақ ретінде алғаш адамзатқа пана болуы арқылы киелі мекенге айналады. Үңгірлерді паналаған адамдар сол жерде ұрпағын өрбітіп, қасиетті мекеннен күш алып отырған. Бұл туралы М.Элиаде өзінің зерттеулерінде әртүрлі тайпалар мен халықтардың дәстүрлі мәдениеті мен діни танымын мысалға келтіре отырып дәлелдеуге тырысады. Ол архаикалық

мәдениеттерде үңгір, жер асты және орталық кеңістік әлемнің «кіндік», эмбриондық бастау, яғни туу мен трансформация орны ретінде қабылданатынын көрсетеді (Eliade, 1959:63-72). Осы секілді көптеген суретшілер өз шығармаларында Көк бөрі бейнесін бейнелеуге ұмтылған. Көк бөрі түркі халықтарының ежелгі арғы тегі ғана емес, сондай-ақ тотемдік жануар ретінде де белгілі. Сол себепті ежелгі түркі халықтарының байрақтары мен туларында қасқыр бейнесі салынып, ол маңызды символдық белгі ретінде міндетті түрде орын алған болатын (Ydyrys, 2026:27).

Дәурен Қастеевтің «Кішкентай император» (2015) атты туындысын көне түркілік иконография және тарихи-мифологиялық контекст аясында талдағанда, Ұмай бейнесінің бұл жерде қасқырдан гөрі тасбақа (биссу, гуй) образына трансформацияланғанын аңғаруға болады (24-сурет). Шығарманың композициялық құрылымында ірі, ауыр, жерге жабыса орналасқан хайуан пішіні тұрақтылық, баяулық және мызғымас қорғаныш сипаттарын алға шығарады. Бұл қасиеттер түркілік дүниетанымда да, жалпы Еуразиялық мифологияда да тасбақаға тән символикалық бергілермен сәйкес келеді.



24-сурет. Д.Қастеев. «Кішкентай император». Кенеп, м.б. 2015 ж.

Көне түркілік дәуірдегі мемориалдық мәдениетте тасбақа бейнесі ерекше мәнге ие болғаны белгілі. Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк сияқты ірі тарихи тұлғаларға арналған бітік тастардың бірқатары тасбақа пішіндес тұғырлардың үстіне орнатылған (25-сурет). (Гумилев, 1967:274; Кляшторный, 1964:153). Бұл дәстүрдің нақты археологиялық дәлелдерінің бірі – Бұғұт жазба ескерткіші (26-суреттер). Аталған ескерткіштің тасбақа бейнесіндегі тұғыры бүгінгі күнге дейін сақталып, түркі мемориалдық иконографиясындағы тасбақаның орныққан рөлін айғақтайды. Мұндай ескерткіштер Моңғолия аумағында кең таралған және олар тасбақаны жердің, тұрақтылықтың, мемлекеттің мызғымас негізінің, сондай-ақ мәңгілік уақыттың символы ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Ол көк пен жерді жалғап тұрған төменгі әлемнің тірегі ретінде қызмет атқарады (Евсюков, 1988:67).



25-сурет. Күлтегін бітіктасы.
Орхон Енисей жазба ескерткіші. 732 ж.



26-сурет. Бұғұт жазба ескерткіші.
Шамамен 581-587 жж.

Дәурен Қастеевтің туындысындағы ауыр, массивті, хайуан денесінің үстіне алаңсыз ұйқыға кеткен сәби бейнесін дәл осы мемориалдық дәстүрмен байланыстыра қарастыруға болады. Бала бейнесі мұнда жай ғана қорғаныш тапқан нәресте емес, мемлекеттің, әулеттің немесе болашақ биліктің иесі ретінде пайымдалуы ықтимал. Осы тұрғыдан алғанда, «Кішкентай» император атауы символдық жүк арқалайды, яғни тасбақа үстіндегі ұйқыдағы бала түркі дәуіріндегі қағандардың бірі туралы ишара болуы мүмкін. Бұл нақты портреттік сәйкестендіру емес, типологиялық, архетиптік ұқсату.

Туындыдағы аналық, қорғаушы, жебеуші функциясы дәл осы тасбақа бейнесі арқылы ашылады. Егер алдыңғы қарастырылған туындыларда Ұмайдың функциялары қасқыр, Ашина, немесе құртқа бейнелері арқылы жүзеге асса, Д.Қастеевте бұл қызмет қозғалыссыз, үнсіз, бірақ бәрін көтеріп тұрған тасбақа образына ауысқан. Бұл Ұмайдың ғарыштық, жерлік және мемлекеттілік сипаттарының бір нүктеде түйісуі.

Сонымен қатар, көне түркі дәуіріндегі тас стеллаларда баланы емізіп тұрған қасқыр бейнесінің бедерленуі де белгілі. Бұл мотив Күлтегін ескерткішінің жоғарғы бөлігіндегі және Бұғұт жазба ескерткішінің фрагменттерінде сақталған рельефтік бейнелер арқылы дәлелденеді (26-сурет). Ескерткіштің бізге сынық күйде жеткеніне қарамастан, осы фрагменттер қасқырды асыраушы ана ретіндегі рөлін айқын көрсетеді. Мұндай бейнелер қасқырды өмір сыйлаушы, ұрпақ жалғастырушы аналық бастау ретінде танытып, қасқырды Ұмаймен қатар Көкбөрімен сәйкестендіріп Көк Тәңірін тұспалдағандай әсер қалдырады. Ал, оның астындағы тасбақа тұғыр қорғаушы, тұрақтандырушы негізді білдіріп, Ұмайдың жерлік қырын ашып, таулардың пірі, Жер-Су құдайы деген екінші атауының мағынасымен сабақтасады. Ал осы тасбақа үстіне орнатылған жоғарғы жағында бала емізген қасқырмен аяқталатын ортасында көне жазулар жазылған стелла аспан мен жердің ортасындағы тіреу, көкті тіреп тұрған баған (мүмкін өмір дарағы) секілді қабылданады.

Дәурен Қастеевтің «Кішкентай император» туындысында осы екі иконографиялық деңгей – қасқырлық (аналық, өмір сыйлау) және тасбақалық (қорғау, тұрақтылық,

мемлекеттің іргесі) – бір бейнелік құрылымда синтезделіп, жаңаша көркемдік форма мен баяндау тілінде ұсынылғанай әсер қалдырады.

4. Зерттеу нәтижесі

Ұмай архетипі түркі дүниетанымында ұрпақ жалғастыру, береке-молшылық, аналық және қорғаушылық функцияларды тоғыстырған сакралды тәңір-ана бейнесі ретінде қалыптасқан. Тәңірі-Ұмай дуализмі оны жерлік кеңістік пен табиғаттың шығармашылық бастауы, әрі қорғаушы күш символы деңгейіне көтеріп, Ақ Ұмай және Қара Ұмай түріндегі екіұдай сипатын айқындайды. Ұмайға тән атрибуттар – садақ-жебе, каури, үңгір бейнесі – қорғау, туу және сакралды кеңістік ұғымдарын біріктіретін тұрақты мифологиялық-символикалық жүйе ретінде қызмет атқарады.

Көне түркі тас мүсіндеріндегі үш мүйізді тәж Ұмайдың негізгі иконографиялық коды саналғанымен, оның әлеуметтік, діни және ритуалдық мағынасына қатысты ғылыми интерпретациялар сан алуан. Қазақ кәсіби бейнелеу өнерінде Ұмай бейнесі XX ғасырдың соңында, әсіресе тәуелсіздік кезеңінде қайта жанданып, дәстүрлі культтік образдан көпқабатты, символдық әрі сыни тұрғыда қайта пайымдалған архетипке айналды. Суретшілер Ұмай архетипін сакралды ұлықтау, психологиялық-символикалық талдау, тарихи артефактке сүйенген реконструкция және таңбалық жалпылау сияқты әртүрлі көркемдік стратегиялар арқылы интерпретациялады.

А.Есдәулетов шығармашылығында Ұмай архетипі деформация мен бетперделік форма арқылы сыни трансформацияға түсіп, киелілiктің жойылуы мен тарихи жадтағы үзіліс мәселесін көтереді. Қасқыр-Ашина-Құртқа және тасбақа бейнелері арқылы Ұмайдың аналық, қорғаушы және мемлекеттілік функциялары қазіргі мүсін өнерінде жаңа иконографиялық деңгейде қайта оқылады. Нәтижесінде Ұмай бейнесі қазақ кәсіби бейнелеу өнерінде дәстүрлі культтік образ шеңберінен шығып, архетиптік негізін сақтай отырып, үнемі жаңарып отыратын заманауи мәдени феномен ретінде орнығады.

5. Қорытынды

Қазақ кәсіби бейнелеу өнеріндегі Ұмай бейнесінің көркемдік трансформациялары түркілік мифологиялық бастаудан қазіргі мүсін және кескіндеме кеңістігіне дейінгі тарихи-мәдени сабақтастықта қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде Ұмайдың бастапқы сакралдық функциялары кәсіби бейнелеу өнерінде әртүрлі пластикалық, иконографиялық және символикалық кодтар арқылы қайта жасалып, жаңа мағыналық қабаттарға ие болатыны анықталды.

Көне түркілік дәуірдегі антропоморфты әйел мүсіндерінің сирек кездесуі, әсіресе үш мүйізді бас киімді әйел бейнелерінің мемориалдық кешендермен байланысы, Ұмайдың танымды белгілерінің тарихи негізін айқындады. Сонымен бірге үш мүйізді тәждің семантикасы жөніндегі ғылыми пікірлердің әрқилылығы Ұмай бейнесін бірмәнді түсіндіру мүмкін еместігін, оның көпқабатты мәдени феномен екенін көрсетті.

Қазақ кәсіби бейнелеу өнеріндегі Ұмай тақырыбы XX ғасырдың соңында қайта жанданып, тәуелсіздік кезеңінде кең өріс алды. Бұл үдеріс суретшілердің көне түркілік дүниетанымға жаңа көзқараспен оралуымен, ұлттық жадыны жаңғыртуға бағытталған көркемдік стратегияларымен сабақтас. Б.Әбішев, Б.Бапишев, Ж.Тәкен, С.Смағұлов шығармаларында Ұмай бейнесі бірде дәстүрлі сакралды атрибуттар арқылы ұлықталса, бірде символикалық жүйеге ауысып, қазіргі адамның мазасыздығы мен тарихи жадтағы үзілісті білдіретін метафоралық образға айналады.

А.Есдәулетов шығармашылығында Ұмай архетипі ең күрделі трансформацияға ұшырайды: бетперделік образ, деформация, танымдылықтың жоғалуы арқылы ол киеліліктің әлсіреуін, мифтік сана мен қазіргі қоғам арасындағы арақашықтықты білдіретін сыни пластикаға айналады. Сонымен қатар «Домалақ ана» туындылары арқылы Ұмай архетипі қазақ мәдениетіндегі тарихи тұлғаланған киелі аналық бейнемен және христиандық, солярлық культтер символикасымен қабаттасып, аналық киелілік әмбебап мәдени кеңістікте қайта оқылады.

Зерттеу көрсеткендей, Ұмай бейнесі кәсіби бейнелеу өнерінде бір ғана иконографиялық үлгімен шектелмейді: ол түйе, қасқыр, сиыр, ыдыс, бетперде, нимб, сакралды шеңбер, үңгір-құрсақ және мемориалдық тұғыр сияқты бейнелік құрылымдар арқылы үнемі қозғалыстағы архетип ретінде көрінеді. Демек, Ұмай бүгінгі қазақ өнерінде этнографиялық реконстукция нысаны емес, тарихи жадты қайта құрайтын, мәдениеттер тоғысында жаңаша мәнге ие болатын, аналық және қорғаушы бастау идеяларын біріктіретін көпқабатты көркем феномен ретінде танылады.

Әдебиеттер:

1. Гумилев Л. Ежелгі түркілер. – М.: Наука, 1967. – 501 б.

2. Евсюков. В. Ғалам туралы мифтер. - М.: Ғылым 1988. – 177 б.

3. Кляшторный, С. Үйғыр қағанатының руникалық ескерткіштері және Еуразия даласының тарихы. – СПб.: Петербургское востоковедение, 2010. – 328.

4. Кляшторный, С. Орта Азия тарихы бойынша дереккөз ретіндегі ежелгі түркілік руникалық ескерткіштер. – М.: Наука, 1964. – 215 с.

5. Котов В. Г. Әйел құдайы Умай/Хумай: салыстырмалы сипаттама // Алтай мемлекеттік университетінің жаңалықтары №4-2 (68),(2010. – 111-114 б.

6. Кубарев Г. Орталық Алтайдағы Ашпияктадан шыққан Ежелгі мүсіндер (ежелгі түріктерден әйелдер ескерткіштерін оқшаулау мәселесіне) / Еуразия археологиясы, этнографиясы және антропологиясы. Т. 45. №1, 2017 – 93-103 б.

7. Күчүк М. Түркі мифтеріндегі аналық аспектісі: функционалдық талдау. // Милли Фольклор, 2020, №126. 27-39 бет. https://izlik.org/JA97RW58PN

8. Николаева Д. Байкал түбегіндегі бурят дәстүрлі мәдениетіндегі әйел құдайы // А.И. Герцин атындағы Ресей мемлекеттік педагогикалық университетінің жаңалықтары. «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар» сериясы, № 123, 2010. – 245-255 б.

9. Потапов Л. Ежелгі түркі гениологиялық аңыздарындағы діни нанымдардың элементтері //Кеңес этнографиясы. – №5. 1991, – 3-13 б.

10. Рогожинский А. Қазақстан мен Орта Азияның қола дәуірінің бейнелеу дәстүрлері контекстіндегі Тамғалы қаласынан шыққан «күнбасты» жартастағы бейнелер // Қырғызстан археологиясы бойынша материалдар мен зерттеулер. Т.4. – Бішкек: Ілім. 2009. – 7 44 Б. 53-65 б.

